

Ш. Т. САУДАНБЕКОВА

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАСЫ

Оқу құралы




Ш. Т. Сауданбекова

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ
ЖӘНЕ ПРАКТИКАСЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2016



ӘОЖ 81' 25(075.8)
КБЖ 81.2 – 7я73
С 24

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
шығыстану факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор *Сафронова Л.В.*
филология ғылымдарының докторы, профессор *Пак Н.С.*
PhD докторы *Садығұл Е.*

Сауданбекова Ш. Т.

С 24 Аударма теориясы және практикасы: оқу құралы.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016 – 91 б.
ISBN 978-601-04-1004-6

Оқу құралы жоғары оқу орындарында шет тілдерін оқып жүрген шығыстанушы, әсіресе аударма ісі мамандығының студенттеріне арналған.

Оқу құралының басты мақсаты шет тілдерін үйреніп жүрген аудармашыларды дайындаудың теориялық және практикалық негізімен, аударманың тілдік теориясындағы негізгі қағидаларымен таныстыру және практикалық техникасы сияқты кәсіби дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

ӘОЖ 81' 25(075.8)
КБЖ 81.2 – 7я73

ISBN 978-601-04-1004-6

© Сауданбекова Ш. Т., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

КІРІСПЕ

Бұл оқу құралы жоғары оқу орындарында шет тілдерін оқып жүрген шығыстанушы, әсіресе аударма ісі мамандығының студенттеріне арналған. Оқу құралының басты мақсаты шет тілдерін үйреніп жүрген болашақ аудармашыларды дайындаудың теориялық және тәжірибелік негізін, болашақ шығыстанушы мамандарды аударманың тілдік теориясындағы негізгі қағидаларымен таныстыру және практикалық техникасы сияқты кәсіби дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Аударма дегеніміз не, аударманың негізгі аспектілері қандай, аударма кезінде қандай мәселелер мен қиыншылықтар туындайды деген сауалдарға осы оқулықтан жауап алуға болады.

Аударманың теориясы мен практикасын оқып үйрену арқылы студент аударма қызметінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсінеді. Сонымен қатар бұл оқу құралы лингвистикалық саладағы қажетті білімді қамтамасыз ете алады. Мәдениетаралық коммуникация және шығыстанушыларды дайындау бағытындағы оқу жоспарында белгіленген тағы да басқа бірқатар пәндерге де қолданылады.

Аударма қызметіндегі маңызды болып табылатын тіл, ойлау және қоғам арасындағы байланыстардың заңдылықтарын ашып көрсету арқылы студенттердің дүниетанымын кеңейтуге, аудармашылық дағдыларды қалыптастыруға және аудармашының нақты тәжірибелік қызметі мен жалпы теориялық білімі арасындағы алшақтықты барынша жақындатуға көмектеседі.

Оқу құралы орыс зерттеушілері В.С. Гривнин, А.В. Федоров, В.Н. Комиссаров, М.А. Мишина, В.А. Головин, т.б. Ә. Тарақов сияқты отандық аударматанушылар мен жапондық ғалымдардың еңбектері негізінде жазылды.

1-тарау

АУДАРМА ЖӘНЕ АУДАРМАШЫ

Аударма және аударма теориясының тарихы

Аудармаға қарапайым мағынада екі балама беруге болады. Біріншісі, мәтін; екіншісі, үдеріс. Алғашында, аудармашы кәсіби аударма ісінің нәтижесі, үдерісі ретінде қарастырмақ болған. Бірақ нәтиже мен үдерістің қайсысына баса назар аударылуы керек? Аударма үрдісі біздің санамызда өтіп жататындықтан, біз оны бақылап отыра алмаймыз. Аударма үдерісі туралы оның ақырғы нәтижесін салыстырып көру арқылы ғана бағалай аламыз. Яғни аударма мәтінін түпнұсқамен салыстырып белгілі бір қорытындыға келеміз. Нәтиже мен үдеріс бұл күрделі халықаралық байланыстың бір бөлігі ғана. Жалпы алғанда, коммуникация, яғни араласу, адамдар арасында ой, көзқарастың алмасуы болып табылады. Тілдің өзі адамдар арасында осы қарым-қатынас, коммуникация, көзқарас пен күнделікті әңгімелесуге қабілеттілікті береді. Аударма әртүрлі тілдерде сөйлейтін адамдардың тілдесіп, пікір алмасуын, тілдік қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сала болып табылады.

Аударма өздігінен өмір сүрмейді. Ол тілдік қатынасты жүргізетін көмекші құрал сынды. Әртүрлі тілде сөйлейтін топтың байланысын орнатады. Басқаларға белгілі бір ойды жеткізу мақсатында жазылатын автор мәтіні болады. Бір тілден екінші тілге аударылғанда екі тілдің өкілінің бірін-бірі ұғынуына айтарлықтай қиындықтар тудыруы мүмкін. Сондықтан аударма кезінде барлық шарттар орындалып жүйеленуі тиіс. Біріншіден, екі адам да бір тілді жетік білуі тиіс; Екіншіден, лингвистикалық және өмірлік

тәжірибе мол болуы қажет. Бір тілде жүргізілетін баяндамалар әртүрлі тәсілдерді қолданып, жүзеге асуы мүмкін. Баяндама бөліктермен, түпнұсқа мәтініндегі қысқа фразалармен айтылуы да мүмкін. Тіпті, жалпылауыш сөздердің қолданысымен беріліп, реферативтік мазмұнға сай келуі де ұшырасады.

Аударма ісінің басқа ақпарат беру құралдарының түрлерінен айырмашылығы – ақпарат берудің толық мәнде болуы мен дәл мағынасында жеткізілуінде.

Аударма бұл адамзат қоғамындағы күрделі әрі көпқырлы саланың бірі болып табылады. Әдетте аударма бір тілден екінші тілге жеткізу деп айтылса, шындығында аударма үдерісі кезінде тек бір тілден екінші тілге аудару ғана емес, сонымен қатар аударма кезінде әртүрлі мәдениет, әдебиет, кезең, әртүрлі салт дәстүрлер мен қағидалар, даму деңгейлері ұшырасады. Аударма ісіне қызығушылар арасында мәдениеттанушылар, тарихшылар, әдебиеттанушылар да бар. Көптеген ғалымдардың көзқарастарына сүйенсек, аударма үдерісі кезіндегі тілдік бірліктер әуен шығару кезіндегі нотаны білу сияқты үлкен мағынаға ие. Жалпы алғанда, аударманы тек лингвистика саласы қамтиды деп айта алмаймыз, аударманың қағидаларына сүйенбей, тілдік бірліктерді дұрыс қою арқылы сөйлем жасау жеткіліксіз. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін аударма саласы кеңейе түсіп, синхронды аударма, кинофильмдер аудармасы, радио теле бағдарламалар аудармасы сынды түрлері кең етек ала бастады. Сол кездегі аударылған кітаптардың санының өсуі, сонымен қатар әртүрлі ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар шеңберінде кең көлемді ресми жазба аудармалар жүргізіле бастады. Лингвистердің бұл мәселеге көңіл аударуы да маңызды рөл атқарған. Бұл аударма ісінің сапалық жағынан өзгеруі еді. Бүкіл әлемде көркем әдеби шығармалардың саны артса да маңызы мен көлемі жағынан ғылыми-техникалық қоғамдық-саяси, экономикалық заң терминдері аудармасы сияқты аудармалар алдыңғы орынға шықты.

Аударма – бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл, әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік қимыл. Қазіргі таңда дүниеде 2796 тіл бар екенін ескерсек, аударма қызметінің қаншалықты маңызды екенін білеміз. Аударма – халықтар арасындағы тәжірибе алмасудың дәнекері.

Аударма теориясының объектісі – аударма, ал міндеті – аудармадағы әртүрлі құбылыстарды реттеп, сұрыптап жинақтай

отырып, оларды практикаға жетекшілік ете алатын теория деңгейіне көтеру. Ал аудармашылар болса, осы теория негізінде, аударма үдерісі барысында кездесетін әртүрлі нақтылы мәселелерді жан-жақты дұрыс шешуі қажет. Аударма теориясы үздіксіз кемелденіп отырады. Түп төркіні аударма практикасынан келіп шыққан аударма теориясы үдерісіне жетекшілік ету барысында тағы да үздіксіз жетіліп, толықтанып, дамып отырады. Бүгінге дейінгі аударма теориясының жетіп отырған деңгейінің дәуірлік шектеме-лігі бар деуіміз де сондықтан. Аударма дегеніміз екі тілге қатысты әрекет болғандықтан, аударма теориясын зерттеу жұмысы да сол тілдердің тұлғасына тығыз байланысты. Екі тілдің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктерін қатар қарастырады. Аударма теориясының міндеттері: 1) тіл ғылымын негізге ала отырып, түпнұсқаны лексика, грамматика, стилистика, логика жақтарынан салыстыра зерттеп, екі тілдегі ұқсастықтары мен ерекшеліктерін тауып шығып, оларды терең зерттеп, аудару тәсілін жан-жақты қарастыру; 2) осындай салыстыру принципі негізінде аударма үдерісі кезінде кездескен алуан түрлі мәселелерге жан-жақты талдау жүргізіп, дұрыс қорытынды шығарып, оларды бейнелеу тәсілін қарастыруды негіз ету; 3) теорияның практикаға жетекшілік ету рөлін қарастырып, аударма нұсқасында әділ баға беріп, аударма сапасын үздіксіз жоғарылату.

Аударма теориясының тарихы

Аударманың тарихы өте тереңде. Сонау заманда тілдер бөлініп, түрлері көбейе бастаған уақытта, бірнеше тілді білетін адамдар екі түрлі қоғамның арасында дәнекер болған. Бірақ аударма теориясы ғылым болып тек XX ғасырда қалыптасты. Оның басты себептеріне халықаралық қатынастың дамуы, халықаралық деңгейдегі тәжірибе үшін айырбастардың дамуы жатады. Дж. Стейнер аударма тарихын негізгі төрт кезеңге бөлген. Олар – 1791 жылға дейін аудармашылардың өздерінің эмпирикалық ой-тұжырымдарын жасау кезеңі. 1946 ж. – аударма теориясының пайда болуы, аударматанудың терминологиясы мен методологиясының қалыптасу кезеңі. XX ғасырдың 40-жылдары – құрылымдық лингвистика, коммуникация теориясының пайда болуы. Қазіргі пәнаралық зерттеулер кезеңі. Аударма – өте көне мамдықтардың бірі. Алғашқы уақытта ауызша аударма жүргізіліп келсе, жазудың

пайда болуынан бастап жазбаша аударма дамыды. Яғни жазбаша түрінің дамуы өзге елдің мәдениеті мен әдебиетін танып білуде маңызды болды. Бірақ ол өз заманына сай, дұрыс қарым-қатынас жасауға мүмкіншіліктер берген. Кезінде Реформатский деген ғалым аударма теориясының жеке ғылым болуына қарсы болған. Бірақ сол кезден бастап қоғам осы пәннің пайда болуына түрткі болды.

Жалпы, аударматану кезеңін XX ғасырдың ортасына дейінгі және XX ғасырдан ортасы – қазіргі уақыт деп бөлеміз.

II дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде үлкен ақпараттық жарылыс болды, яғни техникалық, ғылыми, әдеби ақпараттар әлемге таралды. Көптеген халықаралық жиын, симпозиум өткізілді, БҰАҚ-дан мағлұматтар таралды, туризм дамыды. Әрине, бұл аударма нәтижесінде жүзеге асып отырды. Аудармашылардың аударатын құжаттары мен ақпараттар көлемі көбейе түсті.

Тақырып бойынша пысықтау сұрақтары:

1. Аударма теориясының тарихы?
2. Аударма ісінің басқа ақпарат беру құралдарының түрлерінен айырмашылығы?
3. Аударманың салыстырмалы талдау жолдары
4. Аударма теориясының түсінігі.
5. Аударма теориясының негізгі міндеттері.
6. Аударма теориясының объектісі дегеніміз не?
7. Жалпы аударматану кезеңдері қалай бөлінеді?

Аудармашылар және оларға қойылатын талаптар

Аударма мамандығы – өте ертеде пайда болған мамандықтардың бірі. Әртүрлі тілдік тайпалардың шығуынан бастап, аудармаға деген сұраныс пайда болды. Ең алғашқы аудармашылар әйелдер болған. Себебі сол кездегі қоғамда ерлер өзге тайпаның қызын алып қашып, үйлене алатын болған және әйелге сол тайпаның тілін үйренуіне тура келетін. Осылайша, әйел адам екі тайпаның арасындағы қарым-қатынас дәнекершісі болған. Тіпті, ерте кездегі Вавилонда арнайы аудармашылар тобы, ал Египетте аударманы үйрететін мектептер де болған дейді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін адамдар мен халықтар арасында бір-бірімен ақпараттық алмасу қатынасы күрт көбейді. Бұл құбылыс дүние жүзінде аударма ісі қызметінің қолданылу аясын кеңейтті.

Аударма ісінің жаңа түрлері пайда болды: синхронды аударма, кинофильмдерді дыбыстау, радиохабар, телехабарлама аудармалары. Көп мөлшерде аударылған кітаптардан басқа, ауызша және жазбаша аударылған материалдар жиынтығы әртүрлі ұйымдар мен мекемелерде қолданыла бастады. Аударма ісімен тек кәсіби аудармашылар ғана айналыспады, бұл іспен басқа да мамандық иелері, шетел тілдерін білетін инженер, кітапханашылар, елшілер, хатшылар (референттер), мұғалімдер, ақпараттық орталық мамандары да айналыса бастады. Осыдан кейін аудармашыларды даярлап шығарудың қажеттілігі туды. Ендігі жерде кәсіби аудармашыны бұрынғыдай «жекелеп оқыту» деп аталатын әдістемесі бойынша даярлау қажеттілігі болмай қалды. Бұрынырақ аталған әдіс бойынша бір тәжірибелі маман бірнеше оқушыны даярлай алушы еді, осылайша оны аудармашы шеберлігінің қыр-сырымен таныстыратын. Дүние жүзінің барлық елдерінде аударма ісі, аудармашылар мектептері ашыла бастады. Университеттерде арнайы факультеттер, тағы да басқа оқу орындары пайда болды. Енді осыған сай оқу жоспары мен бағдарламалар жасаудың қажеттілігі туындады. Аудармашылық қызметтің бұрын-сонды болмаған аясының кенеюі және кәсіби аудармашы мамандарды даярлау аударма құбылысына (феноменіне) жаңаша көзқараспен қарауды, оны жан-жақты оқып үйренуді қажет етті. Лингвистердің аударма мәселесіне ден қоюында үлкен рөл атқарған жайт аударма қызметінің сапасы жағынан өзгеруі болатын. Әлі де болса әлем бойынша ең көп аударылған көркем әдеби шығармалар болса да, бірінші орынға сан жағынан да, сапа жағынан да көркем-әдеби емес ақпараттық аудармалар шықты. Оларға ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси, экономикалық, заң ісіне байланысты аудармаларды жатқызуға болады. Аудармашылықтың ең негізгі мәселесі көркем шығармаларды түпнұсқаның әдеби-эстетикалық болмысын және автордың өзіне ғана тән ерекшелігін сақтап аудару болса, ақпараттық аудармада лингвистика жағынан қиындықтар кездесті. Бұл жерде аударылған мәтіндер жиі анонимді түрде аударылды, жалпы стандарттық тілде жазылды, жеке авторлық ерекшеліктері ескерілмеді, аударма мәселелері екі тілдің бірлігіндегі ерекшеліктері мен маңыздылығы жағынан анықталды.

XX ғасырдың II жартысында лингвистика өзінің ғылыми бағытын түп тамырымен өзгертті. Формальды тіл құрылымын (структурасын) оқып үйренуде үлкен жетістікке жеткен лингвистер өздерінің зерттеу объектілерінің аясын едәуір кеңітті, бұған макролингвистиканың біраз мәселелерін қосты, бұл ретте бірсыпыра сұрақтар қаралды, тілдің қоғаммен байланысы, ойлау мен әрекет, лингвистикалық және экстралингвистикалық аспектілер ұйымдастыру тәсілдері мен адамзаттың қоғамға ақпаратты беру, т.б. Тіл туралы ғылымда маңызды орын алған мәтін мен ауызекі сөйлесу құрылымының мазмұнын зерттеу жұмысы болды. Бірсыпыра жаңа лингвистикалық пәндер тізбегі бой көтерді. Атап айтқанда, психоллингвистика, социоллингвистика, рагмаллингвистика, мәтін лингвистикасы, сөйлеу әрекетінің (актісінің) теориясы, когнитивті лингвистика, т.б. Тілшілердің қарастыратын зерттеу әдістерінде тілдік бірліктің көмегімен ақпарат алмасудың қалай іске асатындығы, сөйлеу әрекетінің дәлдігі, түрлі жағдайдағы қарым-қатынас дәлдігі қарастырылған. Мұндай лингвистикалық жолмен аударма ісін оқып үйрену мүмкіндіктерінің едәуір өзгергенін көрсетті.

Аударма ісін оқып үйренуде тілшілер тек лингвистика теориясының қомақты үлес қосатынын біліп қана қоймады, керісінше аударманың да лингвистикаға соншалықты үлес қосатынын анықтады. Аудармалар тіл туралы өте құнды ақпарат көзі болды, тіл аударма ісінде маңызды рөл атқарды. Қазіргі таңда аудармашылық іс-әрекет өте көп мөлшерде жүзеге асып жатыр, сондықтан екі тілдегі мәтіндер мен сөйлеуде ауызекі немесе коммуникативті теңестірулер өзіндік лингвистикалық тәжірибе жүзінде жүзеге асады. Бұл жерде тілдік бірлікті қолдануда екі тілдің ұқсастығы мен өзгешеліктері ескеріледі, осыған байланысты тілдің өзіне тән құрылымы мен сол тілдің ауыз екі сөйлесуде іске асуындағы ерекшеліктер байқалады, бұрынырақ бұл өзгерістер тілді зерттеу әдісінде назардан тыс қалып қоятын. Аударманың лингвистикалық теориясының дамуына қосалқы күш болған нәрсе машиналар арқылы аударма жасау жүйесін құру болды. Тез арада басып шығаратын электронды-есептегіш машиналардың пайда болуы үлкен сенім ұялатты. Барлық аударманы тез және арзан бағаға аударып беретін компьютерлер аудармашының орнын басты. Компьютерлер шифрленіп қойған, яғни жасырылған хабарламаларды аударуда нәтижелі қолданылды, тілдің көмегі-

мен шифрленген түпнұсқа да аударылды. Машинамен аударылған алғашқы аудармалар айтарлықтай нәтиже бермеді, бірақ жаңа дәуір компьютерлері үлкен көлемде еске сақтау қабілетімен бұл жұмысты еш қиындықсыз атқарады деген сенім болды. Алайда уақыт өте келе машинамен аударылған аудармалардың негізгі мәселелері оның есте сақтау қабілетімен байланысты емес екендігі анықталды. Бұл қиындық машиналарға аударма кезінде кездесетін қиындықтарды адам сияқты жеңіп шығатын программаның енгізілмегенінен болды. Осы жерде адам аударманы қалай сәтті жасайды деген сұрақ туды, бұған ешкім жауап бере алмады, өйткені аударма кезіндегі адам қабілетінің ерекшелігі түпкілікті зерттелмеген еді. Сондықтан машинаның көмегімен пайдаланатын көптеген лингвистер енді өздерінің назарын аударманы аударатын адамдардың қабілетін зерттеуге аударды, осы жерден машина мен аударуда кездесетін қиындықтарды жеңетін амалдар іздеді.

Бүгінгі таңдағы жаңа бағдарламалы машиналар кез келген мәтінде адам сияқты өте сапалы және мазмұнды аударма алмайды. Оның үстіне машинамен аудару тек үш жағдайда ғана жүзеге асады. Біріншіден, бағдарлама тек өте қысқа мәтінді аударуға жасалады, стандартты формада, оның өзі лексикалық және грамматикалық құрамы шектелген мәтіндер. Екіншіден, машина үлкен көлемді мәтіндерді сапасыз аударып береді, содан кейін бұл мәтіндердің көркемдік ерекшеліктерін сақтап қалу үшін және сапалы да нақты аударма беру үшін аудармашыға қайтадан жұмыс істеуге тура келеді. Үшіншіден, бұл жұмысқа редактор қосылады, ол мәтінді аудармаға дайындайды, машинаға қиындық келтіретін жерлерін өңдейді немесе машина аударған аударманың қатесін жөндейді, нақты емес жерлерін түзетеді. Сөйтіп, редактор-аудармашы аудару үшін ойланады, толғанады. Субъективті фактор да маңызды рөл атқарды. Аудармамен айналысатын факультеттер университет пен институттарда ашылды, болашақ аудармашыларды дайындаумен шет тілдері факультетінің оқытушылары ат салысты, филологтар мен лингвистер де қалыс қалған жоқ. Өйткені олар, ең алдымен, аудармашылық қызметтің теориялық басымдылығын ойлау керек екенін түсінді және осы жағдайды өздерінің ғылыми әдіс-тәсілдерімен шешуге тырысты.

Аударма және аударма үдерісі

Аударма бұл адамзат қоғамындағы күрделі әрі көпқырлы саланың бірі болып табылады. Әлбетте, аударма бір тілді екінші тілге жеткізу деп айтылса, шындығында аударма үдерісі кезінде тек қана бір тілден екінші тілге аудару ғана емес, сонымен қатар аударма кезінде әртүрлі мәдениет, әдебиет, кезең, әртүрлі салт дәстүрлер мен қағидалар мен даму деңгейлері ұшырасады.

Аударма ісімен қызығушылар арасында мәдениеттанушылар, тарихшылар, әдебиеттанушылар да бар. Әр түрлі пікірлерге сүйенсек, аударма үдерісі кезіндегі тілдік бірліктер әуен шығару кезіндегі нотаны білу сияқты үлкен мағынаға ие. Жалпы алғанда аударма лингвистикалық қана операция емес, яғни тілдік бірліктердің өзі аударма теориясы кезінде жеткіліксіз. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін аударма саласы кеңейе түсіп, синхронды аударма, кинофильмдер аудармасы, радио теле бағдарламалар аудармасы сынды түрлері кең етек ала бастады. Аударылған кітаптардың саны өсіп, әртүрлі ұйымдар мекемелер, кәсіпорындар шеңберінде кең көлемді ресми жазба аудармалар жүргізіле бастады. Лингвистердің мұндай мәселеге көңіл аударуы да маңызды еді, яғни бұл аударма ісінің сапалық жағынан өзгеруі болатын. Бүкіл әлемде көркем әдеби шығармалардың саны артса да маңызы мен көлемі жағынан ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси, экономикалық-заңи аудармалар алдыңғы орынға шықты.

Аударма үдерісі екі кезеңнен тұрады. Біріншісі – аударылатын материалды түсініп, ұғыну, екіншісі – аудару кезінде түпнұсқа мәтінді жеткізудің арнайы жолдарын таба білу. Түсінудің өзі Литвиненканың айтуы бойынша, төмендегідей этаптарға бөлінеді:

1) синтаксистік қатар мен лексиканы түсіну. Бұл күрделі фразаларға қатысты. Сөз бен сөз арасындағы синтаксистік байланысты түсіну барысында сөздердің лексикалық мағынасын айқындаймыз, фразға бөлу әдеттегідей жүруі тиіс: бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, т.б.;

2) заттық түсіну. Аударылатын фразаны анықтап алу үшін оның ішкі мазмұнын, оны құрайтын бөлікті ұғыну керек;

3) логикалық түсіну, бұған лексикалық және заттық түсіну кіреді, басқаша айтқанда, фразаның мағынасы мен ішкі мазмұнын ұғына аламыз, осы жағдайда ғана дәлме-дәл аударма түріне жетуге болады;

4) айқын көрінбеген нәрсені де түсіну, бұл жағдайда автор сөзбен емес, интонациямен берілген нәрсені де ұғыну, әлбетте аударма кезінде де ол сол қалпын сақтауы тиіс. Автордың сөзін айқындау түсіндіруді қажет етпейді;

5) экспрессивті фразаларды түсіну. Юмор, ирония, сарказм, әжуа, қуаныш экспрессияның барлық түрі аударма кезінде түсінікті әрі максималды түрде дәл жеткізілуі керек;

6) критикалық түсіну. Мағыналық экспрессивтік мазмұны жағынан түсіну арқылы автордың позициясын, оның ойын, айтқысы келген нәрсесін түсініп, бағалау қабілетіне ие бола аламыз, яғни бұл – автормен келісу немесе оны сынау сияқты мүмкіндіктер. Осылай түпнұсқаны талдаған соң аудармашы аударуды, яғни түпнұсқа мазмұнын жеткізуде лексикалық және грамматикалық жеткізу құралдарын таңдауды бастайды.

Аударманың міндеттері

Аударма – бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл, әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік қимыл. Өзге тілдегі мәтіннің мағынасы жағынан жақын етіп, екінші бір тілге аудару – ең бірінші маңызды міндет. Оны эквивалент деп атайды. Егер аудармашы түпнұсқа мәтіні мен аударылған мәтіннің арасындағы қарым-қатынасты білсе, өзге тілге ақпарат та максималды дұрыс берілетін болады. Әрине, сөздердің қолданылуы аудармашының білім деңгейі, тапқырлығы, шығармашылық мүмкіншіліктеріне байланысты. Яғни аудармашы аударма жасау кезінде эквиваленттік бірліктердің элементтерін дұрыс қолдана алу сынды қиын мәселені шешеді. Сол кезде ғана екі тілде тең дәрежеде қарым-қатынас орнайды. Жалпы аударма жасау кезінде, өзге елдің психологиялық ерекшеліктерін ескеру керек. Яғни біздің тілде, біздің санамызға түсінікті сөздер, басқа елге мүлдем түсініксіз болуы мүмкін, соларды дұрыс жеткізу, бір тілден екіншісіне максималды түрде жақын аудару, мәдени ерекшеліктерін ескеру.

Аударманың ең алғашқы пайда болған түрі – ауызша аударма. Уақыт өте келе жазудың пайда болғанынан кейін жазбаша аударма түрі енгізілді. Ең алғашқы ауызша аудармада көпшілікке әйгілі кітаптар мен діни кітаптар аударылған еді және де аударманы дәл жасауға тырысқан. Яғни жалпы мағынасын аударып қоймай, түпнұсқаны нақты сөзбе-сөз аударған. Зат есімді зат есім ретінде,

етістікті етістік ретінде аудару маңызды. Жалпы, ауызша аударма өзгесімен салыстырғанда біршама жеңілрек. Себебі ауызша аударманы сөзбе-сөз емес, жалпы мағынасына байланысты аударуға да болады. Аударматануға байланысты өте көп кітаптар жазылған, онда түрлі стратегия, үйрену жолы, т.б. көп мәселелер қарастырылады.

Қазіргі таңда жасалынатын аударманың санын анықтау мүмкін емес. ЮНЕСКО-ның зерттеуі бойынша күніне 100-ден астам кітап аударылып отырады екен. Бұл тек тіркелгендер саны, ал тіркелмеген кітап және кішігірім туындылардың санын анықтап білу өте қиын. Қазіргі аударманың сапасы өте жақсы. Себебі жақсы мамандандырылған аудармашылар көп.

Аударманың маңыздылығы, қоғамның назары іскерлік аударманың пайда болуына алып келді.

Әдеби туындылар көп жағдайда сөзбе-сөз аударыла бермейді. Аудармашы мақалада жоқ сөздерді өз атынан қосып аударып жатады. Мысалы, орыс аудармашысы Р. Реденский ағылшынның Ч. Дикенсон атты жазушысын ең алғаш орыс халқына таныстырған. Ч. Дикенсонның кітабын аударғанда көп тақырыпшаларды өзі жазып аяқтап отырған. «Бұлай жасауыңызға не себеп боды?» – деген сұраққа ол: «Егер аудармашы бар жанымен түпнұсқаға кіріп, жазушының айтар ойын түсініп жатса, аудармашыға ойды аяқтап, ұмытылып кеткен жерін толықтыруға болады», – деп жауап берген. Әдеби туындыны аудару үшін аудармашының өзі де поэзияға жақын болуы керек. Мысалы, Р. Ғамазатов – әйгілі ақын. Ол туындыларын авар тілінде жазған. Бұл тілді түсінетін адамдар өте аз. Ақын аудармашыға қарапайым тілмен туындыны түсіндіріп, кейін аудармашы одан өлең шумақтарын жазған. Бұл аудармашының өз маманының шеберлігі екенін көрсетеді.

Халықаралық деңгейдегі өте көп ғылыми, техникалық, т.б. маңызды құжаттар аударылып жатады. Ол үшін нақты аударма маңызды. Себебі қандай да бір кішкентай қате аударма үлкен халықаралық мәселеге алып келуі мүмкін. Әрбір кішкентай қатеге жауап беретін болғандықтан, мұндай құжаттармен айналысатын аудармашыға қойылатын талаптар жоғары. Мысалы, БҰҰ-ның жиынында Корея жайында тақырып қозғалып, әлемнің барлық тіліне аударылады. Біз Кореяның оңтүстік пен солтүстік деп бөлінетінін білеміз және де мемлекеттерді хабарлағанда кезек-кезек айтылатындығы шешілген. Құжат ағылшын тілінде жүріп жата-

ды. Аударма жүріп болғаннан кейін орыс делегаты өзінің шағымын айтады. Қателік аудармашыдан кеткен. Ол барлық жерде тек бір мемлекетті бірінші хабарлап отырған. Осындай кішкентай елемеушілік үлкен мәселені туындатуы мүмкін. Бұл аудармашыға тән бірінші ерекшелік болса, екіншісі – мамандандырылғандығы. Мысалы, қазіргі таңда газет-журналдарды оқығанда көп мақалаларды түсіне бермейсің, себебі аудармашы ол саланың маманы емес. Бастапқыда, әр саланың құжатын өзінің маманы аударғаны дұрыс деген ұсыныстар болған. Бірақ бұл теориялық түрде оң шешім тапқанымен, практикалық тұрғыда дұрыс болған жоқ. Осыған байланысты техника мамандары мен аудармашыларды жинап, техникаға байланысты мәтінді береді. Мәтіннің ішінде қара сөзін ақ сөзімен алмастырып қояды. Техника саласында бұл қате саналады. Аудармашылар түпнұсқада көрсетілгені бойынша аударса, мамандардың арасында қатені түзегендер болды. Бұл жерде аудармашылардың жасағаны дұрыс есептелінеді. Себебі аудармашы әрқашан түпнұсқадағы мағынаны жеткізуі керек.

Мәтін әртүрлі салаға байланысты, әр типті келеді. Сондықтан аудармашының көп нәрсеге мән бергені дұрыс. Сонымен қатар аудармашы оратор болуы керек. Кез келген тығырықтан шығудың жолын таба алуы қажет. Соңғы үшінші ерекшелікке каноникалықты жатқызамыз. Бұл дегеніміз аудармашы сөздерді өзі аудармай, өз тәжірибесі бойынша осыған дейін аударылып қойған тіркестерді іздейді.

Аудармашыда аудармашылық көкірек, сенімділік, аударма жылдамдығы, кәсіби қызығушылығы, кәсіби жарамдылық, кәсіби талаптарға сай болу, кәсіби этика, кәсіби қасиеттер, мамандықтың атағын нығайту, т.б. психологиялық тұрғыдан өз-өзін дайындайтын мақсат болуы тиіс. Адам ең бірінші аудармашының тіл шеберлігіне көңіл бөледі. Одан кейін аудармашының өз-өзіне сенімділігін ескереді. Аудармашы екі адамға аударма жасағанда сол екі адамның қарым-қатынас көзі болып табылады. Аудармашы кез келген ортаға бейімделуі, кез келген нәрсеге бірден қызығушылық танытуы тиіс. Екі адамның арасындағы байланысты орнатып, қарым-қатынас үйлесімділігін арттырып, екі адамның қарым-қатынас стилін бірден қағып алуы керек. Қарым-қатынастың жағдайлық дәйектері, қарым-қатынас контексті, өзін ұстау нормалары, т.б. аудармашының құқықтық және қоғамдық статусы

өзіне байланысты. Қоғамда орындары жоғары болуы үшін күнделікті есте сақтау қабілетін, ақпараттық қабылдау стилін, аудармашылық интуиция, ақпараттық аналитикалық талдау ережелерін, сөйлеу мәнерін, жан-жақты білімін арттыру үшін жұмыс істеу керек. Аударма дегеніміз – екі тілге қатысты әрекет болғандықтан, аударма теориясын зерттеу жұмысы да сол тілдердің тұлғасына тығыз байланысты болады. Екі тілдің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктерін қатар қарастырады. Сол себепті де аударма теориясының міндеттерін біліп, жақсы аудармашы болғысы келетін мамандар мынадай нәрселерге басты назар аударуы керек: тіл ғылымын негізге ала отырып, түпнұсқаны лексика, грамматика, стилистика, логика жақтарынан салыстыра зерттеп, екі тілдегі ұқсастықтары мен ерекшеліктерін тауып шығып, оларды терең зерттеп, аудару тәсілін жан-жақты қарастыру; осындай салыстыру принципі негізінде аударма практикасында кезіккен алуан түрлі мәселелерге талдау жүргізіп, дұрыс қорытынды шығарып, оларды бейнелеу тәсілін қарастыруды негіз ету; теорияның практикаға жетекшілік ету рөлін қарастырып, аударма сапасын үздіксіз жоғарылату.

Аудармашы этикасы – бұл аудармашының өзін-өзі ұстауы мәнері, яғни аудармашының жұмыс барысындағы этикалық ережелері. Ол – әрине, аудармашы мен автор, өзге әріптестер, шараға қатысушылар арасындағы қарым-қатынас. Мұндай этика ережесі тапсырыс берушінің алдында аудармашы өзін сыпайы ұстауы үшін жасалынған. Сыпайылық танытудың бірден-бір себебі тапсырушы кейінгі жұмыстарын да осы аудармашыға тапсыру мүмкіндігі пайда болуы үшін. Аудармашы дегенде, ең алдымен, сауаттылық, міндеттілік, құпиялық деген қасиеттер тән болуы керек. Аудармашы этикасы деген жалпы адамдарға деген қарым-қатынас болып қана қоймай, осы мамандықтың міндеттеріне деген сыйластық деп те түсінген дұрыс. Жалпы, күнделікті басына түсетін әртүрлі келеңсіз жағдайлардың шешу жолы кодексте қарастырыла бермейді. Ондай мәселелерді аудармашы өз қабілетімен шеше білуі керек.

Негізінде, жоғары деңгейде аударманың барлық түрін жасайтын аудармашы болмайды. Бірақ тақырыбына, бағытына (техникалық, ресми, т.б.) қарамастан аударманың кез келген түрін жасай алатын аудармашы жоғары бағаланады. Қандай бағыттың аудармашысы болмасын, аудармашы өзіндік мамандығына сай қасиетке, сипатқа ие болуы керек. Мысалы:

1. Аудармашы – синхронист. Аударма тілін, өз тілін жетік меңгерген, жылдам қабылдағыш, сөйлегені анық, психикалық мықты, өзге кедергіге мән бермейтін болуы керек.

2. Синхронист емес ауызша аудармашы. Ойын жүйелі жеткізуден басқа, сөзге шебер, жақсы қарым-қатынасқа түсе алатын, көпшілік алдында абыржымай, психикалық жағынан мықты болуы керек.

3. Жазбаша аудармашы (техникалық мәтін). Түпнұсқа тілін жетік меңгерген, қазіргі заманғы техника, ғылым терминдерін білетін, аударма тілінің мәтінді жазу құрылымы, сауаттылық, компьютер, интернет, сөздікпен жұмыс істей алу деген сияқтыларды жақсы меңгерген болуы керек.

4. Жазбаша аудармашы (заң және экономика мәтіндер). Банк, экономика және заң терминдерін білуі, құжаттарды дұрыс рәсімдей алуы маңызды. Сонымен қатар ағылшын тілін жетік меңгеру керек, себебі қазіргі кезде көп экономикалық, заң терминдері ағылшын тілінде болып келеді.

Аудармашы кодексі:

1. Аудармашы халықаралық не болмаса сол елдің кодексінде көрсетілген ережеге бағыну керек.

2. Өзге аудармашылармен бәсекелестікке түспей, ережені сыйлағаны дұрыс.

3. Аудармашы мамандығын не бірлестігін кемсітетін келісімдерге отыруға болмайды.

4. Аударманың сапасына аудармашының өзі ғана жауапты.

5. Аударған мәтіннің құпияда болатынына кепілдеме беруі керек.

6. Автор мәтінінің заңды құқығын сақтау керек.

7. Аудармашы – синхронистер ұжымында барлығына ортақ ережеге бағынып, төлемақының бірдеу төленуіне мән берген дұрыс.

Аудармашыға қойылатын талаптар:

Аудармашы күнделікті тәжірибеде өзін-өзі жетілдіріп, түрлі оқу стилін пайдаланып, жас ерекшелігіне, оқу кезеңіне қарамай, күнделікті тілін жаттықтыруы керек.

Әртүрлі қоғамдық топтар өкілдерімен, қалай және қандай стильмен сөйлесу керек екенін алдын ала ойланып барып сөйлесу керек.

Аударма жасау тәжірибесінде теориялық білімді есте сақтай отырып, жұмыс істеу керек.

Аудармашы аударма қиындықтарын шешуге дайын болуы тиіс.

Қазіргі заманғы интерактивті жұмыс case-тік тапсырмаларды шешу, глобальдық стимуляцияны, компьютерлік технологияны пайдалана білуі тиіс.

Аудармашы аударма үдерісін жүзеге асыратын маман болғандықтан, аударманың көп аспектілерімен кездеседі. Ол мәтінді әртүрлі объектілерді, шарттарды аудару барысында ішкі және сыртқы факторларды ескеру қажет.

Аудармашы мен клиент арасындағы келісім түрлері:

Аудармашы түпнұсқа авторынан аударылатын құжаттың нұсқауларын алады. Яғни тапсырыс берушіден оның сапасына мән беруін, маңызды деп табылатын ерекше жерін белгілеу, т.б. деген сияқты нұсқамалар болуы мүмкін. Соған байланысты төлемақысы да төленеді.

Кейде тапсырыс берушілер өз жұмыстарының әрі қарай дамуына аударманың да себебі бар деп ойлайды. Яғни қандай да бір тауарды сатумен айналысатын шетелдік өнеркәсіп болса, оның өз тілімізге қаншалықты қызықтырып, көркем аударса, соншалықты сауда да қарқынды жүреді деген түсінік. Осыған орай, тапсырыс берушінің ұсынатын нұсқаулары да түрлі болып келеді. Әрине, төлемақыға мәтіннің көлемі, қиындығы әсер етеді.

Аударма біліктерін дамытудағы негізгі жаттығулар

Аудармашы күнделікті тәжірибеде өзін-өзі жетілдіріп, түрлі оқу стильдерін пайдаланып, жас ерекшелігіне, оқу кезеңіне қарамастан күнделікті өмірде түрлі жұмыстар жасап тұру керек, яғни күн сайын сөздік қорын молайту мақсатында сөздіктермен, анықтама кітаптармен, энциклопедиялармен жұмыс істеуі тиіс. Сонымен қатар аудармашы аударылатын мәтініне сай, мысалы, техникалық, экономикалық, заңды, қаржылық аудармаға байланысты сол саланың жанадан шыққан терминдері немесе неологизмдерінен хабардар болуы керек. Ол үшін жиі газет оқу, теледидардан жаңалықтар тыңдау, интернеттегі ақпараттарды назарға алып отыру тиіс. Аудармашының құқықтық және қоғамдық статусы өзіне байланысты. Қоғамда орындары жоғары болу үшін күнделікті есте сақтау қабілетін, ақпараттық қабылдау стилін, аудармашылық интуиция, ақпараттық аналитикалық талдау ережелерін, сөйлеу мәнерін жан-жақты білімін арттыру үшін жұмыс жасау керек.

Қорыта айтқанда, аудармашы әрқашан ізденісте жүруі керек. Мысалы, жаңа пайда болған терминдер, тіркестер, т.б. Аудармашы жан-жақты болғаны дұрыс. Бірақ аудармашының барлық саланы жетік меңгеруі мүмкін емес қой. Сондықтан әр саланы белгілі деңгейінде білуі керек.

Аударма типтері

Аударма – бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл, әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік кимыл. Жалпы, аударманың үлкен классификациясы бар. Мысалы, түпнұсқа мәтінінің мағынасын жеткізуіне байланысты еркін, сөзбе-сөз болып бөлінеді. Еркін аударма дегеніміз – берілген контексті дәлме-дәл емес, жалпы мағынасын жеткізу. Ал сөзбе-сөз аударма – түпнұсқа мәтініндегі ешбір сөйлем мен сөз тіркесін тастамай, сол қалпында толығымен жеткізу. Ал мәтінді аудару алу деңгейіне байланысты семантика-стилистикалық аудару алу, эквивалентті аудару деп қарастырамыз. Семантика-стилистикалық әдіс жалпы тілдік стильдің көркемделу дәрежесіне, атқару қызметіне анализ жасауына мүмкіншілік береді. Ол түрлі деңгейдегі түрлі тілдік бірліктердің семантикалық-стилистикалық арақатынасын көрсетеді. Яғни, бұл аударма – түпнұсқа мәтініне сәйкес келетін, түпнұсқа тіліндегі қарым-қатынастың орнау дәрежесімен теңдей болып өзге тілге аудару жолы. Эквивалентті аударма өзге тілдегі сөздер болсын, сөз тіркесі, мақал болсын, солардың мағынасы жағынан жақын өз ана тілімізде бар тіркеспен аудару болып табылады. Не болмаса мәтіннің аудару жолына қарай ауызша не жазбаша, бағытталған сала-сына байланысты әдеби, ғылыми, техникалық, т.б. болып бөлінеді.

Тақырып бойынша пысықтау сұрақтары:

1. Аударма мен аудармашының байланыстары қандай?
2. Аударма – тіл аралық коммуникация құралы деген түсінікті қалай түсінесіз?
3. Аудармашының объективті-субъективті сипаты?
4. Аудармашыға қойылатын басты талаптар?
5. Аудармашылық мәдениет дегенді қалай түсінесіз?
6. Аудармашы біліктілігін дамытатын қандай жаттығу түрлерін білесіз?
7. Аударма типтері?

Аударманың нормативті аспектілері

Аударманың жалпы теориясы аударма сапасының бағасы ретінде пайда болатын аударма нормалары түсінігін береді. Аударма лингвистикасы қатарында теориялық және нормативті бөлімдері бар. Аудармашы, алдымен, өз іс-әрекеттерінің мақсатын айқындап, осы мақсатқа жету жолдарын іздеу керек. Бұл үшін аудармашы аударманың негізі теориясын, өзі жұмыс жасап отырған саланы жетік білуі тиіс. Сондықтан нақты мәтін шарттарына сәйкес келетін аударманың қолайлы тәсілін қолдану және аударма үдерісінің нәтижесінде әсер ететін прагматикалық факторлардың тізімін табу да – аудармашының маңызды жұмыстарының бірі. Аударма сапасы аударманың түпнұсқаға мағыналық жақындығы деңгейімен беріледі. Сондықтан түпнұсқа мәтіндері мен аударманың жанрлық-стилистикалық тәуелділікпен және аударма нұсқасын таңдауына әсер ететін прагматикалық факторларымен беріледі. Бұл аспектілер аудармашының стратегиясын анықтайды. Аударма нормасы бес түрлі нормативті талаптар нәтижесінде қалыптасады: аударма баламасының нормалық мөлшері; аударманың жанрлы нормалары, стилстикалық нормалары; аударма тілі нормалары; аударманың прагматикалық нормалары; аударманың конвенционалды нормалары. Аударма баламасының нормалары құбылмалы параметр емес. Жанрлы стилстикалық нормаларды мәтін түрінің стилстикалық ерекшеліктері, аударманың сәйкес келу талабы ретінде анықтауға болады. Бұл нормалар балама деңгейін талап етеді. Аударма мәтіні – аударма тіліндегі тілдік шығармалар. Ол үшін норма ережелерін білу қажет. Аударманың прагматикалық нормаларын және құндылықтарын қамтамасыз ететін талап ретінде анықтауға болады. Аударма актінің прагматикалық шарттары аударма нормаларын сақтаудан толығымен бас тартуға әкеп соқтырады. Жалпы айтқанда, түпнұсқа мазмұнын түсініктеме берілген жазбалармен ауыстырады. Аударманың конвенционалды нормаларын қазіргі жағдайда аударманың түпнұсқаға жақындығы талабы ретінде қарастыруға болады.

Ресми-іскерлік стиль

Ресми қатынастар, басқару мен құқықтық қарым-қатынастар салаларында қолданылатын сөйлеудің тілдесім ортасы, тілдің функционалды стилі аталады. Аталмыш салаға халықаралық

катынастар, заңнамалық құжаттамалар, экономика; әскери салаға қатысты құжаттар, жарнама, ресми мекемелердегі тілдесім, үкімет қызметі және т.б. жатқызылады. Тілдің кітаби стильдерінің ішінде ресми-іскерлік стиль басқалардан өзінің тұрақтылығы мен тар шеңберлі қолданыс ерекшелігімен сипатталады. Іскерлік құжаттардың басым көпшілігі материал берілуі мен баяндау формаларының жалпы қалыптасқан түрін айқындайды. Жалпы алғанда, ресми-іскерлік стиль – бұл түрлі құжаттардың стилі: халықаралық келісімшарттар, мемлекеттік актілер, заңдар, үкімдер, жарғылар, нұсқаулықтар, қызметтік хаттар, іскери қағаздар, т.б. Ресми-іскерлік стиль өзінің түрлі жанрлары мен мазмұндарына қарамастан, барлығына бірдей бірнеше ортақ белгілермен сипатталады. Олар: тілдік құралдардың үнемді пайдаланылуы, ықшамдылық, шағындылық; материалдың стандартты орналастырылуы, белгілі бір форма болуының міндеттілігі (жеке куәлігі, түрлі дипломдар, туу және неке туралы куәліктері, ақшаға байланысты құжаттар және т.б.); терминологияның, атаулардың (заң, дипломатия, әскери, әкімшілік және т.б. терминология) кеңінен қолданылуы, ерекше лексика мен фразеология (ресми, кеңселік) қорының болуы, қысқарған сөздер мен аббревиатуралардың мәтінге алынуы; ерекше грамматикалық құрылысын, түрлі тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы; түрлі аталымдық сөйлемдердің санамалау негізінде пайдаланылуы; бір фактілердің басқаларға қисынды тәуелділігін айқындайтын күрделі сөйлемдерді қолдану үдерісі; эмоционалды-экспрессивті сөйлеу тәсілдерінің толық немесе мүлдем болмауы; стильдің төмен индивидуалдануы.

Денотативті аударма

Аударманы қабылдаушының реакциясы берілген мәтіннің мазмұнын жеткізу мәселесімен байланысты. Ол қандай элементтерден тұратынын анықтау қажет. Л.К. Латышев, А.Д. Швейцердің көзқарасын бөліп, келесі төрт элементтерді белгілейді: 1) заттық жағдайларды белгілеуімен байланысты денотативті мағына (яғни заттық-логикалық); 2) пікір элементтерінің арасындағы синтаксистік (яғни, оның синтаксистік құрылымымен) байланысты белгілейтін синтаксистік мағына; 3) функционалды-стилистикалық және экспрессивті бояумен белгіленген коннотативті мағына; 4) тілдік пікірдің және коммуникацияға түскен адамдардың қарым-қатынасымен анықталатын прагматикалық мағына. Денотат (латын тілінің *denotatum* «белгіленген» сөзінен

шыққан) – осы бірлікпен атала алатын белгіленген зат, ақиқаттылықтың көптеген объектілері (заттар, қасиеттер, байланыстар, күй, үдерістер, іс-әрекеттер және т.б.). Денотативті деңгейді тіл белгілерінің денотаттармен арақатысы белгіленген фактінің заттық сәйкестігін, объективті, мәлімет жіберушінің көзқарасына байланысты емес, практикалық жағынан ең маңызды қасиеттері бар мазмұнның, тілдік және мәдени-тарихи дәстүрлері бар қарым-қатынас жағдайын және берілген тілдің өзгешелігі деп түсінуіміз керек. Ситуативті-денотативті модель барлық тілдік белгілердің мазмұны қандай да бір заттар, құбылыстар мен шындық қарым-қатынастарды көрсетеді. Бір құбылыс әр тілде әртүрлі суреттелуі керек. Мәтінді қабылдау сатысында аудармашы тілдік белгілердің мағынасын сараптайды. Аудармашы жағдайды түпнұсқа тілінде түсінгеннен кейін мәтінді аударма тіліне аударды. Бұл модель аударма үдерісін дұрыс суреттейді. Түпнұсқа мәтіндегі жағдайды түсініп, аудармашы аударылатын тілде тек бір ғана аудару тәсілі бар екенін байқайды. «Fragile!» – Осторожно, стекло! Абайлаңыз, шыны!

Грамматикалық трансформация

Грамматикалық ауысу – бұл аудару тәсілі, басқа грамматикалық мағынасы осы грамматикалық бірліктің түпнұсқасында берілуі. Грамматикалық бірлік кез келген деңгейде беріледі. Ол – сөз қалпы, сөйлемнің белгілі түрі. Бізге белгілі аудармада әрқашан түлғаның орын ауысуы болады. Грамматикалық ауысу – аударманың ерекше тәсілі. Мысалы: money – деньги, ink – чернила, т.с.с. немесе керісінше ағылшынның көпше түрі орыс тілінің жекеше түріне сай келуі мүмкін. *Сөз тіркесінің ауысуы*. Грамматикалық ауысу аудармада әлемге таралған түрлі сөз тіркесінің ауысуы болып табылады. Мысалы, I am a very rapid packer – Мен өте тез жинастырамын. Осы мысалға қарай отырып, зат есім етістік, зат есімнің орыс тілінде үстеу болуын тереміз. *Сөйлем мүшелерінің ауысуы*. Сөйлем мүшелерінің ауысуы оның синтактикалық ағымына келеді. Осындай түрде сөз таптарының орындарының ауысуы осы қатарда байқалады. Мысалы, ағылшыннан орысшаға аудармада ауысу тәсілдері бізге бір бағытта белгілі, олай дейтініміз ағылшын тілінде көбінесе орыс тіліне қарағанда, бастауыш басқа сөз таптарының функцияларын атқарады. Мысалы: объектік белгі ол (бастауыш толықтауыштың орнында): Visitors are regusted to

leave their coats in the cloak-room. Қатысушылар сырт киімдеріңізді киім ілгішке ілулеріңізді сұрайды. *Контекстік ауыстырулардың құрылуы.* Сөз және сөз тіркестерін аударғанда әр аудармашының аударма эквивалентті және нұсқасы бір-бірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Оның жұмысына лексикалық оқу мен трансформация кіреді. Аударма үдерісінде трансформациялар статистикалық жоспарды жүйе және бірлік арасындағы қарым-қатынас ретінде қарастырады. Ең көп тараған грамматикалық трансформациялар: аударманың сөзбе-сөз аударылуы, сөйлемдердің мүшеленуі, олардың қосылуы, грамматикалық ауыстырулар, сөз формалары, сөз таптары, сөйлем мүшелері.

Лексикалық-грамматикалық

Трансформацияға антонимикалық аударма, көркем аударма және колигенсацияны жатқыза аламыз. Көркем аударма – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған нұсқасы, көркем әдеби шығармашылықтың бір саласы. Көркем аударма түпнұсқаға мағынасы қаншалық жақын келетініне орай дәлме-дәл аударма, еркін аударма, сәйкес аударма деп бөлінеді. Көркем аудармада әдеби шығарма сөзбе-сөз тәржімаланбайды, сөздердің мағынасын, көркемдік қуатын, бейнелік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етіледі. Антонимдік аударма аудармашыға грамматикалық форма, лексикалық үйлесімділік ережелеріне қарама-қарсы болып, аударма мәтінін көркемдігінен айырған кезде аударма тілінде грамматикалық құрылымды дұрыс қолданбаған кезде іске асады. Мысалы, He did not have much time at his disposal. Оның уақыты аз қалды.

Экспликация – дәл емес ұғымды дәлірек ұғыммен ауыстыру. Экспликация термині символдар мен шартты белгілерді бейнелеу үшін қолданылады. Экспликация (лат. *explicatio* – *анықтау*), түсіну – кейбір кезде өз тіліміздегі сөздерді түсінбей қалуымыз адам арасындағы қарым-қатынас пен талқылау жасағанда түсініспеушіліктерге әкеледі. Сонымен қатар кейбір жағдайларда дәлме-дәлдік пен анықтықтың жоқтығы қате жағдайлар туғызуы мүмкін. Мысалы: көпшілік ойлардың қалыптасуында ішкі ойларға жүгінеміз. Ішкі ойлардың өзі экспликацияға әкеледі. Экспликацияда анық емес, дәлдігі жоқ түсініктердің ауысуы бізді қате түсініктен сактап қана қоймай, экспликацияға ұшырап отырған зат туралы тура көзқарас пен оған жетелей кірігуге әкеледі, яғни өз ойыңды толықтай дәлдікке жеткізеді.

Толық және қысқа аударма түрі

Аударма – бұл хабарламаның бастапқы тілден аударма тіліне өрнектелуі. Аударма кезінде аудармашы, ең алдымен, аударма тәсілін анықтайды, яғни аудармалық мәтін үшін ақпараттық реттіліктің шарасын анықтайды. Коммуникативті тапсырмаға сай толық немесе қысқа аударма түрі таңдалады. Қысқа аударма түріне мәтіндердің барлық үлгілері: ресми іс қағаздан бастап романдарға дейін жатады. Аударманың қысқа түрінің қолданысының нәтижесі болып, тезистер, конспектілер, рефераттар, аннотациялар, дайджестер, т.б. саналады. Осындай мәтіндердің көлемдері, олардың лексика-семантикалық, синтаксистік және стилистикалық бейнелері аудармашының мақсатқа жету үшін қандай әдіс таңдағанына байланысты болады. Шынында, қысқартылған аударма аударманың екі фундаментальды түрінен жасалады: таңдамалы және функционалды. *Толық аударма түрі.* Аударылатын тілдегі түпнұсқаның ақпараттық реттілігінің барлық компоненттерінің мұқият көшірмесінің орындалуына бағытталған. Ең кең таралған әдістері: сөзбе-сөз аударма, семантикалық аударма, аудармадағы прагматикалық әсер.

Жалпы, кез келген мәтінді оқи отырып, адам қандай да бір мағлұмат алады. Яғни, мәтін коммуникативті қызмет атқарады деп айтуға болады. Автор да аудармашы да мәтінді жаза отырып, оның өзгелерге түсініктілігін, маңыздылығын ескеру керек. Мұны прагматикалық әсер деп атайды. Мысалы, егер азық-түлік бағасы қымбаттады деп айтылса, халыққа бұл маңызды болғандықтан, халық мақаланы оқиды. Сонымен қатар автордың мақаланы жазудағы мақсатын, аудармашы өзге тілге аударғанда жеткізе білуі маңызды. Яғни, аудармашы сөздерді дұрыс аударғанымен, автордың айтқысы келетін ойын жеткізе алмаса, бұл аударманы дұрыс жасалынған жұмыс деп айтуға болмайды.

Прагматикалық әсердің негізгі бағыттары:

Аударманың түсініктілігі, яғни көпшілікке түсінікті етіп аудару.

Прагматикалық бейімделу. Әр тілдің өзінде ғана қолданылып, өзге тілге аударылмайтын сөздер болады. Көбінесе көркем әдебиет саласында жиі кездеседі. Ондай сөздерді қолданбай, өзімізге түсінікті сөздерді қолдану.

Прагматикалық бейімделу түрлері:

Ғылыми мәтіндерді арнайы ғылым саласы үшін емес, көпшілікке арнап аудару. Ол көбінесе жарнама үшін қажет.

Үлкендерге арналған шығарманы кішкентай балаларға түсінікті етіп аудару.

Тілдік мәдениетті сақтай отырып, аудару. Яғни әр тілдің өзіндік сөйлеу мәнері, өзіндік қабылдауы болады. Сол мәдениеттілікті сақтаған дұрыс.

Кейде өте көне, тарихи мұралар аударылып жатады. Аудармашы мұндай көне туындыларды аударғанда да көпшілікке түсінікті болуды ойлау қажет. Сондықтан да аударма кезінде тым көне сөздерді көп қолданғаны дұрыс емес болса, екінші жағынан, оның тарихи мақала екенін ескере отырып, аса жаңарған сөздерді де көп қолданбау керек.

Аударма кезіндегі мәтінді қайта өңдеу түрлері.

Кейде аудармашыға тек аударып қана қоймай, мәтінді қайта өңдеу қажеттілігі туындап жатады. Заманауи зерттеушілердің ойынша, мәтінді аудару кезінде пайда болатын мәселенің көбісі қайта өңдеу кезінде болып жатады дейді. Аудармамен бірге мазмұнын жеткізу деген сияқты өңдеу түрлері бар. Расында да бір тілдегі мәтінді осылай өңдейтін болсақ, ол жаңа бір мәтін болып шыға келеді. Бірақ өзге тілдің бірліктері қолданылса, өңдеуден басқа екі тілде жеткізу түрі болып та саналады. Өңдеу кезінде мағлұмат, жеткізу қиындығы, мәтіннің стилі дегендер үлкен рөл атқарады. Осыларға байланысты мәтінді аудару кезіндегі өңдеудің түрлері де көп болып келеді.

Адаптация дегеніміз – мәтіннің компетенттік деңгейге, яғни оқырман өзгенің көмегіне жүгінбей, өзі оқи алатын мәтін жасау. Адаптация – мәтіннің мағынасын оңайландыру. Көп жағдайда арнайы лексикалардың (терминдер, қиын тақырыптағы лексика) орнына жалпы халыққа түсінікті тілді немесе аудармашы мәтіннің ішінде түсініктемесін жазып, ескерту дегендерді қолдану керек. Қиын синтаксистік құрылымдарды қарапайым тілде жазу, мәтіннің көлемін қысқарту. Көркем әдебиеттің адаптациясына образдық жүйені қарапайым ету де маңызды және ол әдеби мәтінді басқаларға жеткізу кезінде жиі қолданылады. Өзге мәдениеттің адамдары үшін адаптация жасау біршама өзгешелеу болып келеді немесе оны лингвостилкалық адаптация деп те атайды. Шет тіліндегі публицистикалық және көркем әдебиет мәтіндері түсініктемесіз келіп жатуы мүмкін. Оны аударма кезінде аудармашы пікірлермен қамтамасыз етеді. Мұндай кезде мәтіннің көлемі ұлғайып, эмоционалдық әсері төмендеуі мүмкін, есесіне, оқырманға түсінікті болып келеді.

Стилистикалық өңдеу. Түпнұсқа мәтіні әрқашан мінсіз бола бермейді. Тапсырыс берушіге аударманың сапасы көңілінен шықпайтын кездерде болады. Ол өзі аударма сапасына баға бере алмайды, бірақ өзге бағалаушыларға сеніп жатады. Аудармашыға мұндай жағдайда мәтінді сапалы аудару талабы қойылады. Мысалы, ұзақтықты түсініксіздікті алып тастау, түпнұсқа мәтінінің көлемінен гөрі үлкейту, ауызекі өңделген сөздерді қолдану немесе ресми құжаттарда түпнұсқа мәтіндегі еркін сөздерді алып тастау. Мұндай өңдеу түрі «Әдеби өңдеу» деп аталады. Түпнұсқа мәтінінің авторы жеткізе алмаған толық ойды, аудармашы өңдеп, стилін жүйелендіріп, логикалық мазмұнын реттейді.

Екі адам жасаған аударма екі авторлық аударма болып саналады. Өңдеудің бұл түрі тек қана көркем әдебиет және публицистикалық мәтіндерде қолданылады. Аударылған мәтінге аудармашы автор бола алады.

Авторлықтың адаптациядан айырмашылығы аудармашы түпнұсқа мәтініне өзінің сөздерін қоса алады. Мысалы, сюжетін, кейіпкерлердің құрамын өзгертеді.

Екі авторлық аударма жиі кездесе бермейді. Түпнұсқа мәтіннің авторы аудармашының аудармасына көңілі толып, аудармашының ойымен, енгізген түзетулермен келісіп жататын кездер жиі кездесе бермейді. Автор бұл жағдайда аудармашы өз үлесін қосты деп есептейді.

Таңдамалы аударма. Кейде тапсырыс берушіні мәтіннің барлығы қызықтырмай, тек қандай да бір тақырыбын, я болмаса бөлігін ғана көрсету керек болып жатады. Мысалы, ғылыми мәтінде вирустар жайында мақаланың ішінен тек атероклероз туындататын вирустар немесе олимпиадалық ойындардың ішінен тек қазақстандық спортшылар туралы бөлімін ғана таңдау керек. Осы кезде аудармашы таңдамалы аударма жасау керек. Алдымен, аударма мәтінді толығымен оқып шығу қажет. Керек бөлімі белгіленіп алынғаннан кейін жалпы алдын ала аударма жасалынады. Кейін бұл жалпы аударманы аудармашы түзетіп, дұрыс стильде, формада жазады.

Резюмелік аударма. Бұл – қиын аудармалардың бірі. Аудармашы жалпы мәтінді қысқа мазмұнда жеткізіп, резюме жасау керек. Алдымен, мәтінмен толығымен танысу керек. Ол өте үлкен көлемде болуы мүмкін. Мысалы, көп бетті монография, үлкен роман немесе көп томдық тарихи кітап. Осыдан кейін аудармашы

қысқа мазмұнды сызба жасап, алдында тұрған міндетті ойлап жұмысын істейді. Практикаға сүйенсек, 120 беттен тұратын пьесаның он беттік резюмесі жасалған кездер де болған.

Антонимдік аударма. Түпнұсқа мәтінінің жазылған формасын өзгертіп, аударма тіліне кері формада жазу арқылы жүретін лексика-грамматикалық аударма. Түпнұсқа мәтінін аударма тіліне аударғанда мәтіннің формасы тек қарама-қарсы формаға ғана өзгеріп қоймай, қарама-қарсы ойды білдіретін өзге сөздер не сөз тіркестері қолданылады.

Қағаздан жасалынатын ауызша аударма

Қағаздағы мәтінді ауызша аудару көптеген аударма мектептерінде үйретіледі. Алдын ала дайындаудың бірнеше түрлері ұсынылады. Аудармаға үйден дайындалып келу, аудиторияда алдын ала дайындалуына бірнеше уақыт беру, алдын ала дайындықсыз аудару. Ауызша аударманың практикасында бұл тәсілдер кездесуі мүмкін.

Үйден дайындалып келу көбінесе ілеспелі аудармашыларда жиі кездеседі. Оларға алдын ала баяндаманың нұсқасы беріп қойылады. Сондықтан аудармашыға мәтін алдын ала үйге берілсе, кейін ол көпшілікке ауызша түрінде жеткізіледі. Ал сабақ уақытында бұл мәтін ілеспелі аударма түрімен жүргізіледі. Әдістемелік көзқарас бойынша, қағаздан жасалынатын аударманы үйренудің артықшылығы да кемшілігі де бар. Артықшылығы: аудармашы аудару керек мәтін қағаз бетінде жазылып тұратындықтан, аудару кезінде қатты қиналмайды. Сондықтан маңызды деп табылатын тақырыбын ерекшелеп, әдеби тілде жеткізуі тиіс. Бірақ мұның соңында кемшілік те бар. Өйткені практика жүзінде аудармашы аударманы ауызша аударатындықтан, жеңіл аудармаға үйреніп кетеді. Сонымен қатар аудармашыны өзінің сөйлеген сөздерін, мәнерін көрермен қалай қабылдап жатыр деген ой мазалап отырғанда бір тілден екінші тілге көшу психологиялық түрде қиын.

Философиялық мәтінді аудару

Бұл түрге қандай да бір философиялық тақырыпқа арналған мақалалар, монографиялар жатады. Дәстүрлі философиялық мәтіндер аса күрделі жазбаша аударманың бірі болып саналады. Оның қиындығын аудармашы үшін «тас» секілді деп бағалайды. Осы «тасты» алға жылжытып көрейік.

Философиялық мәтінді сараптаған кезде онда бір жағынан ғылыми мәтінге тән қасиетке ие болса, екінші жағынан, өнертану мәтініне тән ерекше қасиетке де ие. Оның басты себептері мәтін-

де жеке автордың жалпы әлем туралы сөздерімен қатар, объективті сөздер де кездеседі. Мәтіннің қарым-қатынастық міндеті – оқырманға автордың әлем туралы суретінің объективін логикалық түрде екенін ғылыми бейнелеу арқылы жеткізу.

Философиялық мәтіннің басты көзі жеке тұлға және тәжірибе адамы болып есептелінетін автор саналады.

Мәтіндегі басты нәрсе – философиялық терминдер. Олар жалпы ғылыми лексикалар сияқты қолданылады. Философиялық мәтінді жеткізуде ғылыми мәтінге тән ерекшеліктер мен әдістердің түрлері қолданылады: бастауышты нөлдік формада қолдану, етістікті нақ осы шақта қолдану, пассивті құрылым, жақсыз сөйлемдер. Мәтін стилі катал бейтарап әдеби нормасынан аспау керек. Эмоциональды ақпаратты мүлдем жазуға болмайды. Кейбір эстетикалық ақпараттар болмаса, жалпы ондай ақпараттар енгізілмейді.

Философиялық мәтіннің мағынасы жағынан жай авторы ғана болмай, ресмилік дәрежесінде де авторы болады. Ол, біріншіден, авторлық терминалогиялық жүйеде көрсетіледі. Кез келген философиялық мәтінде сол автор ғана қолданатын терминдер болды және көп жағдайда ол терминдер түсініктемесіз болып келеді. Сол кезде аудармашы контекстке сүйене отырып, терминнің мағынасын ашып, түсініктеме беруі керек. Тағы бір қиын жағы автордың жасаған термин-неологизмдерінен басқа, мәтінде жаңа философиялық ой беретін жалпы философиялық терминдер де кездесуі мүмкін. Автордың айтар ойын мәтінде жетік түсінген жағдайда ғана аудармашы жаңа ойды дұрыс аудары алады. Егер аудармашы бар ынтасымен тырыспаса, онда ой дұрыс жеткізілмей, аударма қате болады. Сонымен қатар автордың синтаксисті қолдану дәрежесі де аудармашыға біршама қиындықтар туғызуы мүмкін.

Аудармашы үшін қорытындылар: философиялық мәтінге ғылыми мәтінге тән барлық қасиеттер ие; мәтіндегі терминдердің ерекше қасиеті – олардың ұшқабаттылығы.

Жалпы қолданылатын философиялық терминдер бірмағыналы эквиваленттілікпен беріледі.

Жалпы ғылыми саланы сипаттайтын терминдер сәйкес келетін теңқұқылы нұсқамен аударылады.

Автордың өзі жасаған терминдік жүйе сәйкес сөздермен немесе неологизмдер арқылы аударылады.

Поэзия аудармасы

Егер прозада техникалық ереже болғанда, оны аудару мүмкін емес еді. Поэзияны жазуда автор өзінің бар сезімін жазады. Сондықтан аудармашының поэзия саласын аударуы бірнеше айларға созылып кетіп жатады. Бірақ поэзия саласының өзіндік шектеулері мен ережелері бар. Ритмі, көлемі, рифмнің берілу реттілігі дегендер өлеңге ерекше ырғақ беретін формалары. Яғни аударманың өзге ешқандай саласында формаға осындай қатты көңіл бөлінбейді, эстетикалық ақпарат концентрациямен берілмейді. Эстетикалық ақпарат доминатты, яғни негізгі ақпарат болып саналады. Оған барлық аталған ресми ерекшеліктер кіреді.

Мысалы, қазіргі заманғы еуропалық поэзия силлаботоникалық және верлибрлік болып келеді. Силлаботоникалық поэзияның көлемі мен ұйқасы, верлибрлікке қиын алгоритм, жиі қайталана беретін екпін, т.б. жатады. Силлабика және музыкалық өлең – өткен ғасырдың поэзиясы. Егер түпнұсқа тіліндегі немесе аударма тілінегі поэзияда осындай түрлер кездесетін болса, автордың мәтінін аудармашы міндетті түрде аударуға тиіс.

Өлеңнің көлемін және шумақ жолдарын тура аудару. Мысалы, егер 6 жолдан тұратын болса, міндетті түрде алты жол қылып аударған дұрыс.

Өлең шумақтарының ұйқасын және стилін сақтау. Әр заттың өзіне ғана қолданылатын ұйқас түрлері болады.

Әуенділігін сақтап қалу қиынға соғады, бірақ мейлінше жақындатуға тырысу керек.

Лексикалық және синтаксистік қайталаулардың орны мен көлемін сақтау керек.

Егер дәстүрлі өлеңнің құрылымы әртүрлі болып келетін болса, аудармашы я жақын болып келетін нұсқасын іздейді, я болмаса түпнұсқа тіліндегі туындыны аударма тілінің дәстүрлі формасына салып аударды. Бірақ туындының түрлі ерекшеліктерін сақтап қалуы тиіс.

Бірақ өлеңді аударған кезде өлеңнің формасы ғана маңызды деп ойламау керек. Сонымен қатар әр ақында өзінше туындаған образдылық пен мазмұн болады. Маңыздылыққа тағы да стилистикалық бейнелеумен қолданылатын лексикалар (диалект, көнерген сөздер, неологизмдер, күшейтпелі сөздер, ауызекі сөздер, т.б.), сол лексикалық сөздердің шумақтағы орны, лексикалардың белгілі бір әдеби салада қолданылуы, семантикалық және грам-

матикалық байланыстардың бұзылуы кіреді. Аудармашы осы басымдылықты ескере отырып, тұтас етіп аудару. Әрине, толық түрде аудару мүмкін емес, түсіп қалып жататын кездер көп болады, сонымен қатар тең дәрежелі болып саналатын өлеңнің бірнеше нұсқалары да болады. Әрқайсысында өзіндік түсіп қалатын жерлері болады. Ол түбегейлі түпнұсқа тілінің туындысын сақтап қалуы тиіс. Бірақ барлық компоненттері берілмейді.

Тақырып бойынша пысықтау сұрақтары:

1. Толық және қысқа аударма түрі.
2. Экспликация.
3. Грамматикалық трансформация.
4. Денотативті аударма.
5. Ресми-іскерлік стиль.
6. Аудармадағы прагматикалық әсер.
7. Философиялық мәтінді аудару.

2-тарау

АУДАРМА ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Негізгі аударма түрлері мен лексикалық әдістері

Аударма – белгілі бір отбастағы мәтіннің барлығын басқа тілге түсінікті етіп жеткізу үдерісінің жүргізілуін алғышарт етіп қоятын әрекет түрі. Аударманың басты екі түрі бар. Жазбаша аударма – жазылу нормаларын ескере отырып, түпнұсқа тіліндегі ақпаратты өзге тілге қағаз бетіне түсіру арқылы аудару түрі. Оның өзі ақпараттың стильдеріне байланысты ішінара кішігірім түрлерге де бөлінеді. А.В. Федоров оларды былай бөліп қарастырды: арнайы ғылыми, құжаттық, газет-ақпараттық, публицистикалық, жалпы саяси, әдеби саланың мәтіндері. Жазбаша аударма аудармашыға шектеулі уақыт қоймайды, бірақ аудармаға деген эквиваленттіліктің жоғары деңгейде болуын қажет етеді. Ауызша аудармаға қарағанда жазбаша аударманың тиімділігі аудармашы мәтінді көре отырып аударма жасайды, яғни белгілі бір уақыт аралығында аудару кезінде әртүрлі сөздіктер, анықтама кітапшаларын, түрлі ақпараттық базалар қолданатындықтан аударманың дәлме-дәл жүргізілу деңгейі жоғары.

Ауызша аударма – ақпаратты ауызша аудару түрі. Оның екі түрі бар. Олар жүйелі және синхронды. Жүйелі аударма кезінде аудармада ділмар өз сөзінде кідіріс жасап, аудармашыға айтылған мәтін бөлігін аударуға мүмкіндік береді. Аударманың бұл түрі шағын аудиторияға бағытталған. Ал синхронды аударма кезінде аудармашы ділмармен қатар сөйлейді. Аударманың бұл түрі үлкен аудиторияға бағытталып, арнайы қондырғы қолдануды көздейді. Бұл аударма қызметінің ең қымбат түрі болып табылады, себебі аудармашының

ана тілі мен шетел тілін жетік меңгеруін ғана емес, сонымен бір тілден екінші тілге жылдам ауыса отырып, дереу тілдік балама табудағы үлкен психологиялық салмаққа төзу қабілеттігін қажет етеді.

Аударманың лексикалық әдістері

Аудармадағы негізгі әдістер топтары: лексикалық, грамматикалық және стилистикалық. Лексикалық аударма тәсілі аударма кезінде семантикалық жағынан ұқсастықты жоғалтпаудағы қолданылатын әдістер болып табылады. Олар әртүрлі. Аударманың лексикалық әдістері: аударма транскрипциясы, калькалау, лексика-семантикалық түрлендіру. Аудармадағы транскрипция дегеніміз – бастапқы лексикалық бірліктердің аударма тіліндегі фонемалар арқылы фонемалық ресми қайта жаңғыруы, негізгі сөздің фонетикалық имитациясы. Бұл жерде бастапқы сөз аударма мәтнінде аударма тіліндегі айтылу сипатына сәйкес беріледі. Мәселен, Shakespeare – Шекспир есімінің қазақ тіліне аударылуы ағылшын тілі дыбыстарының оқылу заңдылықтарына ішінара сәйкестенсе, қазақ тілінде фонетикалық сәйкессіздік болған жағдайда ішінара ұқсас түрлеріне түрлендіріледі. Аударманың келесі тәсілі транслитерация – бастапқы лексикалық бірліктерді аударма тілінің әліпбиі арқылы әріптік ресми қайта жаңғыруы, негізгі сөздің әріптік имитациясы. Бір жазудағы әріптерді екінші жазудағы әріптермен, яғни бір әліпбидегі жазуды басқа бір әліпбиге ауыстыру. Калькалау дегеніміз – сөздің құрам бөліктері (морфемалар) немесе фразалар (лексемалар) аударма тілінің элементтеріне сәйкес аударылатын біріккен сөз құрамы немесе сөз тіркестерінің айтылуы. Калькалау аударма тәсілі ретінде транслитерация белгілі бір себептермен эстетикалық, мағыналық не басқа да ұстанымдарға байланысты қолданылмаған кезде мәдениетаралық коммуникация жағдайында үлкен көлемдегі әртүрлі кірме сөздердің енуіне негіз болды. Мысалы: үкімет басшысы – head of the government, Жоғары Сот – Supreme Court, Аралас заңдар – mixed laws, Сайлау шешіміне сенімсіздік – non-confidence vote, т.б.

Теориялық және практикалық аударма

Бір ғалымдар аудармаға нәтиже ретінде қарап жатса, енді біреулері үрдіс ретінде қарайды. Жалпы айтсақ, теориялық және

практикалық аударма деп екіге бөлудің қажеті жоқ. Себебі процесс адам миында болатын жайт, оны ешкім көріп, байқай алмайды. Ал нәтиже арқылы үдерістің жүргенін байқаймыз. Негізінде аудармаға бұдан да күрделі көзқараспен қарау керек. Ол – қарым-қатынас құралы. Тіл арқылы адамдар бір-бірін түсінеді, яғни бұл жерде адамдар арасында қарым-қатынас жүрді.

Жалпы, осы аударма үдерісі қалай жүреді? Ең алдымен, қандай да бір тілдің өкілі, мейлі жазушы болсын, мейлі қарапайым адам болсын өзінің айтар сөзін қағаз бетіне түсіреді. Кейін оны оқып, не жайында екенін түсінген аудармашы көпшілік қауымға жеткізеді. Негізінде аударма – өте терең, шапшаң ойлануды қажет ететін мамандық. Ол тілдік қатынасты жүргізетін көмекші құрал сынды. Әртүрлі тілде сөйлейтін топтың байланысын орнатады. Басқаларға бірдене жеткізу мақсатында жазылатын автор мәтіні болады. Бір тілден екінші тілге аударылғанда, тіпті ұсақ-түйектердің өзі екі тілдің өкілінің бірін-бірі ұғынуына айтарлықтай қиындықтар тудыруы мүмкін. Сондықтан аударма кезінде барлық шарттар орындалып жүйеленуі тиіс. Біріншіден, екі адам да бір тілді жетік білуі тиіс; екіншіден, лингвистикалық және өмірлік тәжірибе мол болуы қажет. Бір тілде жүргізілетін баяндаулар әртүрлі тәсілдерді қолдану арқылы жүретіндіктен, баяндама бөліктермен, түпнұсқа мәтініндегі қысқа фразалармен айтылатын кездері де кездесіп жатады. Тіпті, жалпылауыш сөздердің қолданысымен беріліп, реферативтік мазмұнға сай келуі де ұшырасады. Бұдан да зор жалпылау нұсқасында жазылатын түрі аннотация делінеді.

Аударманың өзге мамандық саласынан айырмашылығы дәлділік пен нақтылықтың маңызды болуы. Өйткені аударма арқылы түрлі тіл өкілдерінің қарым-қатынасы жүреді, мәселесі шешіледі.

Аударма саласына системалық түрде жасалған анализ аударманың әртүрлі қырларын біріктіретін типологияны жасап көрсетті. Бұл типология мынадай бірліктерге негізделген: аударма тілі мен түпнұсқа тілінің қарым-қатынасына, аударма мәтіні мен түпнұсқа мәтінінің формасына, аударма мәтінінің түпнұсқа мәтініне сай келу қасиетіне, жанрлы стилистикалық ерекшелігіне, түпнұсқаның мағыналық мазмұнының толық жеткізілуіне байланысты. Аударма тілі мен түпнұсқа тілінің қарым-қатынасына байланысты мынадай түрлерге бөлінеді: тілішілік, тіларалық. Тілішілік аударманың өзі екіге бөлінген: диахроникалық, яғни тарихи мәтіндердің қазіргі заман тіліне аударылуы; транспозиция, яғни

мәтінді бір жанрдан екінші жанрға аудару. Тіларалықтың өзі қалыпты, машиналық, аралас болып бөлінеді. Аударма кезінде қолданылатын бірліктерге байланысты морфемалық, сөздік, фразалық, абзацты фразалық, толық мәтіндік деп бөлінеді. Формасына байланысты жазбаша және ауызша түрде келеді. Аударма мәтінінің түпнұсқа мәтініне сай келуіне байланысты еркін аударма, нақты аударма, бекітілген аударма деп бөлінеді. Жанрлық стилистикалық ерекшелігіне байланысты ғылыми-техникалық, әскери, заңды, ауызекі аударма түрлері бар. Мағыналық жағынан жеткізілуіне байланысты толық және толық емес деген түрлері бар.

Аударма түрлерінің екі негізгі сараланушы түрлері бар: аударылатын мәтіндердің және аударма барысында аудармашының тілдік әрекеттерінің сипатына байланысты.

Түпнұсқаны қабыл алудың тәсілін және аударманың мәтінін құруды ескеретін *аудармаларды психолингвистикалық жіктеу тәсілі* аудармалық қызметті жазбаша және ауызша аудармаға бөледі.

Аударма жұмысы тәсіліне қарай ауызша аударма мен жазбаша аударманың екеуі де аударма өлшеміне бағынуға міндетті. Бірақ екеуінің аудармашыға қоятын талабы түрліше болады. Ауызша аударма мен жазбаша аударманың өзіне тән жеңілдігі мен қиындығы бар. Ауызша аудармада аудармашыдан тез түсініп, қолма-қол аудару талап етіледі. Бірақ сөйлеушінің стилін сақтауға, нақтылыққа, жинақтылыққа ерекше жоғары шарт қойылмайды. Бейнелеу жағында көп еркіндікке ие болады. Бір сөзді, бір мазмұнды бірнеше түрлі синонимдермен ауыстырып аударуға болады. Оның есесіне түсінібей қалған сөздерді біреуден сұрауға, сөздіктерді пайдалануға мүмкіндігі болмайды. Ал жазбаша аудару аудармашыдан мол білімді, қалам қуатының күшті болуын, мазмұнды дәл бейнелеп беруді, көбірек ойланып толғануды қажет етеді. Түпнұсқаға адал бола отырып, мазмұнды толық қамтуға, түпнұсқаның стиліне бойсынуға міндетті болады. Сөз сөйлемге, грамматикаға, нақтылыққа, логикаға, емлеге баса көңіл бөлінеді. Ауызша аудармаға қарағанда сөздік пайдалану, қайта-қайта қарап тексеріп шығу, өзгерту мүмкіндігі мол болады.

Осы екі аударма түрін жеке-жеке ауызша және жазбаша аударма деп бөліп қарастырайық.

«Жазбаша аударма» деп аударманың тіларалық сөйлесу барысында (түпнұсқа және аударма мәтіні), аударма барысында жазылған мәтіндерге аудармашы бірнеше мәрте қарап, тексеріп, тү-

зете алатын аударма түрі аталады. Бұл аудармашыға аударылып отырған мәтіннің үзінділерін қайталап қарауына, оларды аударманың сәйкес үзінділерімен салыстыруына, аударманы рецепторға бергенге дейін, яғни аудару процесінің аяқталуына дейін аударма мәтініне қажетті өзгерістер енгізуіне мүмкіндік береді. Жазбаша аударманың классикалық мысалы болып аудармашы түпнұсқаны жазба мәтін түрінде қабылдап, аударма мәтінін жазба мәтін ретінде жүзеге асыруы табылады (осы жерден жазбаша аударма деген атау шыққан).

Жазбаша аударудан ауызша аударманың айырмашылығы ерекше. Жазбаша аударма келесі факторларға назар аударуы керек:

1. Сөздіктегі сөздердің мағыналарына.
2. Арнайы сөздіктен сол сөздің мағынасын іздеп табуға.
3. Түпнұсқаның контекстін білу. Егер ол шығарма болса, оны, ең алдымен, толық оқып шығу керек.
4. Керекті сөзі бар қайырымды ғана оқып шығу және оны бүкіл контекспен салыстыру.
5. Сөздің бір-бірімен байланысуына.

Жазбаша аудармада мәтіннің барлығы аудармашының алдында болады, ол оны бірнеше рет оқып, автордың идеясын толық түсінеді. Ал ауызша аудармада аудармашы ақпаратпен сегмент арқылы танысады, ол ақпаратты толық білмейді.

Жазбаша аудармада аудармашы оратормен тіл қатысып, ештеңе сұрай алмайды (мысалы, түсінбеген сөз, термин не ақпарат).

Жазбаша аудармаға түпнұсқадағы мәтіннің жазбаша түрдегі аудармасы жатады. Аударушы мәтінге және оның үзінділеріне бірнеше рет қайта оралып, керек болса түзеп, негізгі нұсқамен салыстырып, рецепторға автордың идеясын жеткізуге тырысады.

Жазбаша аударма – бұл жазбаша мәтіннің басқа тілге аударылған өзіндік нұсқасы бар аударманың бір түрі. Жазбаша мәтіннің кең көлемді нұсқасымен таныс болу үшін аудармашы төмендегідей қағидаларды ескеріп, алдымен, өзіндік қорытынды жасайды. Ол үшін аудармашы ең бірінші түпнұсқа мәтінмен танысып, кейін сол мәтінді ойша бір қорытындылап шыққаннан соң ол мәтіннің қандай тақырыпта ой қозғалғандығын, қандай стилистикалық жанрлық ерекшеліктері бар екендігін ескеріп болғаннан соң ғана аудармашы өз жұмысына кіріседі. Жазбаша аударма кезінде аудармашы өзіне көмектесетін қосымша әрекеттер жасайды. Мәселен: сөздік қолдану, анықтамалықтар және де мамандармен кеңес. Аударманы

аяқтағаннан кейін аудармашы өзі аударған мәтінін бір тексеріп шығып, жөндеп, кейін тапсырыс берген орындарға жібереді. Егер аударылған мәтінді баспаға шығаратын болса, онда оны аудармашыдан кейін қателіктерімен жұмыс жасайтын арнайы адамдар тексереді. Жазбаша аудармашылар кейде арнайы белгілі бір мәтіндермен ғана жұмыс жасайды. Бұл, әсіресе құқықтық деңгейлерге қатысты жүзеге асады, сондықтан нотариалды аудармашылар, соттық аудармашыларда өзіндік ерекшеленетін сертификаттары болады. Штаттық фирмалардағы, конструкторлық бюролардағы аудармашылар өз фирмалары өндіретін заттарға байланысты техникалық деңгейде мамандандырылады.

Жазбаша аударма кезінде ескерілетін мәселелер

Жазбаша мәтіннің кең көлемді нұсқасымен таныс болу үшін аудармашы төмендегідей қағидаларды ескеріп, алдымен, өзіндік қорытынды жасайды. Ол үшін аудармашы ең бірінші түпнұсқа мәтінмен танысып, кейін сол мәтінді ойша бір қорытындылап, мәтінде қандай тақырыпта ой қозғалғандығын, қандай стилистикалық жанрлық ерекшеліктері бар екендігін ескеріп болғаннан соң ғана өз жұмысына кіріседі. Жазбаша аударма кезінде аудармашы өзіне көмектесетін қосымша әрекеттер жасайды. Мәселен, сөздік қолдану, анықтамалықтар және де мамандармен кеңес. Аударманы аяқтағаннан кейін аудармашы өзі аударған мәтінін бір тексеріп шығып, жөндеп, кейін тапсырыс берген орындарға жібереді. Егер аударылған мәтінді баспаға шығаратын болса, онда оны аудармашыдан кейін қателіктерімен жұмыс жасайтын арнайы адамдар тексереді. Жазбаша аудармашылар кейде арнайы белгілі бір мәтіндермен ғана жұмыс істейді. Бұл, әсіресе құқықтық деңгейлерге қатысты жүзеге асады, сондықтан нотариалды аудармашылар, соттық аудармашыларда өзіндік ерекшеленетін сертификаттары болады. Штаттық фирмалардағы, конструкторлық бюролардағы аудармашылар өз фирмалары өндіретін заттарға байланысты техникалық деңгейде мамандандырылады.

Жазбаша аударма мен ауызша аударма ерекшеліктері

Аудармашы жазбаша түрде аударғанда тіларалық өзгертулер немесе түпнұсқаны еркін түрде аудару тәсілдерін қолдана-

ды. Сондықтан да ауызша аудармамен салыстырғанда жазбаша аудармаға қойылатын талаптар өзгеше: грамматика, стилистика және орфография жағынан мөлшері ойдағыдай болу керек.

Жазбаша аударма жазбаша жазылу нормаларына сай аударылса, ауызша аударма ауызекі сөйлеу формасында жеткізіледі. Бұл екі аударма түрінің өзіндік стилистикалық ерекшеліктері бар.

Ауызша аудармаға қарағанда жазбаша аударма уақытты көп қажет етпейтін аударма. Жазбаша аударма аудармашыға шектеулі уақыт қоймайды, бірақ аудармаға деген эквиваленттіліктің жоғары деңгейде болуын қажет етеді. Ауызша аудармаға қарағанда жазбаша аударманың тиімділігі аудармашы мәтінді көре отырып аударма жасайды, яғни белгілі бір уақыт аралығында аудару кезінде әртүрлі сөздіктер, анықтама кітапшаларын, түрлі ақпараттық базалар қолданатындықтан аударманың дәлме-дәл жүргізілу деңгейі жоғары.

Жазбаша аударма жазбаша жазылу нормаларына сай аударылса, ауызша аударма ауызекі сөйлеу формасында жеткізіледі. Бұл екі аударма түрінің өзіндік стилистикалық ерекшеліктері бар. Жазбаша аударма – бұл жазбаша мәтіннің басқа тілге аударылған өзіндік нұсқасы бар аударманың бір түрі.

Жанр, стильдік тұрғыдан аударма түрінің бөлінуі

Жазбаша аударманың қарым-қатынастағы мақсатына байланысты, оларды стильдік тұрғыда бірнеше түрге бөлеміз. Ғылыми стиль, яғни белгілі бір ғылымға қатынысы бар терминдер қолданған мәтін. Олар ішінара диссертациялық, курстық, т.б. болып бөлінеді. Техникалық стиль – арнайы техника салаларының терминдері мен түсініктері қолданылған мәтіндер. Ресми іс-қағаздар стилі – ресми іс-жиындардың қағаздарын аудару. Оларды ресми құжаттық, ресми рәсімдік, ресми заңды деп бөліп қарауға болады. Публицистикалық стиль – жалпы халыққа түсінікті тілмен аудару түрі. Олардың газеттік-саяси, газеттік-публицистикалық, әдеби-публицистикалық, т.б. кішігірім түрлері бар. Әдеби стиль – көркем шығарма тіліне аудару түрі. Оның түрлері: поэтикалық, интеллектуалдық, кітаби, т.б. Ауызекі сөйлеу стилі – жалпы көбісіне түсінікті, қарапайым сөздерді қолданып аудару. Оны әдеби-ауызекі сөйлеу, күнделікті тұрмыстағы сөйлеу.

Ауызша аударма ерекшелігі

Ауызша аударма – бұл түпнұсқа мен оның аудармасы аударма барысында жазбаша емес нысанда болатын аударма түрі, ол аудармашының түпнұсқаның үзінділерін біркелкі қабылдауын және кейіннен сәйкестендіруге немесе оны орындағаннан кейін түзетуге мүмкіндік жоқтығын білдіреді. Ауызша аударманың классикалық мысалы ретінде аудармашы түпнұсқаны акустикалық нысанда («естілуі бойынша») қабылдауын және өзінің аудармасын ауызша нысанда орындауын айтамыз. Ауызша аудармада аударма мәтінін құрау түпнұсқаны қабылдаумен параллельді түрде, не түпнұсқаны қабылдау біткеннен кейін жүзеге асырылады. Соған сәйкес ауызша аударманың екі түрі болады: синхрондық және ілеспелі аударма.

Ауызша аударма аударма түрінің ең қиыны болып есептеледі. Бұл ауызекі сөйлеу тілінің ерекшелігіне байланысты. Мысалы, ауызекі сөйлеу кезінде жазбаша мәтіндерге арналған ережеге бағынбай, сөздер де тез айтылады. Бұл аудармашыға ептілік пен жылдамдықты талап етеді. Тікелей ауызша аударма тым күрделі. Оның өзі ілеспелі, синхронды деп бөлінеді. Ауызша аударманы жүзеге асыру үшін жүргізіліп отырған іс-шараның тақырыбы бойынша мәтінді материалдарды алдын ала ұсыну мақұлданады, өйткені бұл аудармашыға жоспарланып отырған іс-шараға жақсырақ дайындалуға және өзінің жұмысын жоғарғы кәсіби деңгейде орындауға мүмкіндік береді. Ауызша аударма мамандардың тілді білуінен гөрі шапшаң реакцияны, басқа елдердің жалпы мінезі, психологиясы мен мәдениеті туралы жақсы білімді талап етеді. Сауатты түрде жасалған ауызша аударма іскерлік келіссөздерде және тиімді келісімдерді жасағанда көмектесе алады. Ілеспе немесе синхронды техникалық аударма болса да, маңыздысы – аударманы ұйымдастыруға тәсілдеме. Ауызша аударма аудармашының тыңдаушылардың алдында жақсы ұстану, күтпеген сөйлемдерге жауап беру және оларды сауатты және дәл түрде шет тіліне және шет тілінен де аударуға қабілеттілігін білдіреді. Егер келіссөздер қиын болады деп күтілсе, ілеспе аударма жасайтын аудармашының ақпаратты сыпайы және әдепті түрде жеткізуге қабілеттілігі болу керек. Сондай қабілеттілігі бар мамандардың саны өте аз. Егер жазбаша аудармамен тілді орташа деңгейде білетін адам да айналыса алса, ауызша аудармамен айналысу әркімнің қолынан

келе бермейді. Сондықтан қазір аударма бюроларында жазбаша аударма көп те, ауызша аудармамен айналысатын бюролар аз. Себебі ауызша аударма жоғары білімді талап етеді және ауызша аударма кезінде жіберілген қателіктер бірден көрінеді. Екі жақ бірін-бірі түсіне алмай, аудармашыға жауапкершілік жүктеледі.

Аударманың жанрлық-стилистикалық саралануы түпнұсқаның жанрлық-стилистикалық ерекшеліктеріне байланысты екі функционалды аударманың түрін ерекшелейді: көркем аударма және ақпараттық аударма.

Көркем және ақпаратты аудармалар көбінесе жазбаша аудармаға жатады. Көркем шығармалар мен аударумен бірге ол ғылыми-техникалық материалдарды аудару, ресми-іскерлік материалдарды аудару, саяси-публицистикалық материалдарды аудару, газет-ақпараттық материалдарды аудару, патенттік материалдарды және т.б. аудару болып бөлінеді.

Көркем аударма. Ұлттық әдебиет өз өмірімен тіршілік етеді. Әрине, ол сол халықтың күллі тарихымен, оның барлық даму жағдайларымен шартты түрде байланысты және басқа халықтар әдебиетімен қарым-қатынаста болды. Осы қарым-қатынас ішінде аударманың орны ерекше. Сонымен қатар аударма – ақынның дүниетанымдық қорын байытудың баға жетпес көзі ретінде белсенді қызмет атқарады.

Көркем аудармада түпнұсқаның көркем әдебиеттің белгілі бір жанрына жататындығына байланысты аударманың түр ішіндегі бөлімдері болады. Мұндай аударманың түр ішіндегі бөлімдері қатарына поэзия, пьеса, сатиралық шығармалардың, әдеби прозаның, ән сөздерінің аудармалары жатады. Шығарма аудармасының әртүрлі жанр санатына жатқызылуы шартты сипатта және бұл жанрдың өзіндік ерекшелігі аударманың нәтижесіне қаншалықты әсер ететініне байланысты болады.

Аудармашылардың өздері де «көркем аударма» ұғымына нақты анықтама беруге қиналады. Кейбір әдебиетшілер «аударма-түпнұсқаға негізделіп, түпнұсқаның басқа тілдегі көшірмесі» болу керек деген пікір айтады. Басқаша айтқанда, аударма түпнұсқаға толық сәйкес болуы керек. Егер бір шығарма екі түрлі тілде, екі түрлі мәдени-тарихи жағдайда өмір сүрсе, онда «сәйкестік» тек шартты түрде ғана болмақ. Осындай тұжырымды белгілі армян сыншысы Левон Мкртчян айтқан: «Если одно и тоже произведение существует на двух разных языках, в контексте раз-

ных культур, то о полном соответствии можно говорить лишь в определенном смысле. Даже наиточнейший перевод не может во всем совпадать с оригиналом, быть «абсолютно точным». Перевод и не должен полностью повторять оригинал – искусству противопоказаны повторения».

Ал әдеби немесе көркем аударма дегеніміз – бір тілде жазылған әдеби туындыны екінші тілдің құралдары көмегімен оқырмандарға жеткізу және түпнұсқасының стильдік, көркемдік ерекшеліктерін мейлінше нақты сақтап көрсету. Бұл жерде аудармадағы ең қиыны лингвистикалық ерекшелік емес, түпнұсқасының көркемдік жағын дұрыс жеткізу, яғни аудармашы туындының образдық әлемін, автордың идеясын, позициясын және стилін нақты, дәл көрсете білуі. Көркем аударманың бүгінгі әдеби процестегі алатын орны үлкен. Аударма – жалпы әдеби үдерістің кең арналы саласы. Аударма арқылы бір халықтың таңдаулы әдеби шығармаларынан басқа халықтың өкілдері де сусындай алады.

Көркем аударма кезінде ескерілетін мәселелер

Толық мағынадағы аударма қалай да түпнұсқаға сәйкес болуы шарт. Әрине, шығарманың мәтінін бастан-аяқ тәржімалау мүмкін емес. Әсіресе поэзиялық шығармалардың аудармаларында кейбір еркіндіктер болмай қоймайды. Оның себебі де бар, әр тілде қалыптасқан сөз қолдану тәсілдері ерекше болып келеді. Сондықтан бейнелі сөздерді көшіріп, сол түпнұсқадағы қалпын сақтап жеткізу мүмкін емес. Басқа тілде айтылған ойдың жалпы мағынасын жеткізуден гөрі, сол әдебиетке тән көркемдік ойлау, бейнелеп сөйлеу, сөз қолдану өзгешеліктерін дәл келтіру әлдеқайда қиын. Ал онсыз көркемдік ой-сезімнің әсерлілігі де толымды болмайды.

Көркем аударма процесінің нәтижесінде түпнұсқаның мазмұны мен пішіні арасындағы бірлік пен тұтастықтың сақталуының маңызы жоғары. Түпнұсқаның мазмұны мен пішіні арасындағы байланыс, келісім мен жарасым аудармада сақталмаған жағдайда әдеби шығарманың көркемдік табиғаты, автордың шығармашылық даралығы мүлде бұрмаланып, түпнұсқа бір басқа, аударма бір басқа – екеуі екі бөлек туынды болып шығады. Мұндай жағдайда аудармадан түпнұсқаның мазмұнын да, көркемдік бейнелеу ерекшеліктерін де табу қиынға түседі. Ал көркем аудармада түпнұсқаның мазмұны мен пішінін дәл жеткізу немесе біршама

дәл жеткізу аударма ісіндегі ең бір қиын, күрделі әрі аудармашы шығармашылығының мағынасы мен мәнін анықтайтын айрықша маңызды көрсеткіш болып табылады. Бір ұлттық тілде жазылған көркем шығарманы екінші бір ұлттық тілдің көркемдік бейнелеу құралдары арқылы қайта жасау, аудару оңай емес. Ал түпнұсқа белгілі бір ұлттың ұлы ақынының шығармасы болса, оның ұлттық сипаты барынша анық, беделді болса, онда оны өзге тілге аудару аудармашыдан үлкен жауапкершілікті ғана емес, сонымен қатар үлкен талантты талап етеді. Аудармашы таланты – айрықша талант. Ол өз тілінің айшығы мен ажарын, көркемдік бейнелеу мүмкіндігін, бейнелілігін еркін меңгерген дарынды ақын болумен бірге, түпнұсқаның мазмұны мен мәнін, тіл байлығын, ұлттық бояуын жете білетін шебер маман дәрежесіне көтерілуі шарт. Сонда ғана ол аудармашы ретінде түпнұсқаның мазмұны мен пішінін толық игеріп, өз аудармасында олардың арасындағы байланысты, келісім мен жарасымды, тұтастықты сақтауға мүмкіндік табады.

Ақпаратты аударма және ерекшеліктері

Ақпараттық аударма – оқырманға шығармашылық-эстетикалық әсер ету емес, оның негізгі функциясы қандай да бір мәліметтерді хабарлау болып табылатын мәтіндерді аудару. Мұндай мәтіндерге ғылыми, іскерлік, қоғамдық-саяси, тұрмыстық және басқа сипаттағы барлық материалдар жатады. Бұған көптеген детективтік (полицейлік) әңгімелерді аударуды да, саяхаттарды суреттеуді де, очерктерді және таза ақпараттық хабарлауы көбірек болатын басқа да шығармаларды жатқызуға болады. Аудармаларды көркем және ақпараттық деп бөлу аудармада көрсетілуге тиіс түпнұсқаның негізгі қызметіне байланысты (эстетикалық әсер етуі немесе жай ақпарат беруіне). Негізінде, жалпы алғанда, көркемдік аударманы талап ететін түпнұсқада тек ақпараттық қызметтерді орындайтын жекелеген бөлімдері, керісінше, ақпараттық мәтінді аударуда көркемдік аударманың кей элементтері (бөлшектері) болуы мүмкін.

Ақпараттық аудармада аударманың түрлері аударылатын мәтіндердің әртүрлі функционалдық стильдеріне қатыстылығының негізінде көрінеді. Сонымен қатар мұндай аудармада түпнұсқалардың функционалдық-стистикалық ерекшеліктері мәтіндердің өзіндік белгілерін де анықтағандығы қажет етіледі. Осы белгілері бойынша

аударманың ерекше түрлері ретінде: ғылыми-техникалық материалдарды аудару, ресми-іскерлік материалдарды аудару, саяси-публицистикалық материалдарды аудару, газет-ақпараттық материалдарды аудару, патенттік материалдарды және т.б. аудару болып бөлінеді.

Ақпараттық аударма арнайы мәтіндердің (ғылыми, ғылыми-техникалық, құжат және т.б.) аудармасын сипаттап, аударылатын мәтіндердің мінездемесі негізінде сонымен қатар олардың стилистика-жанрлық жіктелуін көрсетеді. Аударма түрлерінің жіктелу классификациясында өзінің функционалдық белгісі бойынша ақпараттық аударма көркем аудармаға қарама-қарсы қойылған: егер ғылыми, іскерлік, көсемсөз мәтіндерінің негізгі функциясы ақпаратты жеткізуде болса, көркем мәтіндердің негізгі функциясы оқырманға деген бейнелік, эстетикалық әсері болып табылады. Кейбір арнайы мәтіндердің түрінде, мысалы, публицистикада, көркем мәтіндерде сияқты оқырманға әсер етіледі. Дәл осы сияқты кейбір көркем мәтіндерде ақпараттық баяндамалар (саяхаттар, очерк, детектив) басым болады. Мәтіндердің көркем және ақпараттық болып дихотомиялық бөлінуі аудармадағы екі доминанттық функцияларының қарама-қайшылығын айқындайды. Яғни ақпараттық аударманың негізгі мақсаты – аударылатын тілдегі ақпаратты толығымен аудармада қамтамасыз ету болып табылады.

Ақпараттық аударма арнайы мәтіндердің (ғылыми, ғылыми-техникалық, құжат және т.б.) аудармасын сипаттап, аударылатын мәтіндердің мінездемесі негізінде олардың стилистика-жанрлық жіктелуін көрсетеді.

Аударма материалдық өзгешеліктерге қарай саяси теориялық шығармалар аудармасы, көркем әдебиет аудармасы, ғылыми техникалық шығарма аудармасы және іс қағаздар аудармасы деп бөлінеді. Жанрлардың ерекшеліктеріне қарай оларға қойылатын талап та өзгеше болады. Қытай тілінде әрбір сала өте күшті ұлттық сипатта бейнеленеді. Сондықтан да әрбір аудармашы, ең алдымен, өзі аударатын материалына қанық болуы, кәсіптік білім деңгейінің жоғары болуы, түпнұсқаның мазмұнына, ерекшеліктеріне баса назар аударуы тиіс.

Глоспе аударма кезінде ескерілетін мәселелер

Глоспе аударма аударма қызметінің ең күрделі түрі болып саналады. Аудармашыдан тілді тамаша білу және ауызша аударма дағ-

дыларын кәсіби меңгеру ғана емес, сонымен қатар ерекше назар аудару, үлкен зияткерлік күш-жігер мен психологиялық тұрақтылық талап етіледі. Ілеспе аударма кезінде аудармашыға сөйлеуші сәл кідіріс береді. Аудармашы кідіріске дейін айтылғандарды еске сақтап, соны бірден аударуы тиіс. Содан кейін сөйлеуші өз сөзін жалғастырады немесе екінші жақ өз пікірін білдіреді. Бұл көбінесе іскерлік қатынастарда, экскурсияға шыққанда, саяси байланыстар орнатқанда, т.б. қолданылады. Ілеспе аударманың синхронды аудармаға қарағандағы артықшылықтары қосымша техникалық жабдықтаудың қажеті жоқ, қозғалыс кезінде іске асырылады; өкілдердің қатысуымен өткізілетін келіссөздер, т.б. кезінде жүргізіледі. Қатысушыларға сұрақты ойластырып алуға мүмкіндік беретін қосымша уақыт беріледі. Көп жағдайларда осындай аударма түрі бір ғана маман аудармашының көмегімен жүзеге асырылады. Синхронды аударма болса, бірін-бірі ауыстырып отыратын кем дегенде екі аудармашыны қажет етеді. Ілеспелі аударма кемшіліктеріне келсек, аударма кезінде жасалатын кідірістерге байланысты шараның өтуі ұзақ уақытты алады, сонымен қатар бір ғана шет тілге аударылу мүмкіндігі, шараға қатысушылар санының шектеулігі.

«Ілеспелі аударма» – ауызша аударманың аудармашы оратор өз сөзін бітіргеннен соң немесе оның бір бөлігін айтып болғаннан соң оны аударма бастау тәсілі. Аударылып жатқан сөздің бөлігінің көлемі әртүрлі болуы мүмкін: оратор 20-30 немесе одан көп минутта айтқан жеке сөздерден үлкен көлемдегі мәтінге дейін. Аударманың бұл түрі аудармашының жадында түпнұсқаның маңызды сегменттерінің мазмұнын аударма басталғанға дейін ұзақ уақыт бойында сақтауын талап ететін түрі. Егер түпнұсқаның көлемі үлкендеу болса, аудармашы түпнұсқаны қабылдау барысында оның мазмұнының маңызды жерлерін жазып отырады, ол оның жадында тыңдалған мәліметті есіне түсіруіне көмек көрсетеді.

Синхронды аударма

«Синхронды аударма» – бұл аудармашы оратордың сөзін тыңдай отырып, тура сол сәтте (2-3 секундқа ғана қалып отырады) аудармасын айтып отыратын ауызша аударманың тәсілі. Синхронды аударма оратор микрофон арқылы сөйлеп, оның сөзі аудармашыға құлаққа киетін аппарат арқылы естілетін, арнайы кабинада техникалық құралдарды қолдана отырып, жүзеге асы-

рылады, сол жерден аударма рецепторларға жеткізіліп отырылады. Осындай құралдың арқасында аудармашының дауысы оның түпнұсқаны тыңдауына кедергі келтірмейді. Синхронды аударманың бір түрі – аудармашы кабинада емес, рецептордың қасында орналасып, құлаққа киетін аппарат пен микрофон арқылы немесе оларсыз аударманы оған сыбырлап айтып отыруы. Синхронды аударма – ауызша аударманың қиын түрі, өйткені ол аудармашыдан бір уақытта бірнеше қимылдарды қатар аударма білуді талап етеді: бір тілде тыңдау, оны басқа тілге аудару және оратордың сөйлеу темпінен қалмай сол тілде сөйлеу. Осы үш әрекеттің барлығын синхронизациялау жадының үлкен жұмысымен, жоғары қадағалаумен, сөйлеу компрессиясын жүзеге асырудың қажеттілігімен, түпнұсқаның келесі бөлімдерін бағдарлаумен, тез арада шешімдер қабылдаумен және т.б. байланысты.

Синхронды аударма деген не? Синхронды аударма – ауызша аударма түрінің ең бір күрделісі. Бұл аударма кезінде арнайы жабдыкталған орында жүргізіледі. Бұл жабдыкталған орынның арқасында аудармашы сөйлеушінің сөзімен бірдей уақытта аударма жасау мүмкіндігіне ие бола алады. Синхронды аударма кезінде үзіліс берілмейді. Яғни аудармашы сөйлеушімен қатар аударма жасап отыруы қажет. Синхронды аударма жасаушы адам тілді жетік білетін, сөздік қоры мол болуы тиіс. Себебі синхронды аударма кезінде сөздік қолдану сынды мүмкіндіктер болмайды. Аудармашы сөйлеушінің сөзін ести салысымен, оны жиырма секундтан кеш емес уақытта аудармасын дәл мағынасында жеткізе білуі тиіс. Синхронды аударма кезінде аудармашы әр отыз минут сайын ауысып отырады. Осы үзіліс кезінде сөздікпен дайындалып немесе ауысқан аудармашыға көмектесіп отырады. Мұндай аударма түрі көбінесе халықаралық конференцияларда, спорттық сайыстарда, келісімшарт жасасуда жиі пайдаланылады. Әдетте синхронды аударма кезінде арнайы құлаққаптармен жабдыкталған кабинетте болып, әрбір тыңдарман аудармашының сөзін құлаққап арқылы ести алады. Синхронды аударманың ілеспе аудармадан артықшылықтары мынадай: сөйлеушінің сөзі ешқандай үзіліссіз айтылады. Бұл тыңдаушыларды өз назарында ұстап, көңіл күй мен сезімін сезінуге мүмкіндік береді. Шараның өтетін уақыты ілеспелі аудармаға қарағанда екі есе аз уақытты алады. Қатысушыларға ыңғайлылығы: қазіргі таңда шет тілінде сөйлейтін адамдар көп, сондықтан қатысушылардың көбі шет тілін-

де өткенін қалайды. Ілеспе аударма кезіндегідей жиі жасалатын кідіріс қатысушылардың көбіне кері әсерін тигізеді.

Сонымен қатар синхронды аударманың кері жақтары да бар: синхронды аударманың ілеспелі аудармаға қарағанда бағасы жоғары, сонымен қатар арнайы жабдықтау көп шығынға әкеледі. Бірдей тілді меңгеретін кем дегенде екі синхронды аудармашының қажеттілігі. Синхронды аударма кезінде ақпараттарды жоғалту деңгейінің жоғарылығы мен оны меңгерудің төмендігі тән.

Синхронды аударма кезінде арнайы жабдықталған орында жүргізіледі. Бұл жабдықталған орынның арқасында аудармашы сөйлеушінің сөзімен бірдей уақытта аударма жасау мүмкіндігіне ие бола алады. Синхронды аударма кезінде үзіліс берілмейді. Яғни аудармашы сөйлеушімен қатар аударма жасап отыруы қажет. Синхронды аударма жасаушы адам тілді жетік білетін, сөздік қоры мол болуы тиіс. Себебі синхронды аударма кезінде сөздік қолдану сынды мүмкіндіктер болмайды. Аудармашы сөйлеушінің сөзін ести салысымен, оны жиырма секундтан кем емес уақытта аудармасын дәл мағынасында жеткізе білуі тиіс. Синхронды аударма кезінде аудармашы әр отыз минут сайын ауысып отырады. Осы үзіліс кезінде сөздікпен дайындалып немесе ауысқан аудармашыға көмектесіп отырады. Мұндай аударма түрі көбінесе халықаралық конференцияларда, спорттық сайыстарда, келісім-шарт жасасуда жиі пайдаланылады. Әдетте синхронды аударма кезінде арнайы құлаққаптармен жабдықталған кабинетте болып, әрбір тыңдарман аудармашының сөзін құлаққап арқылы ести алады. Бұл тыңдаушыларды өз назарында ұстап, көңіл күй мен сезімін сезінуге мүмкіндік береді. Шараның өтетін уақыты ілеспелі аудармаға қарағанда екі есе аз уақытты алады. Қатысушыларға ыңғайлылығы: қазіргі таңда шет тілінде сөйлейтін адамдар көп, сондықтан қатысушылардың көбі шет тілінде өткенін қалайды. Ілеспе аударма кезіндегідей жиі жасалатын кідіріс қатысушылардың көбіне кері әсерін тигізеді. Аударма бір уақытта бірнеше тілде жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар синхронды аударманың кері жақтары да бар: ілеспелі аудармаға қарағанда оның бағасы жоғары, сонымен қатар арнайы жабдықтау көп шығынға әкеледі.

Синхронды және ілеспелі ауызша аудармаларды салыстыру

Ілеспелі аударманың синхронды аудармадан артықшылығы: көбінесе техникалық құрал-жабдықтардың қажет болмауы; аударма белгілі бір іс-қимыл кезінде (яғни өндіріс объектілерінде жұмыс кезінде, өкілдіктерді шығарып салғанда) жүзеге асады; Қатысушылардың сұрақ қоюға ойланып алуға мүмкіндіктерінің болуы; Ілеспелі аударма кезінде аударма жасауға тек бір ғана аудармашы қажет; Ал кемшіліктеріне келсек, ілеспелі аударма кезінде берілетін үзілістердің әсерінен салтанатты жиындар ұзақ уақытқа созылады; бір ғана шет тіліне аудару мүмкіншілігі; салтанатқа қатысушылардың санының шектеулі болуы сияқты кемшіліктерін қарастыра аламыз.

Синхронды аударманың ілеспелі аудармадан айырмашылығы: сөйлеушінің сөзі үзіліссіз жүзеге асады және бұл сөйлеушіге аудиторияның назарын аудартып алуға мүмкіндік береді; ілеспелі аудармамен салыстырғанда жиынның өту уақыты екі есе аз болады; қатысушыларға қолайлылық, яғни көбінесе олар мәтінді тек шет тілінде тыңдағанды ұнатады; аударманың бір уақытта бірнеше тілге аударылу мүмкіншілігі. Ал кемшілігіне синхронды аударманың қымбат және оған көптеген құрал-жабдықтардың, бір немесе бірнеше аудармашының қажет болуы, сонымен қатар көп ақпарат пен аз қабылдау тән.

Семантикалық стилистикалық аударма

Жалпы, аударманың үлкен классификациясы бар. Мысалы, түпнұсқа мәтінінің мағынасын жеткізуіне байланысты толық, толық емес болып бөлінсе, ал мәтінді аудару алу деңгейіне қарай семантика стилистикалық аудару алу, эквивалентті аудару алу, прагматикалық аудару алу деп қарастырамыз. Аударма үдерісі семантика стилистикалық әдіс жалпы тілдік стильдің көркемделу дәрежесіне, атқару қызметіне анализ жасауына мүмкіншілік береді. Ол түрлі деңгейдегі түрлі тілдік бірліктердің семантикалық-стилистикалық арақатынасын көрсетеді. Яғни бұл аударма – түпнұсқа мәтініне сәйкес келетін, түпнұсқа тіліндегі қарым-қатынастың орнау дәрежесімен теңдей болып өзге тілге аудару жолы. Мәтіннің эквивалентті жолмен аударылу көрсеткіші жоғары.

Эквивалентті аударма мәселелері. Бұл аударма түрінде аудармашы түпнұсқа мәтіндегі аударманы тура аудармайды. Ол баламалы аударма түрі болып табылады, яғни аудармашы түпнұсқа мәтінінің тікелей аудармасы емес, оның мағыналас баламалы білігімен аударды. Мысалы, эквиваленттілік қарым-қатынас мақсаты ретінде аударма мен түпнұсқа мәтінінің мағынасы жағынан өзгеше, бірақ сөздік қызметі сақтаулы. Роман Якобсон сөздік қызметтің бес түрін бөліп көрсетті: эмотивті – сөйлеушінің сезімі мен эмоциясын білдіреді; референтті – хабардың мазмұнына бағдарлану; фатикалық – қатынастың мақсатын тексереді; металингвистикалық – тілдің өзіндік құрылғысы; поэтикалық – хабардың эстетикалық құрылғысының эффектісі.

Эквиваленттілік жағдайды сипаттау деңгейінде түпнұсқада лексика мен грамматикасында ұқсастық жоқ, бірақ бірдей жағдай баяндалады. Оқиғаны баяндағанда біз ешқашан оның белгілерін атап көрсетпейміз, тек бірнешеуін ғана баяндаймыз. Кейде оқиға бір тілде ғана баяндалады да, екінші тілде баяндаған сәтте атап өтілмейді.

Аудармада негізгі мәселелердің бірі аударма эквиваленттілігі болып табылады. Аударма толығымен түпнұсқа көшірмесі болып келеді. Бірақ шындығына келетін болсақ, аударма түпнұсқаның тұтастай көшірмесі болуы, біріншіден, мүмкін емес, екіншіден дұрыс нәрсе емес.

Әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан мәтінді сөзбе-сөз аудару қате болып табылады. Осыған орай, аударманы эквивалентпен ауыстыру дұрыс жол болып есептеледі. Аударма эквиваленттілігі деп түпнұсқаны сөзбе-сөз аудармай, жалпы мағынасын жеткізу немесе мағыналық жақындықты айтады. Яғни бұл жағдайда, ең бастысы, маңызды деген мәселені жеткізу. Сонымен қатар аударма мен түпнұсқа ұқсастығы минималды болып, тілдік функция сақталады.

Роман Якобсон тілдік функцияның 5 түрін бөліп көрсетеді. Эмотивті түрі айтушы немесе жазушының көңілін білдіреді. Референтті түрі жалпы мазмұнына, фатилді түрі екеуінің арасындағы байланысқа, металингвистикалық түрі аударма тіліне байланысты. Соңғысы – поэтикалық, бұл аударудың түріне, нәтижесіне қарайды. Кейбір жағдайда түпнұсқамен грамматикада да, лексикасында да еш ұқсастық болмайды, бірақ екеуінде де бір оқиға баяндалады. Яғни аударған кезде бар оқиғаны түбегейлі аударма-

ғанмен де, жақсы нәтижеге жетуге болады. Сол тіл ерекшеліктеріне, салттарына қарай отырып, мықты аударма жасауға болады. Көбіне мынадай жағдайлар әдеби шығармаларды, яғни түрлі әңгімелер, өлең шумақтарын аударғанда кездеседі.

Бірақ эквивалентті аудармада әрқашан тек ең маңызды мәселені жеткізіп қана қоймай, кейбір жағдайларда түпнұсқа мен аударманы максималды түрде ұқсастырып аударды. Бұл аударма түрі ең қиыны десек қателеспейміз, себебі бұл аудармада екі тілдегі максималды ұқсас сөздерді тауып, оларды екі тілдің салттарымен үйлестіре отырып қолданады.

Қазіргі заманғы аударма теориясында жақын арада пайда болған делінеді.

Эквивалентсіз аударма

Аударматанудың негізгі мәселелеріне тіларалық эквиваленттілік, эквиваленттілік және барабарлық, заңға сыйымды лайықтылық теориясы, эквивалентсіз лексиканы аудару және тағы сол сияқты мәселелер жатады.

Аудармашылар тіл бірліктерінің прагматикалық аспектілеріне (негізінен лексикалық және фразеологиялық) үлкен назар аударды. Эквивалентті аударма аудармада ұлттық-тарихи, мәдени-тұрмыстық, идеологиялық факторлар мәтінде (ауызша немесе жазбаша) маңызды орын алып, лексикалық бірліктерінде із қалдырады. Осыған байланысты басты назарды аудармашының біліміне аудару қажет.

Ал эквивалентсіз аударма да аудару теориясында өте күрделі және көп қырлы ұғым ретінде қарастырылады. В.Н. Комиссаровтың пікірінше, «эквивалентсіз аударма аударманың негізгі мәнін ашып, қазіргі аударматануда негізгі ұғымдардың бірі болып табылады».

А.В. Федоров бұл аударма түрін түпнұсқаның сөзі ретінде анықтайды. «Ол тек қана аймақтық құбылысты білдіретін, басқа қалықтың тұрмысында және түсінігінде болмайтын нәрсе».

Эквивалентсіздік зат, елтану ғылымының шекараларында да кең мағынаны білдіреді. Кейбір кездерде ол тілдік емес ақиқаттылықтың немесе берілген тілдің лексикасының элементі ретінде бір белгіні білдіреді. Осы мәселені нақтылау үшін В.Д. Андреев, В.Г. Гак, Б.И. Репин осы ұғымды дәлелдеуге тырысады.

Эквивалентсіз аударма кезінде басқа тілдің лексикалық бірліктері арасында толық немесе жартылай эквиваленттері жоқ

лексикалық бірліктер (сөздер және тұрақты тіркестер) қолданылады. Өте жиі эквивалентсіз лексикаға реалия сөздер, уақытша эквиваленті жоқ терминдер, кездейсоқ эквивалентсіз сөздер жатады.

Психолингвистикалық аударма

Ситуациялық және трансформация немесе семантикалық аударма түрлері тек шартты түрде аударма береді. Аудармашының өзіндік ерекшелігін көрсету үшін аударма психикалық үдерістерді қамту керек. Осы орайда, психолингвистикалық аударманың маңызы зор.

Автордың өзіндік эмоцияға толы ішкі ойы болады. Психолингвистикалық аударма автордың жағдайын, ішкі ойын ескереді. Психолингвистикалық аударма кезінде ішкі жағдайға көп көңіл бөлінгендіктен, аударма шет тілінен қатынас тіліне немесе қатынас тілінен шет тіліне жүреді.

Психолингвистикалық аударма сөйлеу қызметінің бір түрі ретінде жүреді. Яғни бұл аудармада сөйлемді қалай аударса да автордың ішкі түйінін, эмоциясын дұрыс жеткізу маңызды. Бұл аударманың мақсаты – автордың ойын жалпы көрсету және түпнұсқадан аудармаға бірден емес, кезекпен өту. Бірақ жалпы ғана көрсетіп шықпай, түпнұсқа мағынасына жақын аударма жасаған да маңызды.

Ғылыми-техникалық аударма

Өртүрлі аппарат немесе құрылғыларды суреттеу, құрылыс, жоба және таға басқа салаларды қамтитын техникалық мамандандырылған құжаттар аудармасы. Ғылыми-техникалық аударманың басқа аударма түрлерінен басты айырмашылығы мақала, хат сияқты қарапайым мәтіндерде көп кездесе бермейтін арнайы терминдер жиынтығы болып табылады. Жалпы ғылыми-техникалық аударма материалдарына құрылыс немесе сауда-саттыққа байланысты құжаттар, тұрмысқа қажетті заттар немесе компьютер техникалық құжаттары сияқты түрлі ғылым салаларына қатысты техникалық құжаттар жатады.

Ғылыми техникалық аударманың түрлері:

Материалдың жазбаша аудармасы.

Материалдың аннотациялық аудармасы.

Материалдың реферативті аудармасы.

Материалдың тақырыпшаларының аудармасы.

Материалдың ауызша техникалық аудармасы.

Ғылыми-техникалық аударманың ерекшелігі – материалды көп әсірелеусіз дәлме-дәл аудару, яғни техникалық мәтінді аударатын маман басты ақпаратты таба біліп, сол ақпаратты еш алаңдамай анық жеткізуі тиіс.

Ал жалпы аудармашы маманға әр салаға байланысты техникалық аударманың әртүрі қолданылатындықтан, берілген материалды белгілі уақытта жоғары деңгейде аудару білу шеберлігі, яғни профессионалдылық қажет. Мысалы, көлік құрастыру саласында көбінесе ауызша техникалық аударма қолданылады, себебі көлік компанияларының арасында келіссөз кездесулер жиі болып тұрады, сол кезде техникалық аударманың ауызша түрі керек болады. Ал мұнай газ саласындағы келіссөзге ауызша, келіссөз құжаттарда жазбаша техникалық аударма қолданылады, бірақ көбінесе бұл салада аннотациялық түрі пайдаланылады. Көлемді материалдарды аудармашы өз жауапкершілігіне алып, басты ойды аударды. Техникалық аударма қазіргі кезде инструкцияларды аудару кезінде де жиі қолданылады. Инструкциялық аударма қазіргі таңда импорттың өсуімен сұранысқа ие болып отыр.

Ғылыми-техникалық, ресми аударма түрлеріне қойылатын талаптар:

1. Дәлдік – аударма мәтінінде түпнұсқада айтылған, түсіндірілетін барлық жағдайлар болуы қажет.
2. Ықшамдық – түпнұсқаның барлық жағдайы қысқа және ықшам айтылуы керек.
3. Анықтық – аударма тілінің ықшамдылығы мен қысқа айтылуы лексикалық мазмұнына ықпал жасамауы қажет.
4. Әдебилік – түпнұсқаның синтаксистік тіл конструкцияларының қолдануынсыз, аударманың мәтіні әдеби тілдің белгілі нормаларын қанағаттандыруы керек. Түпнұсқа мәтінінде кездесетін барлық қысқартулар ортақ және арнайы қысқартулар арқылы арнайы шифрлармен шешілуі қажет. Шифрлануға келмейтін қысқартулар түпнұсқа тілінде қалады. Ғылыми техникалық терминдер мен географиялық атаулар эквиваленттермен алмастырылады.

Аударма сөзбе-сөз және еркін аударма деп бөлінеді. Сөзбе-сөз аударма – түпнұсқа мәтіндегі тілдік бірліктердің көшірмесін аударма мәтініне көшіру. Аудармашы ақпарат қана беріп қоймай,

мәтінді өзіндік талғамымен ұлттық накышын жоғалтпай жеткізуге тырысады. Мұндай аударма тәсілін тікелей немесе сөзбе-сөз аударма десе, екіншілері нақты аударма деп атайды. Орта ғасырларда сөзбе-сөз аударма қарқынды дамыды. Аудармашылар теориялық принципке емес, қасиетті ілімдерге сүйенді, көбінесе діни кітаптар сөзбе-сөз аударылды. Кейін еркін аударма ұғымы қалыптасып, өзінің бастапқы көрінісінде идеалды болып көрінбеді. Еркін аударма мен сөзбе-сөз аударманы қарама-қарсы деп қарау соңғы кезге дейін сақталды, яғни бұл аударылатын мәтіннің қасиетіне ғана емес, аудармашының мәтінді түсіну мақсатымен жасалған аударма мазмұнына сай бөлу еді. Мұндай айырмашылық көбінесе көркем аударма кезінде көрінеді. Көркем аударманы жасаушы аудармашы сөзбе-сөз аударма арқылы ғана түпнұсқа мәтіннің мағынасы дәлме-дәл көрінеді деп есептелді және олар еркін аударма ешқашан дұрыс болмайды, себебі еркін аударма кезінде ең бастысы түпнұсқаның көркем әдеби құндылығы жеткізілмейді дейді. Сөзбе-сөз аударманың қазақ өлең тәржімесіне жасаған теріс ықпалы нақты мысалдармен дәлелденеді. Сонымен бірге сөзбе-сөзшілдікті, әріпшілдікті жерден алып, жерге сала берудің де жөні жоқ. Әріпшілдік – ғылыми ұғым. Оның да өзіндік жолы бар. Егер аударма тарихында әріпшілдік әдісі болмағанда аудармадағы дәлдік те дәл қазіргі деңгейінде болмас еді. Аударма әдебиетінің құрылымындағы заңды элемент ретінде әріпшілдік өз қызметін атқарды. Негізінде, әріпшіл аударманың тәржіменің басқа түрлеріне дес бермей кететін тұстары көп-ақ. Мысалы, саяси құжаттар, әсіресе дипломатия саласының аударма ісінде әріпшілдіктен артық, әріпшілдіктен сенімді ештеңе жоқ. Ал поэзияға келгенде де әріпшілдік әдіспен жасалған аудармалардың өзіндік орны ерекше болатын жайлары кездеседі. Тура аударманың ХХ ғасырда біржола орнығуына адамзат санасына нақтылықтың кірігуі де үлкен себепкер болды. Қай салада да ғылыми дәлдік, қай тақырыпта да ауа жайылмай сөйлеу талап етілетін жаңа заман аударма өнеріне де өзіндік ықпалын тигізбей қоймады.

Аударма дегеніміз – бір тілде ауызша айтылған ой-пікірді, болмаса жазылған мәтінді тыңдаушыға, оқушыға екінші тілде, яғни оның ана тілінде түсінікті етіп жеткізу. Осыған байланысты аударманың көптеген түрлері бар. Соның ішінде тура аударма мен еркін аударма деген екі аударма түріне тоқталсақ, екі аударма түрі бір-біріне ұқсайды, дегенмен де ерекшеліктерін білуіміз ке-

рек. Тура аударма аты айтып тұрғандай бір тілде ауызша айтылған ой-пікірді немесе жазылған мәтінді екінші тілге тура сөзбе-сөз аудару болып табылады. Бірақ тура аударма айтылған немесе жазылған мәтіннің тура мағынасын әрқашан жеткізе бермейді. Ал еркін аударма бір тілде ауызша айтылған ой-пікірді немесе жазылған мәтіннің жалпы мағынасын аудармашының өз түсінігінше аударуы болып табылады. Яғни еркін аудармада басты міндет – түпнұсқа формасымен аударманың еш сәйкестігі болмаса да, түпнұсқаның жалпы ойын немесе мағынасын жеткізу. Ал екі аударманың ұқсастығы екі аударма түрінде де автордың күйі, эмоциясы білінбейді, яғни еш эмоционалды экспрессивті сөздерсіз аударылады десек те болады.

Қазақ өнерінде өткен ғасырдың 20-жылдарынан бастап бой көрсеткен бейімдеп аудару тәсіліне назар аударылады. Еркін аударманың алғашқы ретінде белден басып кете берудің мысалдары бізде де кездескені көрсетіледі. Ұлттық сөз өнеріндегі тырнақалды тәржімелер болғандықтан, олардың түпнұсқадағы өлең өлшемі де, сөз саптауы да, тіпті көлемі де өзгеріп кетіп отырады, бірақ аудармашы шығарманың айтар ойын дәл ұстайды, сөз түйінін де дәл табады. Жалпы, еркін аударманың ерекшелігі де алдымен авторды өз қалпынша қайта сөйлетуге емес, оның айтар ойын жеткізуге күш салатындығында. Дегенмен әр нәрсенің өз жөні бар. Шығармашылық та еркіндіксіз болмайды. Аудармашының еркінсіп кетуі – ерсілік. Бәрі өлшеміне байланысты. Еркін аударманың хрестоматиялық мысалы, классикалық үлгісі – Лермонтовтың Гетеден аударған «Тау шыңдары». Гетедей алыптан алшақтаған, өз бетінше кеткен деп осынысы үшін Лермонтовты айыптау ешкімнің ойына келмейді. Еркін аударманың ерен түрін Абайдан да табамыз. Абайдың «Евгений Онегиніндегі» талай тұсы сондай. Абай еркіндігі оған Пушкин романын арқау ете отырып, төлтума дейтіндей туынды шығаруға мүмкіндік берді. Еркін аудармадан әріпшіл, яғни сөзбе-сөз аудармаға көшкен кезенді толықтай кері кету деп санау жөнсіз. Әріпшіл аударма болмаса еркін аудармадан барабар аудармаға бірден секіріп өту мүмкін де емес еді. Осы арқылы өзге тілдегі туындыларға абайлап, ықтияттап қарауға көшу рецепцияның жаңа белесінің көрінісіне айналды. Еркін аударма кезінде аудармашы мәтіннің мазмұнын жоғалтпай, баламалап аударма жасайды.

Тақырып бойынша пысықтау сұрақтары:

1. Теориялық және практикалық аударма дегенді қалай түсінесіз?
2. Аударманың лексикалық әдістері туралы не білесіз?
3. Аударманың қандай түрлерін білесіз?
4. Ауызша аударма мен жазбаша аударманың басты айырмашылықтары қандай?
5. Жазбаша аударма туралы айтып беріңіз.
6. Ақпаратты аударма туралы айтып беріңіз.
7. Ілеспе аударма дегеніміз аударманың қандай түрі?
8. Көркем аударма негіздері қандай?

Адекватты және эквивалентті аударма

Барабарлық (эквиваленттілік) – аудару теориясында өте күрделі және көп қырлы ұғым ретінде қарастырылады. В.Н. Комиссаровтың пікірінше, «эквиваленттілік ұғымы аударманың негізгі ерекшелігін ашып, қазіргі аударматануда негізгі ұғымдардың бірі болып табылады». Эквиваленттік термині қазіргі заманғы аударма теориясында жақын арада пайда болған делінеді. Эквиваленттік ұғымының қашан, қайда және қалай аударма теориясына енуі жайында түрлі ой-пікірлер бар, алайда негізгі тұжырым бойынша алғаш рет эквиваленттік термині қазіргі заманғы аударма теориясында машиналық аудармаға қатысты пайда болды, ал адам арқылы жүзеге асатын аудармаға қатысты қолдануды алғаш рет Р. Якобсон 1959 ж. «Аударманың лингвистикалық аспектілері туралы» атты мақаласында ұсынған. Аударманың түпнұсқаға адалдығы, қос тілдегі шығармалар мазмұнының сәйкестігі, аударма үдерісіндегі аудармашының еркіндігі мен шығармашылық мәселелерді шешу қабілеті және аударуға келмейтін сөз немесе мәтінді аудару амалдары ертеден бері талқыланып келді. Аударма теориясы дүниеге келген мезеттен бастап «эквиваленттік» ұғымы аударма ғылымы саласымен тұтасып, бірегейіне айналды. Аударма тарихында ерте заманнан бері еркін және сөзбе-сөз аударма тәсілдеріне қатысты дау-дамайлардың орын алғаны мәлім. Осы орайда, эквиваленттікті еркін және сөз-

бе-сөз аударма арасын жалғастырып тұрған көпірге теңеуге болады. Эквиваленттік – түпнұсқа мен аударма мәтіндері бірізділігінің өлшемі, аударма мәтіні адалдығының алғышарты, аудармашының кәсібилігі мен дағдысының бірден-бір көрсеткіші. Ұзақ уақыт бұл мәселелердің барлығы жеке түрде зерттеліп, дамыды. Ал ХХ ғасыр, аударма теориясының «алтын ғасырында» алғаш рет бұл мәселелердің барлығы ортақ термин, ортақ ұғым және аударма теориясының бірден-бір маңызды бөлігі – «аударма эквиваленттігі» ұғымына айналды. Аударма мен түпнұсқаны салыстыру нәтижесі – эквиваленттіктің бірнеше түрі бар және олардың әрқайсысында бастапқы мәтіннің түрлі бөлшектері кездеседі. Эквиваленттіктің деңгейлерін зерттеу, аудармашының барлық белгілі бір жағдайларда түпнұсқаға дәрежесі жақын аудармаға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Түпнұсқаға сәйкестендірілген аудармалар түрлі деңгейде болады және олар тіларалық делдалдылық түрінде емес, мәтіннің нақты аудармасы болып қалады. Эквиваленттіктің түрлерін құрастыру, минималды эквиваленттіктен максималды эквиваленттікке жеткізу сатысын және де объективті, нақты шекара, нағыз аударманы «жалған» аудармадан айыратын түрлерін орнатып, эквиваленттіктің теориялық деңгейіне жеткізеді.

Диахроникалық (тарихи) аударма.

Диахронды аударма дегеніміз – көне тарихи мәтінді қазіргі заман тіліне аудару. Сонымен қатар синхронды аударма – бір заманға жататын әдеби мәтінді аудару. Бұларды тілдік тұрғыда Л.Л. Нелюбин зерттеген болса, В.С. Виноградов лингво-мәдениет тұрғысынан қарастырған. Жалпы диахрондық аударма кезіндегі басты қиындықтар тілдік және мәдени болып табылады. Себебі тіл және мәдениет түрлі тарихи уақытты бастан кешірген, әр заманда әртүрлі болып келген. Сондықтан оларды дұрыс түсініп, өз заманымыздың тіліне, қоғамның санасына дұрыс жеткізу оңай емес. Сонымен қатар көне мәтіндер әр заманда әртүрлі аударылған дейді ғалымдар. Синхронды аударма кезінде аудармашы лексикалық және синтаксистік көнерген терминдерді тез түсініп анықтай алатын болса, диахронды аудармада оларды тез анықтау мүмкін бола бермейді. Себебі ол – көне заман тілі. Қандай да бір атақты туынды бар дейтін болсақ, ол қазір де жалпы халықтың санасында болса да, оның тілі уақыт өте көнере береді. Түсінуде қиынға соғады. Виноградов: «Аударма – сөз өнерінің ерекше түрі», – дейді.

Дәстүрлі аударма түрі

Аударма – белгілі бір о бастағы мәтіннің барлығын басқа тілге түсінікті етіп жеткізу үдерісінің жүргізілуін алғышарт етіп қоятын әрекет түрі. Аударма саласында дәстүрлі аударма деген бар. Ол автоматты түрдегі аударма саласымен салыстырғанда көп қолданылады. Бұл аударма – қандай да бір мәтінді ана тілімізге түсінікті етіп, алмастыратын сөздер болса алмастырып, грамматикалық тұрғыдан, өзге де ережелерге сай етіп дұрыс аудару жолы. Себебі машиналы аудармада ешбір грамматикалық ереже сақталмай, тек сөздер тізбегі шығады. Сондықтан көп жағдайда дәстүрлі аударма түрін, автоматты аудармамен салыстырып, соған қарама-қарсы қойып жатады.

Транскрипция және транслитерация

Аудармадағы транскрипция дегеніміз – бастапқы лексикалық бірліктердің аударма тіліндегі фонемалар арқылы фонемалық ресми қайта жаңғыруы, негізгі сөздің фонетикалық имитациясы. Бұл жерде бастапқы сөз аударма мәтнінде аударма тіліндегі айтылу сипатына сай түрде беріледі. Мәселен, Shakespeare – Шекспир есімінің қазақ тіліне аударылуы ағылшын тілі дыбыстарының оқылу заңдылықтарына ішінара сәйкестенсе, қазақ тілінде фонетикалық сәйкессіздік болған жағдайда ішінара ұқсас түрлеріне түрлендіріледі. Мұндай транскрипция амалы ағылшын есімдерін қазақ тіліне аударуда қолданылады. Транскрипция фирма, компания, баспа, автомобиль маркалары, мерзімді басылымдар атауларын аударуда қолданылады: Subaru – Субару, «Атамұра» – Atamura. Аудармашының қиын мәселелердің бірі деп басты назар аударатыны – бастапқы мәтіндегі мәдениетке сай, бірақ аударма тілінің мәдениетінде мүлде кездеспейтін ұлттық-мәдени объектілер атауы – реалийлер. Кең көлемді мәдениетаралық коммуникация жағдайында бұл атаулар үлкен топ құрайтындықтан, оларды аударуда транскрипция не транслитерация әдістерін қолданған қолайлы. Тағы бір транскрипция тәсілі арқылы аударылатын мәдени-реалийлер түрі – фольклорлық және әдеби шығармаларда кездесетін фантастикалық тіршілік иелері атаулары мен есімдері. Алдаркөсе – Aldarkose

Транслитерация (лат. *транс* – арқылы, *литтера* – әріп) – бастапқы лексикалық бірліктерді аударма тілінің әліпби арқылы әріптік ресми қайта жаңғыруы, негізгі сөздің әріптік имитациясы. Бір жазудағы әріптерді екінші жазудағы әріптермен, яғни бір әліпбидегі жазуды басқа бір әліпбиге ауыстыру. Егер сөздердің дыбыстық құрамына әліпби сәйкес келсе, онда әріптерді ауыстыру қиындық келтірмейді. Ал сөздердің дыбыстық құрамына әліпби сәйкес келмеген жағдайда оларды жазу күрделене түседі. Қазақ жазуын араб әліпбиіне, латынға, латыннан орыс тіліне ауыстыруда бірқатар қиындықтар туғаны белгілі. Транслитерацияға деген қажеттілік XIX ғасырдың соңында орыстардың ғылыми кітапханасын біртұтас каталогқа енгізу кезінде туындаған болатын. Орыс тілінде транслитерация орыстың аударма әдебиеттерінде көптеп ұшырасады. Мысалы, ағылшынның мэр, лэндлорд, испан тілінің идальго, тореро, коррида, т.б. Транслитерация лексикалық қысқартуды жүзеге асыруда, оның аудармасы аударылатын тілде болмаған кезде, сөздің ерекшелігін сақтауда маңызды.

Калькалау

Аударма тілінде сәйкес үйлесімділігі болмайтын тілдік бірліктерді аудару үшін қажет транслитерация тәсілімен бірге калькалау тәсілі де қолданылады. Калькалау дегеніміз – сөздің құрам бөліктері (морфемалар) немесе фразалар (лексемалар) аударма тілінің элементтеріне сәйкес аударылатын біріккен сөз құрамы немесе сөз тіркестерінің айтылуы. Калькалау аударма тәсілі ретінде транслитерация белгілі бір себептермен эстетикалық, мағыналық не басқа да ұстанымдарға байланысты қолданылмаған кезде мәдениетаралық коммуникация жағдайында үлкен көлемдегі әртүрлі кірме сөздердің енуіне негіз болды. Саяси, ғылыми және мәдени салалардағы сөз тіркестерінің көпшілігі калькалаудан тұрады: Үкімет басшысы – head of the government, Жоғары Сот – Supreme Court, Аралас заңдар – mixed laws, Сайлау шешіміне сенімсіздік – non-confidence vote, т.б. Транскрипциядан калькалаудың ерекшелігі – оның негізгі түрді аударма тіліне механикалық түрде жай аудару салу әрекеті еместігі және көбіне кейбір өзгертулерге жүгіну керектігін білдіреді. Ең алдымен, бұл септік түрлерінің, сөз тіркесіндегі сөздер санының, аффикстер, сөздердің орын тәртібінің, сөздің морфологиялық және синтаксистік атқаратын қызмет-

терінің өзгерістерін камтиды. Мәселен, ағылшынның skinheads не skinheaded сөздері skin сөзінің семантикалық мағынасынан ауытқып, калькалау арқылы жасалып, тықырбастылар не бәкібастылар деп жалпы өзгереді. Калькалау арқылы, әдетте терминдер, кең қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері аударылады: тарих пен мәдениет ескерткіштерінің атаулары – Қысқы Сарай – Winter Palace, Ақ Үй – White House, көркем шығармалар атаулары «Ақ Гвардия» – «The White Guard», «Соғыс пен бейбітшілік» – «The War and the Peace», «The Painted Veil» – «Боялған перде», саяси партиялар мен қозғалыс атаулары – Демократиялық партия – The Democratic Party, «Ақ жол» партиясы – «The Bright Way» Party, тарихи оқиғалар – Бату ханның шабуылы – The invasion of Batu Khan, сөз тіркестері ағарту жемістері – the Fruits of the Enlightenment және т.б. Бұл тәсілді қолданудағы ерекше қиындық негізгі құрылымды кеңейту мен тарылтуға байланысты, яғни оған қосымша элементтерді қосу немесе түпкі элементтерді қысқарту. Мысалы, мылжың сөзі аралас құрылымы кеңейген калька арқылы have a long tongue деп аударылса, моңғол-татар шапқыншылығы қысқарған калька арқылы the Tartar Conquest немесе the Mongol Onslaught деп беріледі.

Аударма модификациясы

Модификация – (лат. *modificatio* – өзгеріс) – түр өзгеріс, жаңа қасиеттердің пайда болуына байланысты өзгеріске түсу. Аударма модификациясы лексика-семантикалық жағынан өзгеріске түсуі мүмкін. Осы лексика-семантикалық өзгеріс тәсілдерінің ішінен керектісін таңдай алу – аудармашының негізгі кәсіби біліктігінің бірі. Мұндағы басты нәрсе сөздікпен жұмыс істей алу, өйткені тек сөздіктегі баламаларды сәйкестендіріп қана емес, сонымен бірге олардың ақпараттық мүмкіншілік айырмашылық деңгейін белгілеу керек. Кей жағдайларда аударылатын сөздердің аударма тіліндегі баламасының жоқтығы анықталады. Бұл кезде аудармашыға сөздіктерден басқа қиял, ішкі түйсік, тілді түсінушілік және мәдени дүниетаным көмек бере алады. Мұндай сөздер мен сөйлемдерге тек қана көп мағыналы сөздер ғана емес, сонымен бірге бір мағыналы, бастапқы тіл мен аударма тілінде әртүрлі қызметтік сипаттамаға ие бірліктер де жатады. Осы сияқты жағдайда басты орында сөз емес, оның бастапқы

мәтінде контекске сай болатын мағынасы маңызды болған сәтте аудармашы аударма модификацияларына, яғни түр өзгерістеріне жүгінеді. Олардың қатарына бастапқы мағынаны тарылту немесе кеңейту, нейтралдау (бейтараптау) немесе эмфазаны (мәнерлілік) күшейту, функционалдық (қызметтік) ауыстыру, суреттеу немесе түсіндірме сияқты аударма өзгерістері жатады. Аударылатын сөздің бастапқы мағынасын тарылту не нақтылау негізгі бірліктің ақпараттық реттелу мөлшері аударма тілінде мағынасы жағынан сәйкес болатын бірліктерге қатысты қолданылады. Бастапқы мағынаны кеңейту не жалпылау негізгі бірліктің ақпараттық реттелу мөлшері аударма тілінде мағынасы жағынан сәйкес келетін бірліктің реттелуінен жоғары болған жағдайда қолданылады.

Фразеологизмдерді аудару

Тарихи қалыптасып, құрамындағы сөздерден мүлдем басқа мағына беретін тіркестерді тұрақты сөз тіркестері немесе фразеологизмдер деп атайды. Фразеологиялық бірліктердің зор мүмкіндіктері мен оларды аударудағы қиындықтың куәсі – көптеген жазушылар, журналистер және де тілдің шығармашыл тұлғалары тұрақты сөз тіркестерін қолданып қана қоймай, оларды шығармашылықпен қайта құрып, өзгертуінде. Фразеологизмді табу мәселесінен басқа, аудармашы екі түрлі тілдегі мағынасы ұқсас фразеологизмдердің арасындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктерге жолығады. Мағынасы сәйкес келген фразеологизмдер әртүрлі стилистикалық ренкке, түрлі бейнелік негізге, тіпті түрлі эмоционалдық қызметке ие болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда бастапқы мәтінде, мысалы, көркем немесе публицистикалық бейнені сомдау үшін фразеологизмдерді қолдану ұлттық-мәдени ерекшеліктерді пайдалану мүмкіндіктеріне сай құрылады. Бұл жердегі мәселені шешуге сөздіктегі баламаның болғаны да көмектеспейді. Мәселен, when Queen Anne was alive (сөзбе-сөз: Анна ханша тірі болған кезде) сөз тіркесі қазақ тіліне ұқсас баламамен аударылса да, басқа сөздік-бейнелік құраммен аударылады: «атам заманда». Ең бастысы – онымен байланысты тарихи-мәдени ассоциациялар шындығы. Аудармадағы келесі қиындық көне мәдениеттен бастау алған және әртүрлі мәдениеттерде түрлі сипат пен эмоционалдық рен, тіпті түрі өзгерген фразеологизмдерді табумен байланысты. Мысалы, ағылшынның Rome was not built

in a day мақалы орыс тілі нақышымен қазақ тіліне «Мәскеу бір күнде қаланбады» деп қолданысқа енді. Алайда оны балама ретінде қолдану әркез мүмкін емес. Фразеологиялық бірлік түрлерінің ішіндегі аударуға өте қиыны – қазіргі таңдағы реалийлерге негізделген фразеологизмдер. Олар жана мәдениеттің халықаралық сөздіктеріне еніп, тез арада белгілі болып, кеңінен қолданылады. Мәдени жағынан елдер, қалалар мен белгілі қайраткерлер атаулары мен есімдеріне деген парафразалар аудармада күрделі жағдай туындатады. Мысалы, орыс және қазақ тілдеріне таныс «біздің барымыз» тіркесі Пушкинмен немесе Абаймен бейнеленсе, ал оның ағылшын тіліндегі тура аудармасы «our Everything» ағылшын тілді мәдениет иесіне ешнәрсені білдірмейді. Қорыта келгенде, аударма барысында фразеологиялық бірліктермен жұмыс істей отырып, аудармашы тек екі тілді біліп қана қоймай, бастапқы мәтінді аударма тілі және мәдениетімен салыстыра отырып, оның стилистикалық және мәдени-тарихи аспектілерін талдай білуі керек.

Фразеологизмдерді аудару – бір ғана мағына беретін тұрақты сөз тіркестер. Оларға тән нақты қасиеттер: 1. Оның қолданылуы. Мұндай жағдайда фразеологизмдер қайта пайда бола бермейді. Ол сол елдің жалпы халқына, қоғамына түсінікті болып келіп, күнделікті тұрмыста қолданылады. Әрине, бастапқы уақытта оның авторы болса, кейін автор ұмытылып, жалпы халықтық өнеге сөздерге айналған. 2. Семантикалық тұтастығы. Фразеологизмдердегі жеке сөздер жеке тұрып сол тұрақты тіркестің мағынасын бермейді. Яғни бірігіп қана бір нақты мағынаны береді. 3. Бөлек көркемделуі. Фразеологизмдер екі немесе одан да көп сөздерден тұрады. Оның құрамындағы сөздер саны тұрақты сөз тіркесінің мағынасына әсер етпейді. 4. Тұрақтылық. Фразеологизмдер бірнеше сөзден тұрып, бір ғана мағына береді. Яғни құрамындағы сөздер тұрақты болады. Себебі сол сөздердің қосындысы мен мағынасының арқасында өзге мағына беретін тұрақты тіркес пайда болады. Бірақ кейде құрамындағы сөздердің орнына сол сөздің бірыңғай мүшесі қолданатын кездер де болады. Фразеологизмдерді аударудың мынадай түрлері бар:

1. Эквиваленттілік – аударма тілінің фразеологизмін аударылатын тілге мағынасы және сөйлем құрылысы бойынша дәл аудару. Екі тілдегі фразеологизмдердің толық сәйкес келуі толық эквиваленттілік деп аталады. Толық емес эквиваленттілікте екі

мәтіннің грамматикалық құрылымы мен лексикалық мағынасын да айырмашылық болады.

2. Ұқсас аударма – екі мәтіннің құрылымдық компоненттері сәйкес емес, бірақ лексикалық мағынасы жағынан сәйкес келетін аударма.

3. Баяндау – аударылатын фразеологизмді баяндап жазу, бір эквивалентті немесе бірнеше эквивалентті сөзбен жеткізу.

4. Біріктірілген – аударма жоғарыда айтылған тәсілдер арқылы жүргізіледі. Фразеологизмдерді ұқсас және баяндау тәсілдері арқылы жеткізу. Бұл, көбінесе, аударылатын тілдің фразеологиялық бірліктері түпнұсқа тілінің фразеологиясын жеткізе алмаған кезде қолданылады.

Сөз тіркесі деңгейіндегі синтаксистік өзгерістер

Еркін сөз тіркесі аудармасында оның компоненттерінің аудармасы маңызды рөл атқарады. Біртұтастық элементтердің аудармасынан құралады, бірақ элементтердің бір-біріне қатынасы ескеріледі. Еркін сөз тіркесінде сөздер маңызды сағыда өздерінің өз мағыналарын сақтап қалады. Сондықтан аудармашыға жеке сөз аудармасымен байланысты сұрақтар қатарын шешуіне тура келеді. Атрибутивті сөз тіркестері еркін сөз тіркестерінің көп таралған түрлерінің бірі болып есептеледі. Мысалы: *supersonic spreading* – жоғары дыбысты ракеталар мен ұшақтардың құрастырылуына арналған шығындар. *Arab anger* – арабтардың (гнев арабов, а не «арабский гнев»), *European peace* – Еуропадағы өмір (бірақ «Еуропаның өмірі» емес) («мир в Европе», а не «Европейский мир»), *anti war GIs* – соғысқа қарсы шығатын солдаттар, пацифист-солдаттар (солдаты, выступающие против войны, солдаты-пацифисты (а не «антивоенные солдаты»). Ішінара аударманың бірнеше нұсқасы бар: Қысқарту (бастапқы сөз тіркесінің бір немесе бірнеше элементін түсіріп кету); Кеңейту (сөз тіркесіне бір немесе бірнеше элементті қосу); Функционалдық ауыстыру (сөз тіркесінің бір немесе бірнеше бастапқы элементтерінің лексика-семантикалық немесе морфологиялық жағдайын өзгерту); Орын ауыстыру (сөз тіркесі жағдайында сөздердің орын тәртібін өзгерту). Айтылу тәсіліндегі дәстүрлі айырмашылықтарға байланысты бастапқы сөз тіркесінің қысқартылуы басты тәсіл болып калады: ірі қара мал – *the cattle*, есі ауысқан – *insane*, оқу-тәрбие –

education, Daily bread – тамақ және т.б. Күрделі мәселелер атрибутивті сөз тіркестерін аудару барысында туындайды. Мұндай сөз тіркестерін аудару төмендегі әсерлерге тәуелді болады: сөз тіркесі элементтері, сөз тіркесінің құрамы және оның стилистикалық жағдайы арасындағы семантикалық қатынас. Бұл шарттардың өздері жеке-жеке немесе қосарлана отырып, өзгерістің бағытын және аударма тәсілдерін анықтайтындықтан, алдын ала семантикалық талдауды талап етеді.

Сөйлем деңгейіндегі синтаксистік өзгерістер

Біршама тиянақты ойды білдіретін бір сөзді немесе сөз тіркесін сөйлем деп атайды. Міне, сондықтан аудармаға қатысты көзқарас бойынша олардың түсініктемелері әртүрлі болады. Сөйлемнің аудармашыға біршама қиындық тудыратын осындай қасиеттері сөйлем ішіндегі барлық құрамдас бөліктердің орамдылығынан көрінеді. Олар аударма барысында ішінара немесе толықтай өздерінің грамматикалық немесе лексика-семантикалық кейіптерін өзгерте алады. Мәселен, өзгеріске орамды болып келетіні – бастауыш. Ағылшын тілінен қазақ тіліне бастауышты аудару барысында нөлдік аударма, функционалдық ауыстыру, орын ауыстыру тәсілдері қолданылады. Нөлдік аударма ағылшын тілінің формалды бастауышы бар, яғни лексика-семантикалық мағынасы жоқ, тек грамматикалық кейіптегі сөйлемдерді аударуда қолданылады. Мысалы: *It is a long way to the final solution* Соңғы шешімге дейін әлі алыс. Функционалдық ауыстырудың келесі бір кең тараған түрі – кенейту (оған қарама-қарсы тәсіл – тарылту) болып табылады. Ол арқылы бір сөйлем мүшесін топ немесе толық бағыныңқы сөйлемге айналдыруға болады. Синтаксистік және лексика-семантикалық жағынан күрделі сөйлемдерді аудару барысында бастапқы сөйлемді құрылымдық жағынан өзгертетін тарату немесе біріктіру тәсілдері қолданылады. Тарату тәсілі бойынша ұзақ немесе құрамы бойынша күрделі бір сөйлем екі немесе одан да көп сөйлемге бөлшектенеді. Бұл тәсіл грамматикалық (мәселен, егер сөйлем синтаксистік жағынан күрделі болса) және прагматикалық (егер сөйлем тізбектелген қайта құрудан тұрса) жағынан қиындықтар туғанда қолданылады. Мәселен, жарнама мәтіндерін аударуда осындай өзгерістер орынды болып келеді. Таратуға қарама-қарсы тәсіл – біріктіру, яғни бірнеше жай сөйлемдерді бір күрделі

сөйлемге біріктіруді мақсат еткен тәсіл синтаксистік немесе стилистикалық жағынан айырмашылықтар болған жағдайда қолданылады. Сөйлемдерді аударуға қатысы бар тағы бір антонимдік аударма деп аталатын тәсілді қарастырып өткен жөн. Бұл тәсілдің мақсаты – сөйлемнің болымсыздық немесе сұраулы формасын болымдыға немесе керісінше ауыстыру. Сөйлемді өзгерту тәсілдерінің қатарына қосу немесе түсіру тәсілдерін жатқызуға болады. Қосу тәсілдері, әдетте ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару кезінде, ағылшын тілі синтаксистік қысқа болып келу салдарынан қолданылады. Ал түсіру соған сәйкес қазақ тілінен ағылшын тіліне аударма барысында сөздерді түсіріп кетуде қолданылады. Қорыта келгенде, осында қарастырылған аударма тәсілдері, әдетте бастапқы мәтіннің өзгеруіне немесе қайта құрылуына байланысты ақпаратты жоғалтпау мақсатында ережеге сәйкес бірін-бірі толықтырып отырады.

Метафоралық бірліктерді аудару тәсілдері

Аударма барысында көп кездесетін стилистикалық бірлік метафора болып табылады. Қазіргі кезде бұл жағдайлар тілдік бірліктердің үйлесімділігіне сәйкес келмегендіктен, өзгеше, яғни метафоралық бірлік ретінде қарастырылады. Кейбір жағдайда метафораларды аударуда мәдени түсініктердегі айырмашылықтарға байланысты болады. Мысалы, көптеген жағдайда ағылшынның *black* эпитеті метафоралық мағынада қолданыла отырып, сөзбе-сөз аударылуы мүмкін. Өйткені бастапқы сөз қазақ мәдениетіне сай келеді. *Black day* – кара күн, қаралы күн, *black deed* – кара іс, т.б. Дегенмен кейбір жағдайда ағылшын және қазақ тілдеріндегі эпитеттің метафоралық қызметі сәйкес келмей қалады. Мұндай жағдайда бейнелік ауыстыруды қолдану талап етіледі: *black sheep* – нашар қой, *black frost* – шытынаған аяз, т.б. «Жануарларға» қатысты метафораларды аударудағы келесі мәселе метафоралық жағынан эмоционалды-бағалау бейнесімен байланысты болып келеді. Тағы бір ерекшелік – метафоралық мағынаны бейнелеуші антонимдік сөздердің бар болуы немесе болмауымен байланысты. Мәселен, қазақ тілінде метафоралық жағынан «шошқа» сөзін қолданғанда, ол екі мағынада беріле алады: біріншіден, «кір, лас, арам», екіншіден, «семіз, майлы». Бұл бағалаулар сәйкес келмейтіндіктен қазақ тілінде ол контексте сай түсіндірілсе, ал ағылшын тілінде олар әртүрлі метафоралық бірліктерді талап етеді.

«Ол нағыз шошқа» сөйлемін аударуда сөйлемді екі түрлі беруге болады: He is a pig – ол шошқадай семіз. He is a swine – ол шошқадай арам. Бұл жерде ағылшын тілінде балағаттау сөзінің қазақ тілінен айрықша келетіндігін байқауға болады. Ағылшынның баласын Piggy деп семіздігіне қарай лақап атпен атауы шошқа деп қазақ тіліне жағымсыз жақта аударылады. Дегенмен ағылшын мәдениетінде бұл ат тек бейнелік-метафоралық, келемеждеу атауын білдіреді. Сонымен, бұл метафораның түрі қосымша категория ішілік түр өзгерісін талап етеді. Мысалы, бұл сөзді аударма барысында торай деп, егер де қой атауы болса, қошақан деуге болады.

Аударма тілдік өзгешеліктерге байланысты ана тілден басқа тілге аудару, өзге тілден өз тілімізге аудару деп екі түрге бөлінеді. Аударма барысында ана тілінен басқа тілге аудару біршама қиын болады. Өйткені аудармашылардың басым көпшілігінде өзге тілмен бейнелеу қабілеті ана тіліндегідей бола қоймайды. Сондықтан да екі тілге бірдей жетік аударма білу әртүрлі аудармашы қол жеткізуге құлшынатын биік нысана болып есептеледі.

Аудармаға коммуникациялық теория тұрғысынан берілген анықтама Р.К. Миньяр-Белоручевке тиесілі: Аударма туралы ғылымның нысанасы – екі тілді қолдану арқылы жүзеге асатын жай ғана коммуникация емес, түпнұсканың аудармашы мен қабылдаушының өзара әрекеттесуін корреляциялайтын қызметтен құралатын коммуникация. Бұл коммуникацияның орталық буыны аудармашының қызметіне барып тіреледі немесе сөздік әрекеттің ең күрделі түрлерінің бірі болып табылатын аударма осы сөздің толық мағынасындағы аударма болып есептеледі.

Демек, аударма нәтижесінде екі сөз туындысы мен екі қабылдаушы қалыптасады. Аударма қандай да болсын коммуникация компоненттерін қосарландыра түседі. Аударма теориясын шынайы әлем заттарының, шынайы әлемнің адам санасында көрініс табуы мен адамзат тілдерінің ерекше көркем мүмкіндіктерінің ұқсастығы туралы іргелі білім деуге болады.

Аударма – құндылықты қайта таныту. Егер кез келген сөз туындысы шындықтың фрагментінің индивидуалды санасы арқылы бейнеленуі болса, онда аударма бейненің бейнесі, көріністің көрінісі болып табылады. Аударма шындықтың тікелей тура өзі емес, оның басқаның санасымен сарапталған көрінісі болады, өйткені біз фактінің бейнеленуін емес, факт туралы басқа біреудің ойын аударамыз. Аударма басқаның ойын қаншалықты анық жет-

кізе алады және ол қаншалықты қажет, аудармашылық «адалдықтың» шекарасы қайда деген сұрақтар легі аудармамен айналысатын әрбір адам алдында толассыз туындап отырады сөзсіз.

Қазіргі заманғы аударма теориясында «нақтылық», «түпнұсқаға адалдық», «дәлдік», «эквиваленттік» сияқты ұғымдармен қатар, «адекватты аударма» ұғымы кеңінен қолданысқа ие. Негізінен, «эквиваленттік» және «адекватты» терминдері ұқсас әрі өзара терең қарым-қатынаста болып табылады. Жалпы, бұл екі сөз этимологиялық тұрғысынан да бірдей, лат. «*auque*» – «тең, бірдей» түбірінен шыққан.

Сонымен, адекватты аударма дегеніміз не? Аударма теориясында адекватты аударма маңыздылығы жағынан қандай орынға ие? Аударма эквиваленттігі мен адекватты аударма айырмашылықтары қандай?

Комиссаровтың анықтамасы бойынша, адекватты аударма дегеніміз – аударма әрекетінің прагматикалық міндеттерін, осы әрекеттердің жүзеге асуына максималды түрде лайықты эквиваленттік деңгей шеңберінде орындайтын аударма.

Адекватты аударма аударма тілі қағидалары мен нормаларын бұзуға жол бермей, белгілі типтегі мәтіннің жанрлық және стилистикалық талаптарын орындап, жалпылама танылған аударманың конвенционалды нормаларына сәйкес болады. Жалпы, Комиссаров «адекватты аударманы» «жақсы аударма» деп атап, аударма сапасын бағалауға қатысатын коммуниканттар немесе жауапты адамдардың сенімдерін ақтайтын аударма деп тұжырымдайды.

Ал эквивалентті аударма дегеніміз – түпнұсқа тіліндегі мәтін мазмұнын эквиваленттіктің белгілі бір деңгейінде жеткізіп тұратын аударма. Түпнұсқа мәтін мазмұнына баяндалып тұрған барлық ақпарат: түпнұсқа мәтінін құрайтын тілдік бірліктердің пәндік-логикалық (денотативті) және коннотативті мағыналары, мәтіннің прагматикалық потенциалы. Негізінен, кез келген адекватты аударма (белгілі бір деңгейдегі эквиваленттікте) эквивалентті болуы тиіс, алайда кез келген эквивалентті аударма эквивалентті нормалардан басқа нормативті талаптарға тиесілі болмаса, адекватты бола алмайды.

Гарбовский бойынша, адекватты термині аударма теориясына таным теориясынан енді. Таным теориясында «адекватты» дегеніміз – объективті қатынастардың ұғымдары және талқылауларының дұрыс жаңғыртылуы. Аударма теориясында мұндай

жүйенің орнына құрамдас бөліктерінің байланысы орнаған түпнұсқа мәтіні алдыңғы орынға шығады. Ал аударманың мақсаты осы жүйедегі байланыстар мен қатынастарды сақтай отырып, аударма тілінде жаңғырту болып табылады.

Адекватты сөзінің синонимдері бірдей, дәл, дұрыс, нақты және бұл сөздердің барлығы аударма мәтіні түпнұсқа мәтініне қатысты қандай болу керек екендігін сипаттайды. Бұл сөздер барлық сипаттары жағынан түпнұсқа мәтінімен бірдей, мәселен, көлемі жағынан аударма мәтіні түпнұсқа мәтінінен асып түспеу немесе керісінше қысқа болмау керектігін білдіреді. Бірақ аударма мәтінінің түпнұсқа мәтінімен толығымен дәлме-дәл болуы шартты мәселе және бұл міндетті орындау қиынға түседі.

Аударма теориясындағы «адалдық» ұғымы сонау антикалық кезеңнен бастап сөзбе-сөз аудармамен сәйкестендірілді. Аударма теоретиктері ұзақ уақыттан бері аудармашы кімге адал болуы керек, түпнұсқа авторына ма, түпнұсқа мәтініне ме, әлде аударма мәтіні түпнұсқамен толығымен сәйкес деп сенетін оқырманына деген сұрақтарды талқылап келеді. Жалпы аударма мәтіні адалдық ұғымына сәйкес болуы тиіс. Алайда, өкінішке орай, көп жағдайда аударма толығымен түпнұсқаға сәйкес келмейді және аударма үдерісінде түпнұсқа шығынға ұшырайды.

Ал белгілі Ресей аударма теоретигі Федоров басқа терминологияға жүгінеді. Федоров үшін ең маңыздысы – аударма мәтіні мен түпнұсқа мәтінінің функционалды сәйкестігі. Ал Комиссаров коммуникативтік теңдіктің кең ауқымды түсініктемесін қолданады.

Ертеден бері «адекватты» сөзі субъектілер мен ситуациялардың арасындағы қатынас әрекеттері жүзеге асқанда, осы әрекеттер белгілі бір нәтиже алып келген немесе осы әрекеттер мінез нормаларымен байланысқа түскен жағдайда қолданылады. Алайда объектілер бір-бірімен адекватты бола алмайды.

Адекватты ұғымының аудармаға қатыстылығы, ең алдымен, аударманың қоршаған ортамен байланысы негізінде пайда болған қасиеттеріне назар аудартады. Адекватты аударма коммуникацияға қатысушылардың осы аудармаға қатысты сенімдерін толығымен ақтап, осы аударма жүзеге асқан қоршаған ортамен байланысқа түседі. Адекватты категориясының негізгі сипаттамасы аударма мәтінінің түпнұсқа мәтініне қаншалықты сәйкес мәселесі емес, осы аудармаға деген коммуникацияға қатысушылардың үмітінің ақталған мәселесі болып табылады.

Коммуникацияға қатысушыларға түпнұсқа мәтіні авторымен қатар аударма мәтінін қабылдаушы оқырман да жатады. Мұндай деңгейдегі аударма адекваттылығы, әсіресе ауызша аудармада, яғни түпнұсқа мәтіні аударма үшін жасалып, осы мәтінді аудару шарттары және аударманың жүзеге асу үдерісінің сипаттары бастапқыдан анықталған кезде пайда болады. Қос коммуникант, егер коммуникация сәтті болып, коммуникация міндеттері шешілген кезде аударманың адекватты болғанын растайды. Осы орайда, екі коммуникант та аударма мәтіні түпнұсқа мәтініне толығымен эквивалентті екендігіне күмән келтірмейді. Бұл уақытта, Горбовский бойынша, «коммуникативтік теңдіктің презумциясы» дүниеге келеді.

Дегенмен адекватты ұғымы аударма сипаты ретінде негізінен аудармашымен жасалған ақпаратты қабылдаушыға негізделген. Белгілі бір тілдің «ішкі қолданыс» мақсатында, яғни тілдік шығарма ретінде жасалған және бастапқыдан басқа тілге аудару мақсатында жасалмаған әрбір мәтін жағдайында адекватты ұғымы толығымен аударма өнімін қабылдаушыға негізделеді. Дәл осы адекватты аударма ұғымы түпнұсқа мен аударманың коммуникативтік сәйкессіздіктер деңгейін анықтап, коммуникация міндеттерін орындауға қажетті шешімдерді табуға үлес қосады. Осы себептерден, кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, адекваттылықтың түрлі деңгейлерін бөліп қарастыру керек.

Бархударовтың зерттеулерінде «аудармашы-практик аударма үдерісін жүзеге асыру барысында және аудармашы-теоретик аударма үдерісін сипаттау кезінде, яғни аударманың моделін жасауда алдына қоятын негізгі мақсаты түпнұсқа мәтінінде аударуға келетін минималды бірлікті немесе аударма теориясындағы аталмыш «аударма бірліктерін» табу» делінген.

Бархударовтың пікірі бойынша, «аударма бірлігі» терминін басқа зерттеушілер, «транслема» деп те атайды және бұл термин негізінен шартты болып табылады, сол себептен бұл бірліктерді «аударма эквиваленттігі бірліктері» деп атаған жөн. Ол «аударма бірліктерін» тағайындау күрделі мәселелердің бірі екендігін атап, аударма бірлігін түпнұсқа мәтінінің белгілі бір бөлшегі ретінде сипаттайды: «Аударма бірлігінің түпнұсқа мәтініне сәйкес баламасы бар, бірақ бұл бірліктің құрамдас бөліктерінің аудармада жеке түрдегі баламасы жоқ».

Демек, аударма бірлігі – АТ мәтінінде баламасы бар ТТ мәтінінің ең ұсақ, минималды тілдік бірлігі. Бархударовтың анықтамасының ерекшелігі, аударма бірлігі мұнда АТ мәтіні дүниеге келетін ТТ мәтінінің бөлшегі ретінде сипатталады. Түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтінінің элементтері арасындағы байланыс сәйкестік ретінде анықталады. Демек, Бархударовтың аударма бірлігі түсіндірмесінде аударма бірлігі сәйкестік бірлігі ретінде баяндалады. Зерттеуші аударма сыншысы орындалған жұмыстың аналитигі ретінде аударма бірлігін таңдауға үлкен мән береді. Аударма бірлігін аударманың сәтті немесе сәтсіз орындалуын анықтайтын аударма эквиваленттігі бірлігі ретінде түсіндіреді. Аударма бірлігінің мұндай анықтамасы шартты екендігін атап, Бархударов келесідей қорытындылайды:

«Алайда іс жүзінде қандай да бір аударманы (егер мәтіннің едәуір ұзын бөлігі алынса) эквивалентті немесе эквивалентті емес деп қатаң түрде шешу қиын. Одан гөрі аударма эквиваленттігінің түрлі деңгейлері, аударманың толық эквиваленттікке төменгі немесе жоғарғы деңгейде сәйкестігі негізінде түсіндірген жөн. Дегенмен толық эквиваленттік бұл ақиқаттан гөрі, идеализмге жақын».

«Уровни языковой иерархии и перевод» атты мақаласында Л.С. Бархударов аударма бірлігінің бар болуын қолдап қана қоймай, түпнұсқа мәтінінде аударма бірлігін табу аудармашының алдындағы ең маңызды мақсаттардың бірі деп атап өтті.

Ю.В. Ванников ТТ мәтіні мен АТ мәтінін құрайтын тілдік бірліктердің семантикалық және стилистикалық эквиваленттігін анықтайтын семантика-стилистикалық адекваттылық және ТТ мәтінінде жүзеге асқан коммуникативтік идея АТ мәтінінде бірдей қызмет атқарып тұрғанын анықтайтын функционалдық (прагматикалық, функционалды-прагматикалық) адекваттылықты ажыратады.

Сонымен қатар аударма ақпараттық практика қажеттіліктеріне байланысты болғандықтан, Ванников адекваттылықтың ерекше түрін, «дезидеративтік адекваттылықты» бөліп көрсетеді. Дезидеративті адекваттылық аударма өнімі қабылдаушысының талаптарына негізделген. «Адекваттылықтың семантика-стилистикалық теориясы тұрғысынан мәтіннің мұндай қорытылуы аударма деп аталмауы тиіс».

Шын мәнінде, шетел тіліндегі ақпараттың аспектісін қажетті деңгейде жеткізсе, яғни қабылдаушы үміт еткен коммуникативтік

құрылымын жүзеге асырса, мұндай аудармаларды толық аудармалар деп атау керек және мұндай толық аудармалар «аудармалардан» адекваттылықтың түріне байланысты айырықша болады», – деп атап өтті зерттеуші. Адекваттылықтың мұндай түріне зерттеуші таңдама аударма, реферировка, аннотациялау, қарастырма оқу және т.с.с. мәтінді ақпараттық қорыту түрлерін жатқызады. Мұндай ақпаратты қорыту түрлері түпнұсқа мәтіндерін аударма тілінде қайта қорытып, аударма механизміне сәйкес келеді.

Адекваттылықтың соңғы түрі «волонтеративті» адекваттылықта аудармашының өз коммуникативтік құрылымы жарқын түрде ашылады. Ванников аударманың мұндай түрлі типтерінде ТТ мәтіні мен АТ мәтіні сәйкестіктері түрлі болып, олардың ұқсастықтары аудармашы қатысатын қос тілдік коммуникация фактілері түп негізінде жатыр.

Жоғарыда қарастырылған адекватты ұғымының концепциясы түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтіні арасындағы барлық сәйкестіктер типтерін қамтып отыр. Бұл жағдайда адекваттылық эквиваленттік ұғымының орнын басып отырғандай көрінеді. Дегенмен бұл – қате тұжырым. Адекватты аударма ұғымы мен эквивалентті аударма ұғымы ұқсас болғанымен, олар түрлі қызмет атқарады.

Жоғарыда аталғандай, адекватты аударма ұғымы, негізінен, аударма мәтінін қабылдаушы коммуникацияға қатысатын оқырманға негізделеді. Яғни аударма мәтіні түпнұсқа мәтінінің коммуникациялық мақсатына жетті ме және оқырман тұрғысынан аударма сәтті болды ма, яғни аударма адекватты ма, адекватты емес пе мәселесі көтеріледі. Осы орайда, аударма эквиваленттілігі стилистикалық, функционалдық бірліктер сияқты сипаттарына орай аударма мәтіні түпнұсқа мәтініне қаншалықты сәйкес және бұл сәйкестік қалай жүзеге асқанын, яғни аударма функционалдық сипаты жағынан қаншалықты сәтті болғанын анықтайды.

Негізінен, Горбовскийдің пікірі бойынша, тіларалық қатынастардың кез келген формалары функционалды бола алады және осындай қатынастар үдерісінде туған мәтін түпнұсқа мәтініне қаншалықты эквивалентті екендігіне тәуелді болмайды.

Аудармаға қатысты тіларалық қатынастар жайындағы түрлі тезистер аударма объектісінің аймағын кеңітіп, шекарасын жоғалтады, нәтижесінде аударма теориясы күрделі және анық емес жағдайға келеді. Адекватты аударма ұғымының жоғарыда келті-

рілген концепциясының артықшылығы адекваттылықтың типтері арқылы аударманы коммуникативтік әрекеттің негізгі құрамдас бөлігі ретінде сипаттауға көмек беретінінде. Коммуникативтік әрекетте оған тек коммуникацияға қатысушылар ғана емес, сонымен қатар ақпараттың өзі, сөздер формасындағы мағыналар жүйесі де кіретінін ұмытпау қажет.

Дәл осы ақпарат мәселесі эквиваленттік категориясының маңыздылығына қайта көңіл аудартады. Өйткені түпнұсқа ақпараттың жіберуші, аударма мәтінін қабылдаушы және аудармашының өзіне негізделген коммуникативтік заңдылықтармен қатар, осы коммуникациялық әрекет барысында туылатын мәтіндер және олардың арасындағы қатынастар да маңызды болып табылады. «Жақсы» немесе «дұрыс» аударма деп тек эквивалентті аударма аталады. В.Н. Комиссаров мұндай әдістемеді бағалау категориясы эквиваленттіктің заңды сипаты болғандықтан, аударма теориясының ғылыми терминдерінен «адекватты» ұғымын мүлдем алып тастауды ұсынды. Зерттеуші адекваттылықты толыққандылыққа теңеген Федоровтың теориялық концепцияларына сүйенеді.

Алайда жоғарыда сипатталғандай, адекваттылық пен толық мағыналы бұл екі түрлі ұғым және адекваттылыққа бағалау сипаты тән. Сондықтан аударма теориясынан адекваттылық терминін алып тастау мүмкін емес. Адекваттылық термині эквиваленттіктің құрамдас бөлігі бола тұрып, аударма теориясында әлі де ғылыми түрде расталмаған «нақтылық» пен «адалдық» мәселелерімен тығыз қатынаста болса да ұқсас емес.

«Адекватты» термині аударма теориясының ерекше категориясын сипаттайды. Бұл ұғымның эквиваленттікпен бірге өмір сүруі заңды болып табылады. Дегенмен бұл екі ұғым бірдей теория шеңберінде өмір сүруі үшін олардың шекарасын бөліп көрсеткен жөн. Осыған орай, келесі тұжырымдама шығады: барлық адекватты аударма эквивалентті, ал барлық эквивалентті аударма адекватты бола алмайды.

Адекваттылық және эквиваленттілік категорияларына қатысты мұндай тұжырымдама, осы категориялардың айырмашылықтары жайында сөз қозғаған Швейцердің тұжырымдамасына ұқсас. Бұл зерттеуші екі категорияның арасында бірнеше айырмашылықтарды бөліп көрсетті.

Қос категорияда бағалау және нормативтік сипатқа ие бола тұрып, олардың айырмашылығы эквиваленттік аударма нәтиже-

леріне, яғни аударма мәтінінің белгілі параметрлерге сәйкестігі мәселесіне бағытталса, адекваттылық тіларалық коммуникация әрекетінің өту жағдайларына байланысты болады. «Басқа сөзбен айтқанда, эквиваленттік: аударма мәтіні түпнұсқа мәтініне сәйкес пе деген сұраққа жауап берсе, адекватты аударма коммуникативтік жағдайларға тиісті ме деген сұраққа жауап береді».

Екінші айырмашылығы, эквиваленттік түпнұсқаның коммуникативті-функционалды инвариантын толық жеткізуге бағытталса, адекватты аударма аудармашы негізгі мәселені шешу мақсатында эквиваленттік элементтерін амалсыздан түсіру жайындағы шешімі ретінде сипатталады.

Швейцердің пікірі бойынша, адекватты аударма тікелей аударма практикасынан бастау алады. Өйткені нақты жағдайда аудармашы түпнұсқа тіл шығармасы құрамына кіретін мағыналардың толық жүйесін аударуға шамасы келмейді.

Мәселен, кей кезде ауызша аударма барысында аудармашы сөйлеушінің сөзіне ілесіп үлгеру үшін ақпаратты қысқартуына тура келеді. Ал кей кезде аударманы қабылдаушы үшін ең маңызды ақпаратты ғана тандап, түпнұсқа мәтінінің функционалды мағынасын өзгертеді. «Адекваттылық талабы максималды емес, оптималды сипатта болады: аударма белгілі бір шарттар мен міндеттерге оптималды түрде сәйкес келуі керек», – деп зерттеуші қорытындылайды.

Демек, барлық теориялық концепцияларда екі сфераның нақты шекарасы бөлініп шығады: тілдік шығарма сферасы мен олардың өзара қатынастары және коммуникация жағдайлары сферасы, тілдік ситуация және жалпы коммуникациялық әрекет. Федоров екі аспектіні де толық аударманың ажырамас бөлігі деп қарастырды. Атақты аударматанушы Ванниковта бұл ұғымдар белгілі бір адекваттық деңгейлерді құрайды. Комиссаровта олар эквиваленттік деңгейлерінен тұрса, Швейцерде бұл екі ұғым адекваттық және эквиваленттік деп бөлінеді.

Терминологиялық айырмашылықтарға қарамастан, аударманың қандай аспектілері арасында сәйкестіктер орын алатыны жайлы бірдей болмаса да, толық әдістеме сипаты анықталады.

Функция, тілдік шығармалардың функционалды айырмашылықтары мен коммуникативтік әрекет сияқты ұғымдар сәйкестілік теориялардың барлығында дерлік тура немесе жанама түрде пайда болады. Көп жағдайда бұл теориялар Якобсон ұсын-

ған коммуникативтік әрекеттердің функционалдық құрылымына негізделеді. Ол ұсынған коммуникация әрекетінің моделі универсалды болмаса да, аудармада орын алатын тілралалық сәйкестіктерді анықтаудағы алдыңғы қатарлы модель болып табылады.

Аударманың семиотикалық негізін жариялай отырып, зерттеушілер тілдік бірліктердің қоршаған нақты ортамен араласатын және өзара тілдік байланысты орнататын қатынастардың қатан шеңбердегі үш түрін бөліп көрсетеді: прагматикалық, семантикалық және синтаксистік қатынастар.

Швейцер аударма барысындағы эквиваленттік қатынастарының анализіне байланысты негізінен тілдік әрекеттің қандай да бір компонентінің бір-бірінен айрықша қызметтері анықталып көрсетілген Якобсонның типологиялық схемасы дәл келеді деп тұжырымдады.

Мұндай қызметтерге референттік немесе денотативтік (референт немесе контекске бағытталуы), экспрессивті-эмотивті (жіберушіге бағытталуы), коннативті-бағындырушы (қабылдаушыға бағытталуы), фатикалық байланыс орнатушы (коммуниканттар арасында байланыс орнатуға бағытталуы), металингвистикалық (бірлікке бағытталуы), поэзиялық (акпаратқа, оның формасына бағытталуы). Осы сияқты қызметтерге негізделе отырып, референттік, экспрессивтік, коннативті, фатикалық, металингвистикалық және поэзиялық эквиваленттік түрлері анықталады.

Алайда кейбір зерттеушілердің тұжырымдамалары бойынша, түпнұсканың доминантты функциялары (коннативті, фатикалық, металингвистикалық немесе поэзиялық) жіберушінің коммуникативтік мақсаты мен мәтіннің коммуникативтік әсері, яғни мәтіннің прагматикасы негізінде анықталып, түпнұсқа мен аударма арасында прагматикалық эквиваленттік орнайтыны дәлелденеді. Басқа сөзбен айтқанда, прагматикалық факторлар эквиваленттік деңгейлердің иерархиялық моделімен қатар, эквиваленттіктің біржақты функционалдық типологиясында да маңызды рөл атқарады.

Бұл жағдайға сәйкес жіберушінің коммуникативтік мақсаты мен мәтіннің коммуникативті әсері құрамында болатын прагматика қайдан пайда болады және неліктен осы прагматика референтті, поэзиялық, байланыс орнатушы және металингвистикалық функцияларымен қатар экспрессивті және бағындырушы қызметтерді анықтайды деген сұрақ туындайды. Аударма зерттеушілері коммуникативті эквиваленттік категориясын қайта қарауға неме-

се анығырақ түсіндіруге бағытталғанда бұл сұрақтар анықталмай, керісінше, мәселесі түбегейлі ашылады.

Швейцер коммуникативті әсер ұғымына кіретін мағынаны түсіндіре отырып, бұл ұғым келесі триаданың элементтерінің бірі болатынын атайды: 1) коммуникативтік мақсат 2) мәтіннің функционалдық параметрлері 3) коммуникативтік әсер. Бұл үш категория коммуникативтік әрекеттің келесі үш компонентімен қатынасқа түседі: 1) жіберуші 2) мәтін 3) қабылдаушы. Экспрессивті және бағындырушы қызметтер мәтіннің функционалдық параметрлерінің ажырамас бөлігі бола тұрып, жоғарыда аталған триадаға да тікелей байланысты болады, өйткені дәл осы функциялар коммуникативтік әсер мен коммуникативтік мақсаттың жаратушысы болып табылады.

Нақ аударма эквиваленттігінің сыртқы бағалауы аударматануда әлі де толық зерттелмеген аударма критикасының пәні болып табылады. Аударма критикасы аударма мәтінінің аударма көркем тілі нормаларына сәйкестігімен қатар түпнұсқа мәтініне қатысты эквиваленттік деңгейін де анықтауға үлес қосады.

Негізінен, ТТ мәтіні мен АТ мәтіні арасындағы эквиваленттікке байланысты аударманы бағалау аударма сана-сезімі категорияларының біріне жатады. Аудармашы түпнұсқа авторы мен аударма оқырманы алдындағы жауапкершілігі деңгейін өзі анықтайды, аударма мәтіні мен түпнұсқа мәтіні сәйкестіктерінің нормасын да өзі құрайды. Бағалау бұл өзін-өзі бағалауға айналып, ал нормалар бұл аудармашының ТТ мәтіні мен АТ мәтінінің эквиваленттік қатынастары ерекшеліктеріне байланысты ішкі өзгерістері айқындалады.

Негізінен, түрлі тарихи кезеңдерде жазылған аударма жайындағы трактаттар, аударма жайындағы сөздер және аударма критикасы эквиваленттіктің қандай да бір нормаларын анықтау мүмкіндіктері болып табылады. Себебі олардың барлығында аудармада орын алатын екі тілдің тілралалық сәйкестіктер немесе сәйкессіздіктердің әмбебеп ара қатынастар мәселесі көтеріледі.

Дәл осы себептен аударма эквиваленттігіне қатысты алғашқы пікірлердің бірі өте қатаң лингвистикалық сипатта болып, аудармалатын тілдердің жүйелік қатынастарын салыстыруына негізделді. Мұндай көзқарас, әсіресе Рецкердің заңды сәйкестіктер теориясында жарқын байқалады.

Жаңа коммуникациялық ситуация шеңберінде қарастырылатын эквиваленттік және адекваттық категориялары жаңа тілдік шығарманы қабылдаушылардың, яғни аударма қабылдаушылардың реакциясын алдын ала болжайды. Бұл адекваттық пен эквиваленттіктің белгілі деңгейде нормативті категорияларына айналуының алғышарты болады. Норма ұғымы бағалау ұғымымен тығыз байланысты. Ал бағалау – бағалау объектісіне байланысты сыртқы категория. Ал егер аударма мәтіні жайлы сөз қозғалса, онда мұнда оқырмандар тұрғысынан жақсы немесе жаман аударма ретінде бағаланады.

Белгілі тарихи кезеңдерде аударма сапасын бағалау белгілі бір әдебиет ағымдарына байланысты қатаң нормалармен шектелді. Аударма шығармасы аударма тілінде жазылған көркем әдебиет бағаланатын критерийлер негізінде бағаланды. Аударма шығармасы сол кезеңде алдыңғы қатарда болған әдеби ағымға сәйкес болса, жақсы деп бағаланып, сәйкес болмаса нашар деп бағаланды.

Ал қазіргі таңда анық әдеби ағымдар жоқ болғандықтан және көркем әдебиет шығармашылығына толық бостандық берілгендіктен, аударманың сыртқы бағалауы келесі аспектіге негізделеді: аударылған мәтін аударма тілі нормаларына сәйкес болуы қажет. Қарсы жағдайда аударма қолданысқа түсе алмай, аударманың тіл аралық қатынас әрекеті жүзеге аспай қалады.

Алайда аударма мәтінінің сыртқы оқырмандық бағалауы эквиваленттік категориясына тікелей байланысты емес. Аударма мәтіні бастапқыдан аударма тілінде жасалған шығарма ретінде бағаланады. Өйткені оқырман аударма мәтінін оқи отырып, аударма шығармасы түпнұсқа тілінде де дәлме-дәл осылай жасалған деп сенеді.

Демек, адекватты аударманың негізгі ерекшелігі коммуникацияға қатысушылардың аудармаға деген сенімдерінің ақталғанын және осы сенімдер қандай жағдайларда орын алатынын анықтау болып табылады.

Гарбовскийдің тұжырымы бойынша, адекваттылық категориясының негізгі сипаттамасы аударма мәтінінің түпнұсқа мәтініне сәйкестік деңгейі емес, коммуникацияға қатысушылардың сенімдерімен сәйкестік деңгейі болып табылады. Сондай-ақ коммуникацияға қатысушылар ретінде түпнұсқа мәтіні авторы да, аударма ақпаратты қабылдаушы да қызмет атқара алады.

Эквиваленттік теориясы мен адекватты аударма ұғымы аударма теориясында жалпы аударма үдерісін баяндауда және аударманың теориялық заңдылықтарын анықтауда орасан зор қызмет атқарады. Бұл екі ұғым өзара тығыз қарым-қатынаста бола тұрып, әр ұғым өзіне тән мақсат-міндеттерін орындайды. Эквиваленттік теориясы жалпы лингвистикалық заңдылықтарға, стилистикалық және тілдік бірліктер жүйесіне негізделі отырып, аударма мәтінінің түпнұсқаға сәйкестік немесе эквиваленттік деңгейін анықтаса, адекватты аударма ұғымы негізгі функционалдық қызметке негізделі отырып, коммуникация мақсатының жүзеге асқан немесе аспағандығын анықтайды.

Тақырып бойынша пысықтау сұрақтары:

1. Аударма модификациясы дегенді қалай түсінесіз?
2. Транслитерация дегеніміз не?
3. Транскрипция дегеніміз не?
4. Дәстүрлі аударма дегеніміз аударманың қандай түрі?
5. Калькалау дегеніміз не?
6. Адекваттылық терминіне анықтама беріңіз.

АУДАРМА БІРЛІГІН ШЕТ ТІЛДЕРІНЕН АНА ТІЛІМІЗГЕ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аударма бірлігі – аударма эквиваленттілігінің өлшем бірлігі

Аударма бірлігі аударма теориясында ең күрделі мәселе бола тұрып, оған байланысты көзқарастар, тіпті мұндай бірліктерді жоққа теңейтін пікірлер де бар. Сонымен қатар мұндай аударма бірліктерін анықтау кезінде ТТ бірліктері ме әлде АТ бірліктері тұрғысынан қарастыру қажет пе, тілдік форма және құрылым элементтері ме, әлде мазмұн және мән-мағына элементтерін ескеру қажет пе деген көптеген қарама-қайшы көзқарастар бар.

Ресейде «аударма бірлігі» тезисіне алғаш рет машиналық аударма саласын зерттеушілер көңіл бөле бастады: Т.М. Николаева, И.И. Ревзин, В.Ю. Рюзенцвейг, т.б. Ревзин және Рюзенцвейг өз зерттеулерінің пәнін баяндаған кезінде «аударма бірлігін аудармашы мәтіннің анализін жасағанда анықтап, бұл белгілер арқылы түпнұсқа тілі мен аударма тілінің қарым-қатынасы орнайды» деп атап өтеді. Сонымен қатар олардың пікірі бойынша, аударма бірлігі дегеніміз – АТ мәтнінде белгілі бір сәйкестік табатын ТТ мәтнінің ең кіші бөлшегі. Алайда «аударма бірлігі» ұғымы едәуір деңгейде шартты болып, мәселен, орыс тілінен француз тіліне аударған кезіндегі аударма бірлігі неміс тіліне аударғанда аударма бірлігі қызметін атқара алмайды.

Дәл осы кезеңде аударма бірлігіне қатысты басқа да пікірлер жариялана бастады. Мәселен, З.Е. Роганова «Перевод с русского языка на немецкий» атты оқулығында аударма бірлігіне анықта-

масында, бұл ұғымды «транслема» деп атап, транслеманы түпнұсқа мәтіні бірлігі ретінде қарастырды.

Комиссаровтың анықтамасына сүйенсек, «аударма бірлігі, біріншіден, біртұтас бірлік ретінде аударылатын түпнұсқа мәтінінің минималды бірлігі. Мұндай бірліктің сәйкес баламасы аудармада орын алады, дегенмен аударма мәтнінде бірліктің мазмұндық құрамдас бөліктері орын алмайды, екіншіден, эквиваленттік бірлік, үшіншіден, аударма үдерісінің бірлігі».

Комиссаров «Слово о переводе» еңбегінде «аударма бірлігі» ұғымын төрт тәсіл арқылы сипаттайды: 1) аударма үдерісінің жеке объектісі ретінде қызмет атқаратын мәтіннің минималды бірлігі. Комиссаровтың ұғымы бойынша бұл үдерісте мәтін түрлі мөлшердегі бөліктерге бөлшектеніп, әрбір бөлшек кезекпен аударылады; 2) аударма бірлігі бұл түпнұсқа мәтінінде қатаң ресми сипаттарға ие болмайтын, құрамдас бөліктерінің мағыналарына тәуелсіз түпнұсқа мәтіннің минималды тілдік бірлігі; 3) түпнұсқа тілінің лексема және граммалық минималды жиынтығы; 4) аударма мәтнінде көрініс табатын түпнұсқа мәтіні мазмұнының минималды бірлігі. Демек, Комиссаровтың әдістемесіне, біріншіден, сол уақытта дәстүрлі пікірге айналған «аударма бірлігі ТТ мәтніндегі формальді бөлік» атты көрініс, екіншіден, аударма үдерісінде мазмұн аудармасын сөз аудармасына қарама-қарсы қоюы, үшіншіден, аталмыш «заңды сәйкестіктерді» табуға ұмтылысы байқалады.

Гарбовский де аударма бірлігі ұғымына өз анықтамасын ұсынды: «Аударма бірлігі дегеніміз – сыртқы әрекетінде бағыттық бірліктерден тұратын аударманың күрделі құрылымындағы күрделі құрылымша. Аударма бірлігі құрамына ТТ мәтіні ұғымдарын АТ мәтніне сәйкестендіретін бір немесе бірнеше эквиваленттік бірліктер кіреді». Бұл анықтаманың түп негізі Гарбовскийдің «аударма әрекеті» сипаттамасында жатыр. Гарбовский «аударма әрекетін» үш фазаға бөледі: 1) бағыттау бірлігі немесе белгілі бір шарықтау шегіне дейін аударма шешімін қабылдауды жүзеге асыратын ақпарат жиынтығы; 2) «шектен тыс» амалдардың пайда болу фазасы немесе аудармашы эквиваленттік бірліктерін басқаратын кезең; 3) соңғы шешімді қабылдау фазасы және бір аударма белгісінен басқа аударма белгісіне көшу кезеңі. Яғни Гарбовскийдің тұжырымдарында дәл сол мәтіннің бөлшектерге бөлінуі жайында сөз қозғалып, мысал ретіндегі аудармалар дәстүрлі сөздер, сөз тіркестер және сөйлемдер деңгейінде берілген.

«Теория перевода» атты еңбегінде Гарбовский: «егер аударма теориясы шынында да жеке ғылым саласы дәрежесіне құштар болса, аударма әрекеті заңдылықтарын тағайындай отырып, өзі басқара алатын бірліктер мәселесін шешуге тура келеді», – деп көрсетеді.

Гарбовскийдің бұл тезисінің маңыздылығы, ең алдымен, әлі де шешімін таппаған аударманың ғылыми мәселесін көтеруде жатыр. Егер бұл мәселе шешілсе аударма теориясы жаңа баспалдаққа өтіп, едәуір жоғарғы деңгейде объективті шындықты зерттеуге жаңа идеялар берер еді.

Кейбір теоретиктер «аударма бірлігі» концепциясын мүлдем жоққа шығарды. Мәселен, Федоров: «аударма динамикалық үдеріс ретінде қос тілдің арасындағы объективті қарым-қатынастар арқылы жүзеге асып, бұл қарым-қатынастар өз қатарында тұрақты заңдылықтар түрінде келіп, осы арқылы егер екі шығарма түпнұсқа және аударма қатынасында келсе, қос тілдегі белгілі бір бөліктер арасында заңды сәйкестіктер жайында сөз қозғауға болады», – деді.

Алайда Федоров Рецкердің «заңды сәйкестіктер» классификациясын қолдаса да, тұрақты аударма бірлігін құру мүмкіндігіне күмән келтіріп, мәтін бөліктерінің арасындағы тым тұрақсыз мазмұндық және стилистикалық қарым-қатынастары салдарынан аударма бірлігі ретінде сөз немесе сөйлем түгіл, мәтіннің одан да үлкен бөлігі (бірнеше сөйлем немесе абзац) бола алмайды деп атап өткен.

«Перевод и лингвистика» атты еңбегінде Швейцер де аударма бірлігін жоққа шығарды. Сол кезеңдегі зерттеушілердің көбісі сияқты ол да аударма бірлігін мәтіннің бөлшектерімен теңестірген. Швейцер өз көзқарасын келесідей дәйектермен түсіндірді: мәтіннің бөліктері түрлі көлемде және түрлі сипатта болады, ал бірлік деген әрқашан қандай да бір тілде бірдей көлемде болуы қажет, сол себептен мәтін бөліктері немесе аударма бірлігі аударма теориясында өмір сүрмейді.

Ал жалпы аударма үдерісі, оның пікірі бойынша, мүлдем бірліктер жүйесі ретінде түсіндіруге келмейді. «Аударма үдерісінде одан да күрделі операциялар орын алады», – деп жазды Швейцер. Швейцер одан да күрделі операциялар номенклатурасын анықтау мақсатын қойған жоқ, алайда аударма үдерісін модельдік операцияларға бөлуді сыңа алды.

Рецкер де бірдей позицияда болды. «Теория перевода и переводческая практика» атты еңбегінде аударма бірлігі аударма теориясында өмір сүрмейді дей отырып, ол Вине және Дарбельне пікірін негізге ала отырып, сөз аударма бірлігі ретінде қызмет атқара алмайды деді. Сонымен қатар ол кейбір зерттеушілердің атап өткен аударма бірлігі бұл мағына бірлігі деген көзқарасына да қарсы болды.

Рецкер аударма бірлігін сөз тіркесімен теңестірді. Рецкердің дәйегі оның келесі тезисіне негізделді: аударма үдерісі кезінде тілдер және мәтіндер арасында формальді және заңды сәйкестіктер орын алады. Нәтижесінде ол Кадэ және Бархударовтың артынан «жазба аударма үдерісінде сөз, сөз тіркесі, синтагма, сөйлем, абзац, мәтін де аударма бірлігі қызметін атқара алады» деп тұжырымдайды.

«Теория и практика военного перевода» атты еңбегінде Стрелковский «аударма бірлігін» «аударма кванты» деп атады. Аударма квантына келесідей анықтама берді: «аударма кванты – бұл белгілі контексте аударылуға келетін немесе заңды сәйкестіктері мен функционалды эквиваленттері болатын түпнұсқа мәтін бөлшектері».

Аудармашының аударма үдерісіндегі негізгі міндеті – осы бірліктерді табу. Түпнұсқаның аударма бірліктері ретінде, оның пікірі бойынша, дара сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер және тіпті бірнеше сөйлемдер тізбегі қызмет атқара алады. Стрелковскийдің тұжырымы бойынша, аударма үдерісінде тек қана «квант» аударылуы тиіс, өйткені ол біртұтас және жеке элементтерге бөлінбейтін, ортақ элементарлы мағынадан тұратын минималды ақпарат болып табылады.

«Общая теория перевода и устный перевод» атты еңбегінде Миньяр-Белоручев сол кезеңде ұсынылған көптеген тезистердің анализін жасап, шартты түрде аударма бірліктерін екіге бөлді: «мағыналық» (Степанов, Ревзин, Рюзенцвейгтің тұжырымдары бойынша, аударма үдерісінде тілдік бірліктер кезекпен аударылып, олардың мағыналарын аудармашы орнатады) және «функционалдық» (бұл пікірді қолдайтын авторлардың тұжырымдары бойынша, түпнұсқа мәтінінің белгілі бір қызмет атқаратын әрбір минималды бөлшегі аударма мәтінінде өзіне қатысты сәйкестігі болуы қажет).

Мұндай минималды бөлшектер тек түпнұсқа мәтінін аударма мәтінімен салыстырып, аударма мәтінінде қате табылған жағ-

дайда ғана анықталатындықтан Миньяр-Белоручев бұл бірліктерді «сәйкессіздік бірліктері» деген атау қойды. Ол аударма бірлігін «аудармаға тиісті шешімін талап ететін кез келген тілдік бірліктер» деп атады. Алайда, оның пікірі бойынша, аударма бірліктері әрқашан да сәйкес болмайды.

Мұндай бірліктердің анықталуы толығымен субъективті факторларға тәуелді: аудармашының кәсіби дағдылары, шетел тілін меңгеру деңгейі, мәтінде баяндалған сұрақтың өзегі, аудармашының еске сақтау қабілеті, тәжірибесі, жұмыс жағдайлары, әрекет ету шапшаңдығы. Сонымен қатар, оның көзқарасы бойынша, мәтіннің кейбір бірліктері аударма түрі мен аудармашының кәсіби біліктілігіне қарамастан, аудару кезінде шешімді талап етеді. Мұндай бірліктерге ол ситуациялық клише, терминдер, көпмағыналы сөздер, тұрақты сөз тіркестерді жатқызады.

Миньяр-Белоручев Бархударовтың аударма бірлігі анықтама-сына тиісті ТТ мәтіні мен АТ мәтіні сәйкестігі ұғымына негізделе отырып, егер АТ мәтіні ТТ мәтініне толығымен эквивалентті болса, аударма бірліктерін бөліп көрсету мүмкін емес, өйткені бұл бірліктер мәтінде көзге көрінбейді деп атап өтті. Аударма бірліктері, негізінен, аудармашының қате шешім қабылдаған кезінде айрықша анықталады, яғни АТ мәтініндегі белгілі бір бөлік ТТ мәтініндегі бөлікке сәйкес болмайтын жағдай бар. Осы орайда, аударма бірліктері емес, сәйкессіздік бірліктері жайында сөз қозғаған жөн деп атап өтеді.

Жоғарыда аталғандай, аударма – бұл мазмұндық құрылысы сақталатын бір тілдегі шығарманың басқа тілдегі шығармаға айналу үдерісі болып табылады. Яғни аудару барысында сөздік бірліктер құрылымы өзгеріске ұшырайды, ал мәтінде берілген мағлұмат, мазмұндық құрылым өзгермеуі тиіс. Демек, аудармашы немесе осы үдерісті баяндайтын теоретик алдында түпнұсқа мәтінінде аударуға келетін ең аз бірліктерді, яғни аударма бірліктерін табу міндеті тұрады.

Аударма бірлігі дегеніміз – түпнұсқа мәтініндегі бірліктің аударма мәтініндегі баламасы, алайда бұл бірліктің құрамдас бөліктерінің аударма мәтінінде сәйкестіктері болмайды. Кез келген тілдік деңгейдің бірлігі аударма бірлігі бола алады. Қазіргі кезде тіл білімінде келесі құрылымдар белгілі: фонема (жазба тілге графема) деңгейі, морфема деңгейі, сөздер деңгейі, сөз тіркестер деңгейі, сөйлемдер деңгейі және мәтіндер деңгейі. Осыған орай,

аударма бірлігі, яғни ТТ бірлігінің АТ аудармасындағы сәйкестіктерге байланысты фонема (графема) деңгейіндегі аударма, морфема деңгейіндегі аударма, сөз деңгейіндегі аударма, сөз тіркес деңгейіндегі аударма, сөйлем деңгейіндегі аударма, мәтін деңгейіндегі аударма болады.

Тақырып бойынша пысықтау тапсырмалары:

1. Эквивалентті аударма түсінігі.
2. Транскодировка түрлері.
3. Аударма – тіларалық коммуникация құралы ретінде.
4. Эквивалент сипаттамасының түрлері.
5. Аударма бірлігі дегеніміз не?

Қазақ тілінен жапон тіліне аударма жасау ерекшеліктері

Қазақ тілінен жапон тіліне аудару кезінде бұл екі тіл сөйлем құралуы жағынан ұқсас болғанымен, аудармашының назарын аудартатын бірнеше мәселелер бар. Сыпайылық, көпше түр, етістік түрлері, әйелдер мен ер адамдардың сөйлеу ерекшеліктері, жұрнақтардың қолданылуы мүлдем екі бөлек дүние.

Аудармашы жапон тілінен қазақ тіліне аударма жасау кезінде көңіл бөлетіні жазу стилі болып табылады. Жапон тілінде көпше түрдің жоқ болуынан аудармашы контекстің мазмұнына сай жағдайды түсінуі тиіс. Егер сөйлемде көпше түрді көрсететін есептік жұрнақ кездессе, оны түсіну оңай.

Фонема (жазбаша тілде графема немесе әріп белгісі сәйкес келеді), әдетте қандай да бір мағынаны білдірмейді және тілде ол тек мағынаны ажыратушы рөлде болады. Дегенмен аударма практикасында дәл осы фонемалар (графемалар) аударма бірліктері ретінде кездесетін жағдайлар болады. Яғни аударма барысында ТТ фонемалары АТ жүйесіндегі артикуляция тұрғысында ең жақын фонемалармен алмастырылады. Мысалы, жапон есімі しづかわ (Шибукава), осы сөздегі әр фонемаға қазақ тіліндегі фонемалар баламасын тауып көрейік. Яғни し = Ши, づ = Бу, か = Ка, わ = Ва. Демек, ТТ және АТ арасындағы сәйкестіктер фоне-

малар деңгейінде жүретін аударма, аударма (немесе практикалық) транскрипция деп аталады.

Ал сәйкестік графемалар деңгейінде орын алатын болса, яғни дыбыс емес, жазу (графикалық құрылым) берілген жағдайда транслитерация әдісі пайдаланылады. Мысалы, жоғарыда келтірілген жапон есімі **しぶかわ** транслитерация әдісінде Сибукава ретінде аударылады. Өйткені транслитерация әдісінің мақсаты – дыбыс емес, барынша бейнелік құрылымын, яғни жазылуын жеткізу.

Фонема және графема деңгейіндегі аударманың басқа аударма түрлерінен негізгі айырмашылығы фонема және графема құрамында қандай да бір мағыналар болмайды. Сол себептен де аударманың бұл түрі тек шектеулі деңгейде қолданысқа түседі. Көбінесе аударманың бұл түрі жалқы есімдер, географиялық атауларды аударғанда қолданады. Алайда кейбір аударманың мұндай түрінде де шектеулер баршылық. Мәселен, жапон тіліндегі **富士山** қазақ тіліне «Фудзи тауы» деп аударылады, ал шын мәнінде жапон тіліндегі айтылуы «Фуджи» болғанымен, қазақ тілінде бұл сөз ертеден бері қалыптасып қойғандықтан біз оны «фудзи» деп атаймыз. Демек, аударма үдерісі кезінде транскрипция және транслитерация амалының өзі шектеулі түрде қолданылып, егер белгілі бір ТТ сөзінің АТ сөзінде тұрақты эквиваленті болса, аудармашы оған өзгеріс енгізуге құқығы жоқ.

Бұл әдістің тағы бір қолдану аймағы, бұл – түрлі саяси, мәдени-тұрмыстық реалийлердің аудармасы. Мысалы, **桜** – сакура, **諸軍** – сегун, **浴衣** – юката, **明治** – Мэйдзи, **金閣寺** – Кинкакудзи, **すし** – суши, **酒** – сакэ.

Жалпы, мұндай ТТ реалийлерінің АТ тілінде тұрақталған эквиваленттері болса, мұндай жағдайда фонема немесе графема деңгейіндегі аударма емес, сөз деңгейіндегі аударма орын алады. Өйткені аудармашы алдын ала ТТ сөзінің эквиваленті бар екендігін ұғынып, тек сол бір сөзді табуға әрекет етеді.

Осы орайда, фонема немесе графема деңгейіндегі аударма да аудармашы тұрақты эквиваленті жоқ ТТ сөзіне қатысты «окказионалды аударма эквивалентін» жасап, транскрипция әдісін қолданып, ТТ сөзінің әрбір фонемасына аударма тіліндегі сәйкестіктерін іздеп, аударма бірлігі ретінде фонема анықталады. Дегенмен, біріншіден, «узуальді» және «окказионалды» эквиваленттер арасында қатаң және нақты шекара жоқ екендігін ұғыну қажет,

екіншіден, «аударма үдерісі» бұл аудармашының әрекеті сияқты психолингвистикалық жағдайға тәуелсіз, ТТ мәтінінің АТ мәтініне айналуы тек лингвистикалық мағынадағы тілаларлық үдеріс.

Транскрипция және транслитерация аударманың басқа түрлерінен айрықша болып табылады, сол себептен бұл әдістер тек шектеулі жағдайларда қолданылады. Негізінен, бұл әдіс жалқы есімдер мен географиялық атауларды немесе саяси және тұрмыстық-мәдени реалийлерді аударуда қолданылады.

Кей жағдайларда морфема аударма бірлігі ретінде қарастырылады. Яғни ТТ сөзіндегі әрбір морфемаға АТ сөзіндегі морфемалар сәйкес келеді. Мысалы, **わたしの** (ватасино), **つくえに** (Цукуэни), **りんごを** (рингоуо) сияқты жапон сөздерін қазақ тіліне аударғанда, мен-менің («の») қазақ тіліндегі ілік септігінің жалғауы «-нің»-жалғауына сәйкес), Үстелге («に») қазақ тіліндегі барыс септігінің жалғауы «-ге»-мен сәйкес) және Алманы («を») қазақ тіліндегі табыс септігінің жалғауы «-ны»-мен сәйкес) деп аударамыз. Дегенмен аударманың мұндай түрі фонема аудармасы түрінен гөрі де сирек кездеседі. Кез келген тілдер арасында мұндай морфемалық сәйкестіктердің саны шектеулі болып табылады.

Көп жағдайда аударма бірлігі ретінде сөз қолданысқа түседі. Сөздер деңгейіндегі аудармаға бірнеше мысал келтіріп көрейік:

おやはちつともおれを可愛がってくれなかった

↓ ↓ ↓ ↓ ↓
Әкем ешқашан мені еркелеткен емес
母が死んでからは、おやじと兄と三人で暮っていた
↓ ↓ ↓ ↓ ↓ ↓ ↓ ↓ ↓
Анам қайтыс болған соң әкем ағам және мен үшеуіміз тұрдық
何が駄目 なんだか今に分からない

↓ ↓ ↓ ↓ ↓ ↓ ↓
Несі жаман екенін әлі де түсінбеймін?

Жоғарыда берілген мысалдарда көрсетілгендей аударма сөздер деңгейінде жүзеге асады, яғни бұл жердегі аударма бірліктері сөздер болып табылады. Сондай-ақ бұл мысалдардан фонема немесе морфема деңгейіндегі аударма мүмкін еместігін байқауға болады.

Сөздер деңгейіндегі аудармада, негізінен, ТТ бірліктері ескеріледі. Сол себептен, егер қандай да бір ТТ бірлігіне АТ бірнеше бірлігі сәйкес келген жағдайда да аударма сөздер деңгейінде жүзеге асады. Мысалы:

彼は英語が上手です

Ол ағылшын тілін жақсы біледі

Жапон сөзі 上手 қазақ тіліне түрлі амалдармен аударылады. Жоғарыда берілген сөйлемде ең тиімді аударма «жақсы біледі» болып табылады. Бұл сөйлемде ТТ бірлігіне АТ аудармасына сәйкес келетін бірлік сөз болатындықтан, аударма сөздер деңгейінде орын алады.

Сөздер деңгейіндегі аударма фонема немесе морфема деңгейіндегі аудармадан гөрі жиірек кездеседі. Дегенмен бұл аударма тәсілі де сирек қолданысқа ие болады. Толығымен сәйкес сөздер баламасы сирек және көп жағдайда сөйлемде сөздер мен сөз тіркестер деңгейіндегі аударма орын алады.

Сөз тіркестер деңгейіндегі аударманың ең жарқын мысалы идиомалар немесе тұрақты сөз тіркестер (фразеологизмдер) аудармасы болып табылады. Мұндай тұрақты сөз тіркестердің мағынасы олардың құрамындағы сөздер санына байланысты болмайды, сол себептен бұл жағдайда сөзбе-сөз аударма мүмкін емес, ал аударма бірлігі мұнда толық сөз тіркесі болады. Мысалы, 白紙に戻る – жаңа өмір бастау, 目を白戻させる – көзін алақ-жұлақ еткізу. Яғни берілген фразеологизмдерді тура мағынамен аудару мүмкін емес, сол себептен мұндай жағдайда АТ бірлігі барынша мағынасы жөнінен сәйкес болуы тиіс.

Дегенмен сөз тіркестер деңгейіндегі аудармада тек тұрақты сөз тіркестері мен фразеологизмдер ғана аударма бірліктері болмайды. Көп жағдайда қарапайым сөз тіркестері де аударма бірлігі ретінде кездеседі. Мысалы, 手を振る – қол бұлғау, 目を戻める – көзін ашу, ояну, 手に入れる – иемдену, алу.

Сөз тіркестер деңгейіндегі аударма аударманың ең көп таралған тәсілі. Алайда көп жағдайда сөйлемде сөздер деңгейіндегі аударма және сөз тіркестер деңгейіндегі аударма аралас келеді. Мысалы, テレビは外戻語の勉強の上でかなり役に立ちます – теледидар шетел тілін оқу үшін өте пайдалы. Бұл сөйлемде сөздер мен сөз тіркестер бірлігі кездеседі. Егер сөйлемнің басындағы сөздер қазақ тілінде де аударма бірлігіне айналса, соңғы 役に立つ сөз тіркесі қазақ тіліне «пайдалы» деген сөзбен ғана аударылады.

Кейбір жағдайда, тіпті сөз тіркесі аударма бірлігі ретінде қызмет атқара алмайды, ал аударма сәйкестігі тек сөйлем деңгейінде орын алады. Мұндай сөйлемдер идиомалық тіркес болып, оның

мағынасы құрамындағы сөзге байланысты болмайды. Бұл сөйлемдерге мақал-мәтелдерді жатқызуға болады. Мысалы:

遅くともなさらずに勝る – Ештен кеш жақсы.

朝起きは三文の徳 – Ерте тұрған жігіттің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық.

不幸中にも幸いある – Жаман болмай, жақсы болмас.

ほめる人には油断すうな – Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады.

百聞は一見にしかず – Мың рет естігенше, бір рет көр.

一驚戻得 – Екі қоянды бір оқпен ату.

石の上にも三年 – Сабыр түбі сары алтын.

口より出せば世間 – Айтылған сөз – атылған оқ.

目と鼻の間 – Қас пен көздің арасындай.

習い生となる – Ауру қалса да, әдет қалмайды.

念には念を入れよう – Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

Жоғарыда берілген мысалдарда көрсетілгендей, бұл сөйлемдерде аударма бірлігі толық сөйлемнің өзі болып табылады. Сөйлемнің мағынасы сәйкес келгенімен, сөйлемнің құрамындағы сөздер арасында сәйкестік орнату мүмкін емес.

Сөйлем деңгейіндегі аудармаларға, сондай-ақ сыпайы фразалар, түрлі сыпайы ескертулер, жол белгілері жатады. Мысалы:

禁煙 – Темекі шегуге болмайды.

立入禁止 – Кіруге болмайды.

おはようございます – Қайырлы таң!

お邪魔します – Кедергі жасағанымға кешіріңіз.

あけましておめでとうございます – Жаңа жылыңызбен!

ごめんください – Кіруге рұқсат па?

お先に失戻します – Сау болыңыз!

関係者以外 – Кіруге болмайды.

足元注意 – Сақ болыңыз!

頭上注意 – Сақ болыңыз!

喫煙 – Темекі шегетін орын.

こんばんわ – Кеш жарық!

おやすみなさい – Қайырлы түн!

お任せします – Сізге тапсырамын.

かしこまりました – Құп болады.

どう致しまして – Оқасы жоқ.

Ақырында, кейбір жағдайда, тіпті сөйлем аударма бірлігі ретінде қызмет атқара алмай, толық мәтіннің өзі, яғни белгілі бір

тілдік бөлікке біріккен жеке сөйлемдердің тобы аударма бірлігіне айналады. Мұндай құбылыс прозада, әрине, өте сирек кездеседі. Бұл тәсіл негізінен поэзия аудармасында қолданысқа ие болады.

ТТ мәтіні мен АТ мәтіні арасында жеке сөздер деңгейінде де, сөз тіркестер деңгейінде де, тіпті сөйлем деңгейінде де сәйкестік орнай алмайды. Мұндағы аударма бірлігі толық мәтіннің өзі болып табылады. Мәтіннің құрамдас бөліктерінің арасындағы сәйкессіздікке қарамастан, ТТ өлеңі АТ аудармасына эквивалентті, яғни мағыналас, себебі қос өлең де бірдей көркем мағлұмат береді.

Аударма бірлігі ретінде кез келген тілдік деңгейдің фонемадан бастап мәтінге дейінгі бірлігі қызмет атқара алады. Бұл жерде ескеретін жайт, аударылатын мәтінде аударма бірлігі әркелкі келеді: бірде сөз деңгейіндегі аударма орын алса, бірде сөз тіркесі деңгейінде, сөйлем деңгейіндегі аударма орын алады. Аудармадағы ең қиын мәселелердің бірі – әрбір жеке жағдайда тілдік иерархияның кез келген деңгейінде орын алатын дұрыс аударма бірлігін табу.

Аударма бірлігі мәселесі, менің ойымша, аударма теориясында ертеден бері талқыланып келген «эквиваленттік», «адекваттік», «сөзбе-сөз» және «еркін» аударма сияқты мәселелермен тікелей байланысты. Әрине, аударма эквиваленттігі, буквализм және еркін аударма мәселелері толығымен қандай да бір белгілі тілдік деңгейде аударма бірлігін дұрыс таңдау шартына тәуелді емес, алайда аударманың нақты сипаттамасын жасауда тілдік иерархияның керекті деңгейінде әрбір нақты жағдайда осы бірліктердің дұрыс таңдалуы маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда сипатталған аударма бірліктері мәселесі жайында келесідей қорытындыға келеміз:

а) АТ нормаларын қолдана отырып, мазмұнды толығымен және өзгермеген калпында аудару үшін белгілі бір деңгейде қолданылған аударма бірлігі аударманың эквивалентті болуына әсер етеді. Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығы түрлі тілдік деңгейлерде болып, бұл мысалдар эквивалентті аударманың жарқын мысалдары болып табылады. Себебі аударма тілінің барлық грамматикалық, лексикалық, стилистикалық және прагматикалық нормалары сақтала отырып, түпнұсқа мәтінінде баяндалған ақпараттың толық мазмұнын аударуға қажетті деңгейдегі аударма бірлігі қолданылды;

ә) егер АТ нормаларын сақтай отырып, түпнұсқа мәтінінің толық мазмұнын аударуға қажетті деңгейден төмен деңгейде бол-

са, мұндай аударма «сөзбе-сөз» аударма болады. Мәселен, егер *よろしくお伝えください* – «Өтінемін, деп айтыңыз» деп аударса, *сөзбе-сөз* аударма болады. Ал шын мәнінде оның эквивалентті аудармасы «Сәлем айтыңыз» болып табылады. Сол сияқты *お先に失礼します* – «сізден бұрын кеткеніме кешірім өтінем» деп аударма *сөзбе-сөз* аударма болады, ал нақты эквивалентті аудармасы – «Сау болыңыз». Тағы басқа мысалдар келтірсек: *気になる* – *сөзбе-сөз* аударма «көңіліне тию», эквивалентті аударма «уайымдау», *気持ちいい* – *сөзбе-сөз* аударма «көңілге жақсы», эквивалентті аударма «жағымды, жақсы».

Менің ойымша, аудармашы *сөзбе-сөз* аудармадан аулақ болуы қажет. Өйткені мұндай аударма кезінде түпнұсқа мәтініндегі ақпараттың мазмұны бұрмаланады немесе аударма тілі нормалары бұзылады, ал кей кезде екі жағдай да бір кезде болады. Сол себептен, менің ойымша, *сөзбе-сөз* аударма аудармашының жіберген қатесі. Әрине, көптеген саяси немесе ресми құжаттарда аудармашыға барынша *сөзбе-сөз* аудару қажеттілігі туады, дегенмен мұндай жағдайдың өзінде аудармашы ТТ ақпараты мазмұнын толық сақтай отырып, аударма тілі нормаларын бұзбауы жөн; б) егер АТ нормаларын сақтай отырып, түпнұсқа мәтінінің толық мазмұнын аударуға қажетті деңгейден жоғары деңгейде болса, мұндай аударма «еркін» аударма деп аталады. Еркін аударма кезінде аудармашы сөздер немесе сөз тіркестер деңгейін қолданбай, мәтінде сөйлемдер деңгейінде аударып және әрбір сөйлем бөлінуге тұрмайтын бірліктер ретінде қызмет атқарады.

Еркін аудармада *сөзбе-сөз* аудармаға қарағанда тілдік қатынасқа түсу артықшылықтары көбірек. Алайда еркін аударманың кемшілігі – ТТ мәтінінің мазмұны толығымен нақты түрде аударылмайды, ТТ мәтіні қажетті емес үлкен өзгерістерге ұшырап, түпнұсқа ақпараттары жоғалып кетеді. Сонымен қатар еркін аударманы қолданған аудармашылар көп жағдайда аудармашы қызметінен ауытқып түпнұсқа автордың орнына аударма авторлары болып кетеді. Ал бұл өз орайында үлкен қате болып табылады. Аудармашы әрқашан өз қызметін ұғынуы керек. Түпнұсқа авторының дүниесіне ешқандай өзгеріс енгізуге хақысы жоқ екендігін ұмытпауы тиіс.

Дегенмен еркін аударма *сөзбе-сөз* аудармаға қарағанда қолдануға болады деген тезис абсолютті емес, сонымен қатар бұл жер-

де түпнұсқаның жанрлық сипаттамасы маңызды рөл атқарады. Мәселен, егер көркем аудармада еркін аударма орынды, ал ресми, заңды және дипломатиялық құжаттарды аударуда еркін аударманы мүлдем қолданбау жөн.

Сол себептен барлық типтер мен жанрлардағы мәтіндерді аударуда аудармашы эквивалентті аудармаға ұмтылуы тиіс. Дегенмен іс жүзінде қандай да бір аударманы қатаң түрде эквивалентті немесе эквивалентті емес деп ажырату қиындыққа соғады. Сол себептен эквиваленттіктің түрлі деңгейде болуы жайында толық эквиваленттікке жоғарғы немесе төмен деңгейде жақындығы жайында сөз қозғау дұрысырақ.

Тақырып бойынша пысықтау сұрақтары:

1. Қазақ тілінен жапон тіліне аударма кезінде қандай нәрсеге көп көңіл бөлу керек?
2. Шет тілдерінен аударма жасау барысында еркін аударма мен сөзбе-сөз аударманың қайсысын қолдана аламыз?
3. Қазақ тілінен жапон тіліне аудару барысында қолданылатын сыпайылық терминдері қандай?
4. Шет тілдерінен тұрақты сөз тіркестерін аудару мәселелері қандай?
5. Морфеманың аударма бірлігі ретінде қолданылуы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Брандес М.П., Проворов В.И. Предпереводческий анализ текста. – Курск: Изд-во РОСИ, 1999. – 244 с.
2. Миньяр Р.К. – Белоручев. Теория и методы перевода. – М., 1996.
3. Миньяр Р.К. – Белоручев. Записи в устном последовательном переводе. – М., 1997.
4. Алексеева. И.С. Профессиональный тренинг переводчика. – : Изд-во СОЮЗ, 2001. – 288 с.
5. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – Москва, 1975.
6. Комисаров В.Н.. Слово о переводе. – Москва, 1973.
7. Гривнин В.С.. Основы перевода. – Москва, 1999.
8. Мишина М.А. Японский язык. Устный перевод на средних семестрах. – Москва.1995. – 190 с.
9. Сдобников В.В., О.В. Петров. Теория перевода. – Москва: Изд-во Восток-Запад, 2006. – 448 с.
10. Тараков Ә.С. Аудармашының кәсіби қызметінің негіздері. – Алматы: Казак университеті, 2011.
11. Аристов Н.Б. Основы перевода. – Москва, Изд-во лит-ры на иностр. яз., 1959.
12. Берков В.П. Слово двуязычном словаре. – Таллин: Изд-во Валгус, 1977.
13. Жуков Д.А. Мы переводчики. – Москва: Изд-во Знание, 1975.
14. Жуков Д.А. Переводчик, историк, поэт? – Москва: Изд-во Сов. Россия, 1965.
15. Крюков А.Н. Теория перевода. – Москва: Изд-во Воен. институт, 1986.
16. Латышев Л.К. Эквивалентность перевода и способы ее достижения. – Москва: Изд-во Междунар. Отношения, 1981.
17. Алексеева И.С. Профессиональный тренинг переводчика: уч. пособие. – СПб.: Союз, 2003.
18. Комиссаров В.Н. Теория перевода. – Москва: Высшая школа, 1990.
19. Әсілжанов С. Казак терминологиясы: теория және тәжірибе. – Астана, 2005.

20. Сулейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі. – А.: Ғылым, 1998.
21. Мұсабаев Ғ. Тағы да термин туралы // Қазақ әдебиеті. – 1956.
22. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М., 1981.
23. Қалиұлы Б. Қазақтың төл терминологиясы қашан жасалады? // Ана тілі. – 17 қыркүйек. – 1992.
24. Құлмұхаммед М. Термин жайында // Егемен Қазақстан. – №10. – 2006.
25. Комиссаров В.Н., Коралова А.Л. / Практикум по переводу с английского на русский. – М., 1990.
26. Ванников Ю.В., Кудряшов М.М., Марчук Ю.Н. Научно-технический перевод. – Москва: Всесоюзный Центр Переводов, 1987.
27. Смирнов И.П. Основы научно-технического перевода. С Москва: ВЦП, 1989.
28. Комиссаров В.Н. Слово о переводе. – М., 1973.
29. Миньяр-Белоручев Р.К. Как стать переводчиком. – М.: Готика, 1999.
30. «Аль-Пари» журналы, №2 басылым «Нефтяной сектор Казахстана», 1998.
31. Ерохина Л.Н., Загидуллин Р.З., Амраев Р.Ш., Байсекеева А.А. Практикум п информативному переводу. – Алматы, 2003.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1-тарау	
АУДАРМА ЖӘНЕ АУДАРМАШЫ	4
Аударма және аударма	
теориясының тарихы	4
Аудармашылар және оларға	
қойылатын талаптар	7
Аударманың нормативті аспектілері	19
2-тарау	
АУДАРМА ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ	30
Негізгі аударма түрлері мен	
лексикалық әдістері.....	30
Адекватты және эквивалентті аударма.....	52
3-тарау	
АУДАРМА БІРЛІГІН ШЕТ ТІЛДЕРІНЕН	
АНА ТІЛІМІЗГЕ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	74
Аударма бірлігі – аударма	
эквиваленттілігінің өлшем бірлігі	74
Қазақ тілінен жапон тіліне аударма	
жасау ерекшеліктері.....	79
ӘДЕБИЕТТЕР	87